

Р. Б. Тапалова, Г. Х. Найманова,  
Н. С. Темірболат, А. А. Арын

# КРИМИНАЛИСТІК ТАКТИКА

*Оқу-тәжірибелік құралы*

Алматы  
«Қазак университеті»  
2014

ӘОЖ 343.98(075.8)

КБЖ 67.52я73

К 74

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
заң факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

заң ғылымдарының докторы, профессор **Л.Ш. Берсүгурова**  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент **С.И. Султанов**

**К 75 Криминалистік тактика:** оқу-тәжірибелік құралы /  
Р.Б. Тапалова, **Г.Х. Найманова**, Н.С. Темірболат, А.А. Арын.  
– Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 114 бет.  
**ISBN 978-601-04-0618-6**

Бұл оқу-тәжірибелік құралы «Құқықтану» мамандығы бойынша №157  
Эксперименттік білім беру бағдарламасының негізінде құрастырылған.

Кітап заң факультетінің студенттеріне және магистранттарына арналған.  
Сонымен қатар сот және адвокатура, қылмысты тергеуді жүзеге асырушы  
органдардың тәжірибеде қызмет ететін қызметкерлердің біліктілігін арттыру  
бойынша білім беруде пайдалануға болады.

**ӘОЖ 343.98(075.8)**

**КБЖ 67.52я73**

ISBN 978-601-04-0618-6

© Авторлар ұжымы., 2014  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

## АЛҒЫ СӨЗ

Оқырмандарға ұсынылып отырған «Криминалистік тактика» атты оқу-тәжірибелік құралы қазіргі заманғы оқу үрдісіне енгізілген *кредиттік* технология ерекшелігін ескере отырып құрастырылған көрнекі оқу құралы болып табылады.

Оқу-тәжірибелік құралында сабақты өткізу келесі кесте бойынша ұсынылған.

1. Тақырыптың жалпы мазмұны.
2. Тақырып бойынша бақылау сұрақтарының тізімі.
3. Тақырып бойынша өзін-өзі тексеруге арналған тест жинағы.

Оқу бағдарламасына енгізілген тақырыптың жалпы мазмұны криминалистика ғылымының қазіргі заманауи жетістіктерін есепке ала отырып берілген. Оқытушылардың өз қалауы бойынша қарастырылатын тақырып сұрақтарының бір бөлімі дәріс сабақтарында, бір бөлімі зертханалық сабақтарда қарастырылады, ал қалған сұрақтар СӨЖ және СӨЖ-дің көмегімен меңгеріледі.

Сабақтың мақсаты және міндеттері көрсетілген бөлімде зертханалық сабақты жүргізу бағыты берілген.

Криминалистік тактика сабақтарында тексеру, тінту, жауап алу, тану үшін көрсету, тергеу эксперименті сияқты тергеу әрекеттерін әртүрлі ситуацияда ойын түрінде жүргізіп, процессуалды, тактикалық ережелерді үйренумен қатар тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы барысымен танысады.

Әр тақырып бойынша бақылау сұрақтары мен өзін-өзі тексеруге арналған тест жинағы, студенттің сабаққа қаншалықты дайындалып келгенін тексеруге мүмкіндік береді және оларды үй жұмысы ретінде немесе аралық бақылау өткізуде қолдануға болады.

Аудиториялық сабақ барысында есеп шығару мен фабулаларды талқылау, студенттердің аналитикалық ойлау дағдысын қалыптастыруда нәтижелі болып табылады. Оқытушы студенттерге тақырыптың мазмұнын теориялық жағынан меңгеруге және тәжірибе жүзінде тергеу құжаттарын құрастыруға көмектесетін әртүрлі мұрағат мәліметтері мен арнайы материалдарды қолдануға міндетті.

Ұсынылған СОӨЖ тақырыптарын оқытушы дәріс, зертханалық сабақтардың мазмұнына қарай өз қалауынша өзгерте алады. Тақырыптарды қосып немесе арасынан біреуін тандап орындау тапсырмасы берілуі мүмкін. СОӨЖ міндетті түрде жазбаша нысанда орындалып, балл қою арқылы бағаланады. Зертханалық және СОӨЖ сабақтарының тапсырмаларын орындауға қойылатын бағаның жүйесі оқытушымен анықталады. Ұсынылатын кесте: 50% – 100 балл зертханалық сабақтарға, 50% – 100 балл СОӨЖ тапсырмаларын орындауға.

## 1-тақырып

---

### **КРИМИНАЛИСТІК ТАКТИКАНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Дәріс, тәжірибелік және СОӨЖ (СӨЖ) сабақтарының негізгі мазмұны**

Криминалистік тактиканың түсінігі, оның құрылымы және мазмұны. Тактиканың криминалистік техника және қылмыстың жеке-леген түрлерінің тергеу әдістемесімен өзара байланысы. Криминалистік тактиканың даму қайнар көздері.

Криминалистік тактиканың негізгі ұғымдары: тактикалық тәсілдер, тактикалық комбинация, операция, шешім, жедел-тергеу комбинациясы, тергеу ситуациясы.

Тергеу әрекеттерінің тактикасы. Тергеу әрекеттерінің кезеңдері: дайындық, жұмыс жасау, қорытынды кезең. Алғашқы іздестіру, вербальды және кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерінің түсінігі.

#### **Ұсынылатын СОӨЖ тақырыптары:**

1. Криминалистік тактиканың түсінігі, оның құрылымы және мазмұны – реферат.
2. Тактиканың криминалистік техника және қылмыстың жеке-леген түрлерін тергеу әдістемесімен өзара байланысы – реферат.
3. Криминалистік тактиканың негізгі категориялары – реферат.
4. Тергеу әрекеттерінің тактикасы (жалпы ережелері) – реферат.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 13 желтоқсан 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). – Алматы: Юрист, 2014.

2. Белкин Р.С. Курс криминалистики в 3 т. – М., 1997.
3. Васильев А.М. Тактика отдельных следственных действий. – М., «Юрид.лит.», 1981.
4. Жәкішев Е.Ф., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темирболат Н.С. Криминалистика.- Алматы.- КазҰУ, 2005.
5. Криминалистика. Под ред. Герасимова И.Ф., Драпкина Л.Я. – М., 1994.
6. Криминалистика. Под ред. Яблокова Н.П. – М., Бек, 1990, 1995, 1996, 2005.
7. Криминалистика. Под ред. Пантелеева И.Ф., Селиванова Н.А. – М., 1988.
8. Криминалистика. Под ред. Крылова И.Ф. – Ленинград, 1976.
9. Криминалистика. Под ред. Филиппова А.Г., Волынского А.Ф. – М., Спарк, 1999.
10. Образцов В.А. Криминалистика. – М.: Юристъ, 2001.
11. Порубов Н.И. Курс криминалистики. – Минск, 2000.

### **Студенттің өзін-өзі бақылауға арналған тест сұрақтары:**

#### *1. Криминалистік тактиканың мәні:*

- 1) материалды іздерді табу, алу, бекіту жөніндегі ғылыми ережелер жүйесі;
- 2) қылмыстарды ашуда тергеуші мен жедел іздестіру органдарының өзара әрекеті туралы ғылыми ережелер жүйесі;
- 3) тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі тергеушінің ұтымды жүріс-тұрысын анықтау жөніндегі ғылыми ережелер жүйесі;
- 4) қылмыстарды ашу жөніндегі шаралар туралы ғылыми ережелер жүйесі;
- 5) көрсетілгендердің ешқайсысы сұраққа жауап бермейді;

#### *2. Тергеу (криминалистік) тактикасы:*

- 1) қылмысты тергеуді толық және объективті түрде жүргізуді толық қамтамасыз ететін бөлім;
- 2) тергеу әрекетін жүргізудің тактикасын оқып үйрететін криминалистика бөлімі;
- 3) қылмысты тергеу әдістемесі бөлімі;
- 4) ғылыми техникалық құралдарды қолданып, қылмысты тергеудің әдістері және құралдары;
- 5) тергеу әрекеттерін жүргізген кезде дыбыс және бейнетаспа-ларды қолданудың әдіс-тәсілдері.

3. *Криминалистік тактиканың құқықтық негізі:*

- 1) криминалистика
- 2) қылмыстық-атқару құқығы
- 3) қылмыстық іс жүргізу құқығы
- 4) қылмыстық құқық
- 5) соттық дәлелдеу теориясы

4. *Криминалистік тактиканың құрамына жатпайды:*

- 1) тергеу қарауының тактикасы
- 2) алу тактикасы
- 3) сараптама тағайындау тактикасы
- 4) айғақтарды оқиға болған жерде қарау, тексеру мен нақтылау тактикасы
- 5) қылмыстың криминалистік сипаттамасы

5. *Криминалистік тактиканың құрамына жатады:*

- 1) криминалистік идентификация
- 2) криминалистік диагностика
- 3) криминалистік габитология
- 4) жауап алу тактикасы
- 5) ешқайсысы сәйкес емес

6. *Криминалистік тактиканың құрамына жатады:*

- 1) криминалистік фотосурет
- 2) құжаттарды техникалық зерттеу
- 3) криминалистік иістану
- 4) суық қаруды зерттеу
- 5) ешқайсысы сәйкес емес

7. *Криминалистік тактиканың құрамына жатады:*

- 1) ізтану
- 2) криминалистік есепке алу
- 3) криминалистік габитология
- 4) криминалистік қолжазбатану
- 5) ешқайсысы сәйкес емес

8. *Криминалистік тактиканың құрамына жатпайды:*

- 1) криминалистік идентификация және диагностика

- 2) жауап алу тактикасы
- 3) тінтудің тактикасы
- 4) тергеу экспериментінің тактикасы
- 5) оқиға болған жерді қарау тактикасы

9. *Криминалистік тактика ұғымына жатпайды:*

- 1) тактикалық тәсіл
- 2) тактикалық ұсыныс
- 3) тактикалық операция
- 4) тергеу ситуациясы
- 5) тергеу кезеңдері

10. *Криминалистік тактика ұғымына жатпайды:*

- 1) құрал-жабдықтар
- 2) тактикалық тәсіл
- 3) тактикалық ұсыныс
- 4) тактикалық операция
- 5) тергеу ситуациясы

11. *Криминалистік тактика ұғымына жатады:*

- 1) криминалистік идентификация
- 2) криминалистік диагностика
- 3) тактикалық тәсіл
- 4) объектілердің жалпы және жеке белгілері
- 5) тергеу кезеңдері

12. *Криминалистік тактиканың мазмұнына жатпайтын ғылыми санаттарды белгілеңіз:*

- 1) тактикалық комбинация
- 2) тактикалық шешім
- 3) психологиялық айла-тәсілдер
- 4) криминалистік сипаттама
- 5) тергеудің әдіс-тәсілдері

13. *Тактикалық тәсіл бұл –*

- 1) тергеуді ұтымды ұйымдастыру
- 2) қылмыстық заң нормалары
- 3) қылмыстық іс жүргізу нормалары



4) тергеу әрекетін жүргізу кезіндегі тергеушінің ұтымды әрекеті

5) этиканың, моральдың нормасы

14. *Тактикалық тәсілдер бағытталады:*

- 1) сарапшыға
- 2) учаскелік полицияға
- 3) тергеушіге
- 4) прокурорға
- 5) сотқа

15. *Тергеу әрекетін құрайтын негізгі санат:*

- 1) тергеу жағдайы
- 2) тактикалық комбинация
- 3) тактикалық шешім
- 4) тактикалық тәсіл
- 5) психологиялық әсер ету әдісі

16. *Тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру шараларын белгілі кезекпен өткізу тәсілін криминалистикада атайды:*

- 1) тактикалық комбинация (операция)
- 2) жалпы криминалистік ұсыныс
- 3) арнайы криминалистік әдістеме
- 4) криминалистік әрекет
- 5) тактикалық шешім

17. *Тергеушінің ақыл-парасаттылық және ерікті актісінің мазмұнын көрсетеді:*

- 1) тергеу ситуациясы
- 2) тактикалық операция
- 3) тактикалық комбинация
- 4) тактикалық шешім
- 5) тактикалық ұсыныс

18. *Тактикалық әдістерді қолдануда қажетті шарт:*

- 1) үнемділік
- 2) заңға сай келушілік
- 3) жеделділік

- 4) жіберілетіндік
- 5) көрнекілік

*19. Тактикалық ұсыныстар:*

- 1) тергеу әрекеттерінің кезектілігін таңдау
- 2) сот сараптамасын тағайындау
- 3) тергеу болжауларын құру және жоспарлау қажеттілігі
- 4) тергеу әрекеттерін жүргізу тәсілдерін және құрал-жабдықтарын таңдап алу
- 5) психологиялық жағдайын анықтау және шартты үлгілерді алу

*20. Тергеу мақсатын шешу үшін тергеу әрекеттері мен тактикалық әдістердің үйлестірілуі қандай санат қатарына жатады?*

- 1) тергеу жағдайы
- 2) тактикалық шешім
- 3) тактикалық комбинация
- 4) тактикалық ұсыныс
- 5) психологиялық айла-әдістер

*21. Тактикалық әдістерді (тәсілдерді) қолдануға байланысты ғылыми негізделген кеңес:*

- 1) тергеу жағдайы
- 2) тактикалық ұсыныс
- 3) тактикалық шешім
- 4) тактикалық комбинация
- 5) криминалистік сипаттама

*22. Тергеу әрекетінің тактика шарттарын анықтайтын жағдайлардың жиынтығы – бұл:*

- 1) тергеу ситуациясы
- 2) тактикалық операция
- 3) криминалистік сипаттама
- 4) тактикалық шешім
- 5) тактикалық комбинация

## 2-тақырып

---

### ТЕРГЕУ-ҚАРАУЫНЫҢ ТАКТИКАСЫ

#### **Дәріс, тәжірибелік және СОӨЖ (СӨЖ) сабақтарының негізгі мазмұны**

Тергеу-қарауының түсінігі, мәні, түрлері және міндеттері. Оқиға болған жерді қарау-тергеу-қарауының анағұрлым күрделі түрі. Оқиға болған жерді қарау-тергеудің бастапқы кезеңінде (кідіртпей) жүргізілетін тергеу әрекеті. Қарауға дайындық. Оқиға болған жерге шықпай тұрып жүргізілетін тергеу әрекеті және келісіммен жүргізілетін дайындық шаралары.

Арнайы білімі бар мамандарды қарауға қатыстыру. Оқиға болған жерді қараудың тактикалық әдістері мен кезеңдері. Оқиға болған жерді шолып қарау. Қараудың бағытын белгілеу және кезектілігін анықтау. Жекеленген заттарды, іздерді мұқият, қарау. Қараудың шекарасын анықтаған кездегі болжамның рөлі. Негативті жағдайлар және олардың маңызы. Инсценировканы танып білу. Қарауға қатысқан адамдардың арасындағы қарым-қатынастар-олардың тиімділігін анықтайтын фактор ретінде. Қарау нәтижелерін бекіту. Оқиға болған жерді қарау жөнінде хаттама жазу, фотосуретке, бейнежазбаға түсіру жоспарын жасап, схемасын сызу.

Қуәландыру- тергеу қарауының ерекше түрі ретінде: түсінігі, міндеттері және тактикасы. Қуәландыру нәтижелерін бекіту және оларды бағалау.

Заттай дәлелдемелерді қарау. Оның міндеттері, тактикасы. Құжаттарды қараудың ерекшеліктері, маңызы. Қарау нәтижелерін бекіту және оларды бағалау.

### **Тәжірибелік сабақтың мақсаты:**

- 1) Тақырыпқа байланысты теориялық негіздер туралы сұрау;
- 2) криминалистік полигондағы макеттер, плакаттар, стендтер арқылы талдау жұмыстар жүргізу;
- 3) қажет ғылыми-техникалық құралдармен танысу;
- 4) тергеу ситуациясын талдап, оқиға болған жерді қарауға дайындық жұмыстарын жүргізуді үйрету;
- 5) адам өлтіру қылмысын тергеуге байланысты полигонға инсценировканы жасап жедел-тергеу тобын құрып, оқиға болған жерді қарау әрекетін үйрету;
- 6) қарау нәтижелерін талдау, кемшіліктердің болу себептеріне негіз болған жағдайларды анықтау және көрсету;
- 7) оқиға болған жерді қараудың нәтижелері бойынша жасалған хаттамаларды талдау.

### **Теориялық негіздер туралы бақылау сұрақтары:**

1. Қараудың түсінігі, мәні және түрлері.
2. Оқиға болған жерді қараудың түсінігі, маңызы, процессуалдық шарттары.
3. Оқиға болған жерді қараудың кезеңдері және оны жүргізудің амалдары.
4. Оқиға болған жерді қарауға дайындық жұмыстары.
5. Оқиға болған жерді жалпы (тұрақты, статикалық) және детальды (динамикалық) қарау.
6. Оқиға болған жерді қараудың нәтижелері бойынша бекітудің тәртібі.
7. Бақылау сұрақтары және жалпы өткен тақырып бойынша қорытынды шығару.

### **Ұсынылатын СОӨЖ тақырыптары:**

1. Тергеу-қарауының түсінігі, түрлері, маңызы – реферат.
2. Оқиға болған жерді қараудың түсінігі, түрлері, маңызы – реферат.
3. Оқиға болған жерді қараудың дайындық кезеңі – реферат.
4. Оқиға болған жерді қарау кезінде қолданылатын ғылыми-техникалық құрал-жабдықтар – реферат.
5. Оқиға болған жерді қараудың жұмыс және қорытынды кезеңдері – реферат.

6. Зағтай дәлелдемелерді қарау тактикасы – реферат.
7. Куәландыру тактикасы – реферат.

### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 13 желтоқсан 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). – Алматы: Юрист, 2014.
2. Баев О.Я. Основы криминалистики. – М., 2001.
3. Белкин Р.С. Курс криминалистики в 3 т. – М., 1997.
4. Васильев А.Н. Следственная тактика. – М, 1976.
5. Веницкий Л.В. Осмотр места происшествия: организационные, процессуальные и тактические вопросы. – Караганда, 1986.
6. Веницкий Л.В. Освидетельствование на предварительном следствии. – Смоленск, 1997.
7. Гинзбург А.Я. Осмотр места происшествия. Освидетельствование. – Алматы, 1997.
8. Еркенов С.Е., Султанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. – Алматы: Данекер, 2002.
9. Жәкішев Е.Ғ., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темирболат Н.С. Криминалистика. – Алматы. – КазҰУ, 2005.
10. Криминалистическое обеспечение деятельности криминальной милиции и органов предварительного расследования. Под ред. Аверьяновой Т.В. и Белкина Р.С. – М., 1997.
11. Овчинский С.С. Осмотр места происшествия. – М., 1974.
12. Практикум по криминалистике. Под ред. Н.П. Яблокова. – М: Бек, 1995.
13. Попов В.И. Осмотр места происшествия. – Алма-Ата, 1957; М., 1959.
14. Попов А.В. Осмотр места происшествия. Выпуск 1. – Алма-Ата, 1977.

### **Есептер:**

1. 22.00 сағат шамасында белгісіз біреулер «Вольво» маркалы автомобильмен Мировая көшесінің бойымен өтіп бара жатып, сауда қатарының палатқалары жаққа екі ұрыс гранатасын лақтырып жіберді. Жарылыс нәтижесінде бес адам жарақат алды, екі адам оқиға болған жерде қайтыс болды.

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттер?*

*Қарау іс-әрекетін қалай ұйымдастыру қажет (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар). Қарауды жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Қарау қандай*

*заттар мен жағдайларды табуға бағытталуы керек? Қараудың нәтижесін қалай бекіту керек?*

2. Аудан тергеушісі әкімнен телефон арқылы мынадай хабарлама алды: «Бүгін түнде ат қораға шабуыл жасалған. Қылмыскерлер жылқышыны қыл арқанмен байлап, содан ат қораның құлпын бұзып, жүлделі жылқыны алып кеткен. Күзетші жылқыны алып кетіп бара жатқан екі қылмыскерді ұстауға тырысады, бірақ олар оған аңшы мылтығынан екі рет оқ атып, жасырынып кетеді».

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттер?*

*Қарау тергеу әрекетін қалай ұйымдастыру қажет (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар). Қарауды жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Қарау қандай заттар мен жағдайларды табуға бағытталуы тиіс? Қараудың нәтижесін қалай бекіту керек?*

3. Полиция бөлімінің кезекші тергеушісіне бүгін ертеңгісін зорлықпен өлтірілгендігінің белгілері бар ғылыми қызметкер Петровтың мәйіті табылғандығы туралы хабарлады. Петровтың мәйіті үйінің бір бөлмесінде табылған. Кезекшінің келесі баяндауы бойынша бөлмелер астан-кестен, атап айтқанда, кітап сөресі мен жазу үстелі сындырылған, ал кітаптар мен қағаздар еденде шашылып жатыр.

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттер қандай?*

*Қарау іс-әрекетін қалай ұйымдастыру қажет (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар). Қарауды жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Қарау қандай заттар мен жағдайларды табуға бағытталуы тиіс? Қараудың нәтижесін қалай бекіту керек?*

4. Тергеуші полиция қызметкерлерінің жедел-іздістіру тобы, сот медициналық сарапшы және қызметтік иті бар нұсқаушымен бірге қала саябағында, ер адамның мәйіті табылған жерге келді. Мәйіт бөлектенген аллеяның төсемінде бетімен төмен қарап жатты. Басының айналасында оқ тесіп өткен жара тәріздес жарақаты байқалады. Басының асты қанға толы. Мәйіттен алыс емес жерде ер адамның кебісі жатыр, ал жәбірленушінің аяғында – ұсақ тесікті табанды аяқ киім. Мәйітті аллеядағы жапырақтарды жинап жүрген саябақ қызметкері тапқан. Бұл оқиға болған жердегі жасдай.

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттер қандай?*

*Қарау іс-әрекетін қалай ұйымдастыру қажет (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар). Қарауды жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Қарау қандай заттар мен жағдайларды табуға бағытталуы тиіс? Қараудың нәтижесін қалай бекіту керек?*

5. 7 сәуір күні, Эске қаласының полиция қызметкерлері ВАЗ-21011, Степановқа тиесілі өртенген автокөлікті тауып алды. Көліктің артқы жүк салғышынан күйіп, бөлшектелініп, зорлау қылмысының белгілері бар, белгісіз әйелдің денесі табылды.

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттер?*

*Қарау іс-әрекетін қалай ұйымдастыру қажет (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар)? Қарауды жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Қарау қандай заттар мен жағдайларды табуға бағытталуы тиіс? Қараудың нәтижесін қалай бекіту керек?*

6. 30 тамыз 2009 жылы түнде азамат Шишмаревтың үйінде басына оқ қаруымен жараланған үй иесінің мәйіті табылды. Оқиға болған жерді қарау кезінде, мәйіттің жанындағы үстелдің үстінде арақ ішкеннен қалған бөтелке, екі стақан және толық желінбеген шұжық бөлігі табылды.

*Оқиға болған жерден қандай іздер табу қажет?*

*Табылған іздерді қалай алу керек?*

*Оқиға болған жердегі табылған іздерден қандай сараптама тағайындауға болады және ол үшін қажет материалдар қандай?*

### **Оқиға болған жерді қарау хаттамасының сызбанұсқасы**

*Кіріспе:*

1. Оқиға болған жерді қарауды жүргізу уақыты, күні, айы, жылы;

2. оқиға болған жерді қарау жүргізіліп жатқан елді мекеннің аты;

3. оқиға болған жерді қарауды жүзеге асырушы лауазымды тұлға (аты-жөні, әскери атағы, жұмыс орны, қызметі);

4. ҚР ҚДЖК-нің баптарына сәйкес заңды түрде оқиға болған жерді қарау хаттамасын рәсімдеу;

5. оқиға болған жерге тергеушінің келу уақыты, сағаты, оқиға болған жердің мекенжайы;

6. ҚР ҚДЖК-нің баптарына сәйкес заңды түрде оқиға болған жерді қарау хаттамасын рәсімдеу;

7. оқиға болған жерді қарауға қатысқан тұлғалар: куәгерлер (аты-жөні, ғылыми атағы, жұмыс орны, қызметі) полиция қызметкері; жергілікті өзін-өзі басқару қызметкері, жергілікті әкімшілік қызметкері (аты-жөні, ғылыми атағы, жұмыс орны, қызметі);

8. тұлғаларға олардың өз құқықтарын түсіндіру, полиция қызметкерлеріне хабар берген тұлға туралы мәліметтер;

9. оқиға болған жерді қарау басталған уақыты мен аяқталған уақыты, ауа райы мен жыл мезгілін көрсету.

### **Қараудың нәтижелерін көрсету:**

1) Қысқа да түсінікті түрде үй ішін немесе ғимаратты жазып көрсету;

2) оқиға болған жердің орталық нүктесі табылып, толығымен рәсімделеді. Үйдің неше терезесі, неше есігі бар екендігі тіркеліп, қай жаққа бағытталғаны көрсетіліп, есіктен қай жаққа шығатыны көрсетіліп, терезелерден нені көруге болатыны көрсетіледі. Бөлмедегі жиһаз көрсетіліп, орналасқан жерлері тіркеледі;

3) бөлменің қабырғалары, төбесінің, есіктері мен терезелерінің сынған жерлері мен ақаулары көрсетіледі;

4) мұқият түрде мәйіт қаралады (егер де мәйіт болатын болса) түрі-түсі, заттай дәлелдемелердің мінездемесі. Тік бұрышты координатты табу жүйесі арқылы заттай дәлелдемелердің орналасу орны табылады;

5) көрсетілуге міндетті: а) іске байланысты қандай заттар алынды және олар қалай жабдықталған; ә) қарау барысында қандай тергеу іс-әрекеттері жүргізілді; б) заттай дәлелдемелерді тіркеу барысында қандай іс-әрекеттер жүзеге асырылады (мәйітті суретке түсіру, іздерді өлшеу, іздердің гипстелген формасын алу, саусақ, қол іздерін пленкаға түсіру, бұзу іздерін фотоға түсіру т.б.).

6) Қолайсыз жайттарды көрсету.

### **Хаттаманың қорытындысы:**

1. Қарауға қатысушылардың пайымдауларын жазу.
2. Қарауға қатысушылардың қолдары.



## **ХАТТАМА**

### **Оқиға болған жерді қарау туралы**

12.12.2013 жыл

Алматы қаласы

Краснохромской ауданының ІІБ ТБ-нің тергеушісі, полиция капитаны Коробков ҚІЖК-тің 227-бабына сәйкес, күштеп кісі өлтіру болғанына байланысты, мәйіт табылған жер – Косогорова ауылы, Пушкин көшесі, 8-үйде куәгерлер Верников Николай Иванович және Сапожников Федор Петрович, ауданаралық арнайы маман Задачаина Ф.Ф, маман-криминалист полиция майоры Тухватуллин М.Е., учаскелік полициясы Батраков Л.С. және де Косогорова аудан әкімшілігінің басшысы Петрунинаның қатысуымен ҚІЖК-нің 221 және 222-баптарына сәйкес оқиға болған жерді қарау іс-әрекетін жүзеге асырды.

Қарау-тергеулік әрекеті 08:25-те басталып, 10:10-да аяқталды.

#### **Қарау барысында бекітілді:**

Мәйіт аңшы инспекторы Скрепин Иван Исидорович екендігі анықталды. Мәйіт өз үйінен табылды, яғни Пушкин көшесі, 8-үй. Скрепинның үйі өз кезегінде бір қабатты ағаштан жасалған. Темірден жасалған шатырмен жабылған. Үйде екі бөлме. Үйдің арғы жағында жер учаскесі. Үйдің үш терезесі бар, олар Пушкин көшесіне қараған. Скрепин мәйіті жатқан жер ас бөлме болып табылады, өлшемі 6x8 м. Ол бөлмеге күн сәулесі үш терезеден түседі, екі терезе фасад тұсынан, ал бір терезесі оңтүстік жақтан.

Бірінші алдыңғы бұрышта асхана сөресі орналасқан, оның ішінде әртүрлі ыдыстар бар. Терезелердің арасында тумбочка тұр, оның үстінде радио қабылдауыш «Звезда», сол жақ бұрышта кітап сөресі, оның үстінде кітаптар жиналған. Бөлменің ортасында мата тектес абажурда үстел орналасқан, оның үсті көк дастарханмен жабылған. Қабырғаның бойымен сегіз орындық қойылған. Мәйіттің көкірек тұсында сол жақ кеудесінің астынан үш саусақ өлшем жерде дөңгелек тесік жарақат байқалады. Стрепинның жейдесі қанға батқан. Мәйіттің астында үлкен қан жиналған.

Скрепиннің мәйітінің бас жағы үстел жаққа қарап жатыр, аяқ жағы екінші терезе жаққа қараулы, мәйіт арқасымен жатыр. Екі қолы екі жақта, аяғы дене өлшемімен бірыңғай. Мәйіт сол жақ

бетімен еденге тиіп жатыр. Мәйітте ақ жейде және қара жартылай тоқымалы шалбар, аяғында сары шұлық және қолдан жасалған аяқ киім. Шалбардың оң жақ қалтасында көк түсті бет орамал, сол жақ қалтасында тарак.

Мәйіттің көздері жартылай ашық, аузы ашылған. Бірінші деңгейдегі мәйіттің сіресуі байқалады. Мәйіттің аяғы қарап жатқан терезенің бір бөлігінің әйнегі алынған. Терезенің астыңғы жағында терезе сылағыш сылақтың қалдықтары табылды. Терезенің шеткі жағында саусақ қол іздері байқалады.

Қарауға қатысушылардан арыз түскен жоқ.

Мәйіт көмекші Петров Н.Н. алып жүруімен аудандық емханаға сараптамаға жіберілді.

ІІБ ТБ-нің тергеушісі  
полиция капитаны:

Коробков Р.А

Куәгерлер:

1. Верников Н.И.  
2. Сапожников Ф.П.

Маман:

Задачаина Ф.Ф.

Маман-криминалист,  
полиция майоры:

Тухватуллин М.Е.

Учаскелік полиция:

Батраков Л.С.

### **ХАТТАМА** **оқиға болған жерге қарау жүргізу туралы**

Қызылорда қаласы

9 маусым 2012 жыл

Қызылорда ІІД тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция капитаны Жағыпаров А.Н, 09 сағат 55 минутта Қызылорда қалалық Ішкі істер бөлімінің жауапты кезекшісінің қағаз картон зауытының қарауылы өлтіріліп, кассасы тоналғаны туралы хабарламасына байланысты оқиға болған жерге келіп, куәгерлер: Байманова Ләззат Амангелдіқызы, тұрғылықты жері – Қызылорда қаласы, Байғанин көшесі, 4-үй; Сүйіншалиева Шолпан Маратқызы,

тұрғылықты жері Қызылорда қаласы, Сейфуллин көшесі, 38-үй; завод кассирі Әлиева Қымбаттың және облыстық Ішкі істер басқармасы сараптама-криминалистік бөлімінің криминалисі, полиция лейтенанты М.Садықовтың қатысуымен Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 221-222 баптарының талаптарын сақтап, қарау жүргізіп, Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 227-бабына сәйкес осы хаттаманы жасадым.

Қарау жүргізу алдында қатысушыларға қарау жүргізу барысында орындалатын барлық әрекеттерге толық қатысып, хаттамаға енгізілуге міндетті ескертпелер жасау құқығы түсіндіріліп, фотосуретке түсірілетіні және басқа қажетті техникалық құрал-жабдықтар қолданылатындығы жарияланды.

Сарапшы-криминалистік М.Садықовқа ҚР КІЖК-нің 83-бабының 3,4 тармақтарында көрсетілген міндеттері түсіндіріліп, өз міндеттерін орындаудан бас тартса немесе бұлтартса, жауаптылығы туралы ескертілді.

Қарау жүргізгенде анықталғаны: Қызылорда картон зауытының әкімшілік үйі күйдірген кірпіштен төрт бұрышты болып қаланған, үш қабатты ғимарат, ұзындығы 50 метр, ені 18 м. Әкімшілік үйінің солтүстік беті Париж коммунасы көшесінің бойында, оңтүстік беті зауыт қорасына, батыс беті жұмысшылар көшесіне қараған, ал шығыс жақ беті көршілес тұрған жылу – өндіріс орталығының қабырғасымен жапсарлас. Әкімшілік үйінің барлық беттерінде көлемдері бірдей терезелер орнатылған. Бірінші қабаттағы терезелердің темірден тор көздері бар. Әкімшілік үйіне кірер есік солтүстік бетте, ғимараттың тура орта тұсында. Зауыттың касса бөлмесі екінші қабаттың оңтүстік-батыс бұрышында. Екі терезесі бар: біріншісі – зауыт қорасына, екіншісі – жұмысшылар көшесіне қараған. Касса бөлмесіне кіретін есікке дәліз арқылы өтуге болады. Бұл дәліздің ені 3 м, бүкіл екінші қабат бойына созылған. Дәлізге төменгі қабаттан бір-бірінен 20 м қашықтықта орналасқан екі баспалдақтар арқылы көтеріледі. Касса бөлмесіне кірер есік ақ түсті темірмен қапталған, биіктігі 205 см, ені 103 см, есіктің екі құлыбы бар, олар есік ағашына ойып орналастырылған. Осы есік алдында дәлізде шалқасынан түсіп, зауыт қарауылы Бостекбаев Тобылдың мәйіті жатыр. Өліктің жатқан жерінде көлемі 70 x 80 см ұйыған қан бар. Мәйіт бас жағымен касса есігіне қарсы қабырғаға тіреліп, аяқтары жартылай бұғулі күйінде, оң жақ қолы кеуде үстінде, сол қолы

жанына қарай созылып жатыр. Киімдері кеуде тұсында қанға бөккен. Мәйіттің көздері жұмулы, аузы сәл ашылған, еріндерінде кепкен қан дақтары бар. Мәйітте ақшыл түсті қысқа жең көйлек, қара шалбар және қоңыр түсті жеңіл аяқ киім бар. Киім қалталарында ештеңе жоқ. Көйлектің кеуде тұсында, үстінен санағанда үшінші түймемен қатарлас көлемі 2,5 x 3 см дөңгелене түскен, айналасы тегіс емес жыртық бар. Осы жыртылған жермен шамалас, өліктің денесінде де 3 x 2,5 см айналасы тегіс емес жарақат байқалды. Мәйіт денесінде басқадай көзге түсіп тұрған жарақаттар байқалмады.

Мәйітпен қатар 23 см оңға қарай 16 калибрлі, жалғыз ұңғылы аңшы мылтығы жатыр. Мылтықтың ұңғысында РС 15346 сандары бар, жалғыз оқпен оқталған, ол атылмаған.

Касса бөлмесінің есігі құлыптаулы, есіктің табалдырығынан жоғары қарай 165 см, тұтқасынан 40 см солға қарай көлемі 2,5 x 3 см болатын қатарынан түскен үш тесік бар. Осы тесіктердің тұсында қабырғаға кіріп кеткен екі қорғасын құймасы алынды. Есікте басқаша зақымданған жерлер жоқ.

Касса бөлмесіне кірер есік Әлиеваның кілтімен ашылды. Касса бөлмесінің өзі кішкене екі бөліктен тұрады, бөліктер арасы жалғыз қабат кірпішпен өріліп, сыланып тасталған. Кассир отыратын бөлікке есік арқылы өтуге болады, бұл есік те екі жағынан ақ түсті темірмен қапталған. Есікте кассир отыратын ішке қарай ашылатын көлемі 26 x 30 см-лік ақша таратуға арналған көзше орналастырылған. Кассир отыратын бөліктің ауданы 3,5x3 м, биіктігі 3 м 30 см. Бұл бөлікте жұмысшылар көшесіне қараған бір терезе бар, оның көлемі 180 x 110 см. Терезе қаңқасы екі қабатты, екі жармалы, жоғары жағында 30 x 48 см болатын ашпалы көзі бар. Осы ашпалы көздің ішкі әйнегінің сыртынан саусақ таңбалары табылып, дактилоскопиялық пленкаға көшіріліп алынды. Терезе алдындағы жақтау тақтайда /подоконник/ адамның оң аяғында қалған іздің көмескі нұсқасы бар. Еденге линолеум төселген, осы линолеумда аяқ киімнен қалған екі із бар, іздердің ұзындықтары бірдей 27 см, өкшесінің ені – 10 см.

Терезе тұсында бір тумбалы үстел қойылып, оның бетінің үштен екісін алып әйнек жабылған. Әйнек бетін алюминий ұнтағымен тозандандырғанда түссіз саусақ таңбалары анықталып, дактилоскопиялық пленкаға көшіріліп алынды. Үстелге тақау

қойылған жалғыз орындық және үстелге жалғасып орналастырылған екі бөлімшелі, көлемі 60 x 80 x 150 см темір сейф бар. Сейфтің үстіңгі бөлімшесінің есікшесі ашық. Үстіңгі бөлімшенің өзі жоғарғы және төменгі қабаттардан тұрады. Кассир Әлиева сейфтің үстіңгі бөлімшесінде жұмысшыларға таратуға үлгермегендіктен, қалған 186 740 теңге ақша болуы қажет екенін мәлімдеді. Жоғарғы қабатта бос жатқан 2 дана 3 теңгелік, 6 дана 1 теңгелік, барлығы 12 теңгелік қана жатыр. Төменгі қабатында айлық тарату ведомості, жезбезекті кілт /отмычка/ және ұзындығы 21 см темір ілмек жатыр. Сейфтің астыңғы бөлімшесінің есікшесі ашылмаған, № 234 санды мөрмен бекітілгені анық көрініп тұр. Сейфтен 25 см-де еденде жатқан аумағы 1,2 см болатын қоңыр түсті түйме табылып алынды.

Кассир отыратын бөлікпен қатар орналасқан жайда ешқандай жиһаз немесе басқадай заттар жоқ. Ол бөліктің қабырғаларынан сезікті ештеңе табылмады.

Қарау жүргізу барысы, табылған іздер, айғақты заттар "Индустар" объективті «Зенит-7 М» фотоаппаратымен № 130-пленкаға түсіріліп алынды.

Оқиға болған жерді қарау 10: 30-да басталып, 11: 40-та аяқталды және ашық ауа райындағы, табиғи жарықта жүргізілді.

Оқиға болған жерден жезбезекті кілт /№1 пакет/, темір ілмек /№2 пакет/ дактопленкаға көшіріліп алынған саусақ таңбалары /№3 пакет/, түйме /№4 пакет/ алынды. Олардың сырттары мөрмен бекітіліп, куәгерлердің қолдарымен куәландарылды. Бөстекбаевтың мәйіті Қызылорда қалалық ауруханасының мүрдеханасына жөнелтілді.

Оқиға болған жердің сызбанұсқасы жасалып, осы хаттамаға тіркелді. Хаттама дауыстап оқылды, қатысушылардан арызшағымдар түскен жоқ.

Куәгерлер:	1. Байманова Л.А. 2. Сүйіншалиева Ш.М.
Кассир:	Әлиева Қ.М.
Сарапшы-криминалист:	Садықов М.К.
Тергеуші:	Жағыпаров А.Н.

## ХАТТАМА

### Мәйітті қарау туралы

Қызылорда қаласы

20 желтоқсан 2013 жыл

Қызылорда ІІБ тергеу бөлімінің аға төргеушісі Еркінбеков М.Ж. төменде көрсетілген куәгерлер: 1. Жұбаниязов Бауыржан Абайұлы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі 12-үй тұрғыны; 2. Қаракөзов Төрехан Сұлтанұлы, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 20-үй, 28-пәтер тұрғыны және арнайы маман А. Тілемісов, Қызылорда ІІБ полиция капитаны Ж.Балымбетовтердің қатысуларымен, ҚР ҚІЖК 224-бабының талаптарын басшылыққа ала отырып, қалалық аурухананың мүрдеханасында Мергенбаев Асан Мұратұлының мәйітіне қарау жүргізілді.

Азамат Мергенбаев Асан Мұратұлының мәйіті мүрдехананың жарып-қарау бөлмесіндегі операциялық үстелға қойылған.

Мәйіттің қолдары созулы, саусақтары бүгулі күйінде, екі аяғы бүгілмеген.

Мәйіттің үстінде көк түсті қысқа жең көйлегі, қоңыр түсті шалбары, аяғында қара түсті шұлығы мен көк түсті туфлиі бар. Шалбардың ішінен қара түсті матадан тігілген іш киім киген. Көйлектің алдыңғы жағында 5 түймесі бар, бәрі орнында, ілінген күйінде. Көйлектің алдыңғы омырау тұсынан ірі қызыл қоңыр түсті дақпен былғанған, құм жабысқан. Көйлектің сол жақ кеуде тұсында түймелерден 8 см, көйлектің сол жақ тігісінен 10 см аралықта көлденеңнен орналасқан өлшемі 3,5x1 см жиектері тегіс жыртық бар.

Шалбардың екі қалтасы бар, алдыңғы жағынан 3 түймемен қадалған. Қоңыр түсті матадан тігілген. Шалбардың жыртылған, сөгілген жерлері жоқ. Қарау жүргізу барысында шалбардың сол жақ қалтасынан 1000 теңгелік 1 дана, 500 теңгелік 2 дана, жалпы құны 2000 теңге ақша табылды.

Туфли көк түсті былғарыдан тігілген, биіктігі 1 см өкшесі бар, табаны қатты материалдан. Туфлидің екеуінің де тұмсық тұсында қанға ұқсас қоңыр қызыл түсті дақтар бар.

Мәйіттің киімдерін шешіп қарағанда аңықталғаны:

Мәйіт дене пішімі толық, дұрыс жетілген ер адам мәйіті. Мәйіт таңбалары арқасында және аяқ қолдарының артқы жақ тұстарында

орналасқан. Көгілдір түсті, саусақпен басып тексергенде жойылып, тез қалпына келеді. Мәйіт боршаларының қатаюы барлық тексерілген қол-аяқ бұлшық еттерінде жақсы бірқалыпты байқалады. Бет және кеуде төс-төрілері мен көзге көрінетін кілегей қабаттары көкшіл түсті.

Бас пішіні дұрыс қалыптасқан, шаштары қара түсті, ұзындықтары 8-10 см. Бас сүйектерін ұстап тексергенде сынбаған. Көздері жұмулы, көздің кілегей мөлдір қабаты таза, зақымдалмаған. Көз қарашықтары кеңейген, көлемі 0,5 см, мұрын сүйектері сынбаған, мұрын тесіктерінде бөтен зат жоқ. Аузы жұмулы, тістері зақымдалмаған. Сыртқы дыбыс есту жолдары таза. Бет, жақ сүйектері сау, сынбаған. Мойны дұрыс қалыптасқан. Мәйіттің кеудесі жалпақ, дөңгелек тәріздес. Қабырға сүйектері сынбаған, сау. Мәйіттің іші тартыңқы. Сыртқы жыныстық мүшелері дұрыс және жынысына сәйкес жетілген. Тік ішектің сыртқы тесігінің айналысында жарақат белгілері жоқ, таза. Аяқ-қолдарының сүйіктері зақымданбаған, сау.

Мәйіттің кеудесінің сол жақ 6-7 қабырғалары тұсында көлденеңнен орналасқан өлшемі 3x0,7 жарақат бар. Жарақаттардың жиектері тегіс, бұрыштары сүйірленген. Жарақатты ашып тексергенде жарақат өзегінің бағыты жоғарыдан төмен, солдан оңға қарай бағытталған, сосын кеуде тұсына өткен. Жарақат айналысында қанға ұқсас қоңыр қызыл түсті дақтар бар.

Мәйіттің оң алақанының ортасында, ортаңғы саусақ тұсында өлшемі 2 x 0,3 см жиектері тегіс, бұрыштары сүйірленген, көлденеңнен орналасқан жарақат бар. Оң алақанында және саусақтарында қанға ұқсас қоңыр қызыл түсті іздер бар.

Мәйіт денесінде жоғарыда көрсетілген жарақаттардан басқа ешқандай дене жарақаттары және басқа да белгілері байқалмады.

Қарау жүргізу барысында мәйіттің үстіндегі киімдері: көйлек, шалбар, ішкі киімі, туфлилерінен ылғалды жұмсақ әдіспен микроталшықтар сүртіліп алынды.

Мәйіт «Зенит-11» фотоаппараты «Гелиос-44м4» объективі және 64 маркалы фото пленкасын қолдану арқылы суретке түсірілді.

Қарау жүргізу 10.30-да сағат басталып, 11.50-де минутта аяқталды.

Қатысушылардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

Хаттама дауыстап оқылып берілді, дұрыс жазылған.

Куәгерлер 1. Жұбаниязов Б.Р  
2. Қаракөзов Т.С

Маман: Тілемісов А.А  
Учаскелік инспектор,  
полиция капитаны: Балымбетов Ж.С

Қызылорда ІІБ тергеу бөлімінің  
тергеушісі: Еркінбеков М.Ж.

### **ҚАУЛЫ** **қылмыстық іске айғақты заттарды тіркеу туралы**

22 қараша 2013 жыл

Алматы қаласы

Алматы қалалық ПД-нің ТБ-ның тергеушісі, полиция майоры Бектемиров Н.Ж., № 10751403130290 санды қылмыстық істі қарап шығып,

#### **АНЫҚТАДЫМ:**

22.09.2013 жылы 30.06.1992 ж.т. Ілгербаев Самат Серікұлы, қасақана адамды өлтіру мақсатында, Абай мен Наурызбай көшелерінің қиылысында орналасқан Қазақ ұлттық аграрлық университетінің жатақханасы қасында 21.12.1989 ж.т. К.Ж.Ахметов және бір топ тергеумен анықталмаған адамдардың арасында төбелес басталған, осы кезде С.С. Ілгербаев, өзінің қасақана кісі өлтіруге бағытталып, өзімен бірге алып келген пышақпен, К.Ж.Ахметовтың оң жақ санына және адамның маңызды жері – іш тұсына бір рет ұрып оқиға болған жерден бой тасалап кеткен. Алған дене жарақатының салдарынан К.Ж. Ахметов оқиға болған жерде қайтыс болған.

Аталған факты бойынша 22.09.2013 жылы ҚР ҚК-нің 96-бабы 2 бөлігі «и» тармағымен № 10751403130290 санды қылмыстық іс қозғалған.

Қазіргі уақытта аталған қылмыстық істің алдын ала тергеуі маған жүктелді.

Алдын ала тергеу барысында оқиға болған жерден бірнеше заттар айғақты зат ретінде алынған. Сонымен қатар олар бойынша бірнеше сараптамалар тағайындалған. Осы заттардың қылмыстық іс бойынша дәлелдемелік маңызы бар.



Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде қылмыстық іс бойынша алынған айғақты заттар дәлелдемелік маңызы зор екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 202, 121-бап талаптарына сәйкес;

### **ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. № 10751403130290 – санды қылмыстық іске оқиға болған жерден алынған слансы – 1 дана, Ахметовке тиесілі қара көк түсті спорттық шалбар, Ахметовке тиесілі көк түсті іш киім, Ахметовке тиесілі ашық қызыл түсті футболка, салфетка – 3 дана, бәкі – 1 дана, ас үй пышағы, 500 теңгелік купюра – 2 дана, бір дана 20 теңге және бір дана 10 теңге, 1 дана кілт, ОБЖ алынған сүртінділер, пышақты қорабы қара түсті заттарды қылмыстық іске айғақты зат ретінде тіркеуге.

2. Қаулының көшірмесін қадағалаушы прокурорға жолдауға.

3. Айғақты заттарды қылмыстық іспен бірге сотқа жолдауға.

Алматы қалалық ПД-нің  
тергеу басқармасының тергеушісі  
полиция майоры

Бектемиров Н.Ж.

### **ҚАУЛЫ қуәландыру туралы**

Қызылорда қаласы

5 ақпан 2013 жыл

Қызылорда ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі Адранов К.Н., азаматша Ержанова Манаттың арызы бойынша ҚР ҚК-нің 226-бабының 1,2-бөлімінің сәйкес қозғалған № 2267 санды қылмыстық істің құжаттарын қарап

### **ТАПТЫМ:**

2 ақпан 2013 жылы 19 сағат 30 минут шамасында Қызылорда қалалық байланыс торабының жанында белгісіз екі жігіт Ержанова Манатты «Жигули» автомашинасымен қала сыртына алып шығып, зорлауға әрекет жасаған. Ержанованың қатты қарсылық жасауынан қылмыстық ойларын ақырына дейін жеткізе алмаған белгісіз екі жігіт жәбірленушіні оқиға болған жерде қалдырып кеткен.

Ержанова өз жауабында зорлықшылардың бірінің сол жақ білегінде көлемі сіріңке қорабымен шамалас меңі бар екендігін көрсеткен.

4 ақпан 2013 жылы сезікті қатарында Зарыпов Айтжан ұсталған. Зарыпов қолында жәбірленуші Ержанованың көрсеткен бел-

гісін анықтау үшін куәландыру қажет екендігін ескеріп, ҚР ҚДЖК-нің 226-бабын басшылыққа алып,

### **ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

Сезікті Зарыпов Айтжанды куәландыруға, бұл туралы оның өзіне жариялауға.

ПБ тергеу бөлімінің аға тергеушісі: Адранов К.Н

### **ХАТТАМА** **куәландыру жүргізу туралы**

5 ақпан 2013 жыл Қызылорда қаласы

Қызылорда ПБ тергеу бөлімінің аға тергеушісі Адранов К.А., бүгін 5.02.2013 жылғы Қаулының негізінде ҚР ҚДЖК-нің 226-бабының талаптарын сақтап, куәгерлер Сәлімов Құрақ Маратұлы, тұрғылықты жері: Қызылорда қаласы «Шұғыла мөлтек ауданы» 2\4; Сағынов Орынбасар Сағынұлы, тұрғылықты жері: Қызылорда қаласы Мұратбаев көшесі 19 үй; қатысуымен анықтау мақсатында куәландыру жүргізіп, ҚР ҚДЖК-нің 227-бабына сәйкес осы хаттаманы жасадым.

Куәландыру жүргізу үшін А.Зарыповқа куәгерлердің көз алдында сол қолын білегіне дейін жалаңаштап көрсету ұсынылды.

А.Зарыпов сол қолының білегін көрсеткенде, сырт жағында көлемі 4x5 см болатын меңі бар екендігі анықталды.

Куәландыру жүргізу «16» сағат «05» минутта басталып, «16» сағат «25» минутта аяқталды.

Хаттама дұрыс жазылған, дауыстап оқылды. Қатысушылардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

Куәгерлер: 1. Сәлімов Қ.М.  
2. Сағынов О.С.,

Сезікті: Айтжанов А.Л.

ПБ тергеу бөлімінің тергеушісі: Адранов К.А

### **Студенттің өзін-өзі бақылауға арналған тест сұрақтары:**

*1. Қылмыспен байланысты материалдық объектілерді қабылдайтын тергеушінің әрекеті:*

1) жауап алу

- 2) алу
- 3) ұстау
- 4) тергеу эксперименті
- 5) оқиға болған жерді қарау

2. *Оқиға болған жерді қарауға тән емес:*

- 1) алғашқы тергеу әрекеті
- 2) кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеті
- 3) іздестіру әрекеті
- 4) жедел-іздестіру әрекеті
- 5) қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүргізілетін әрекет

3. *Көрсетілген тәсілдердің ішінен тергеу қарауының ерекшелігіне жатады:*

- 1) талдау, бекіту
- 2) қайта құрастыру
- 3) әрекетті бірнеше рет қайталау
- 4) бейнелеу
- 5) тікелей қабылдау

4. *Оқиға болған жер болып саналады:*

- 1) қылмыс іздері
- 2) қылмыс жасалған жер
- 3) қылмыс іздері жасырылған жер
- 4) жоғарыда аталғандардың барлығы дұрыс
- 5) барлығы кірмейді

5. *Оқиға болған жерді қарау барысында шешілуге жатпайтын мәселе:*

- 1) оқиға механизмін анықтау
- 2) қылмыс іздерін табу, алу
- 3) бұлтартпау шараларын таңдау
- 4) болжау құру үшін ақпарат алу
- 5) қылмыскер туралы ақпарат алу

6. *Оқиға болған жерді қарау барысында қандай жалпы міндеттер шешілуге жатпайды:*

- 1) іздерді табу, бекіту, алу
- 2) қылмыс механизмін анықтау
- 3) қылмыскерді іздестіру үшін ақпарат алу

- 4) болжау жасау үшін ақпарат алу
- 5) барлық жауаптар дұрыс

*7. Іздердің қандай түрі қылмыскердің жынысын және жасын анықтауға көмектесе алады:*

- 1) қан іздері
- 2) топырақ қабатының іздері
- 3) аяқ киім іздері
- 4) талшықтар
- 5) тіс іздері

*8. Оқиға болған жерді қарау барысында қандай мәселе шешілуге жатпайды:*

- 1) қолдың іздерін табу, бекіту, алу
- 2) оқ пен гильзаларды табу, бекіту, алу
- 3) көліктің іздерін табу, бекіту, алу
- 4) іздердің пайда болу жолын анықтау үшін эксперимент жасау
- 5) оқтың атылу бағытын анықтау

*9. Оқиға болған жерді қарау барысында қандай жалпы мәселе шешілуге жатпайды:*

- 1) атқан қылмыскердің тұрған орнын анықтау
- 2) қылмыскердің санын анықтау
- 3) көліктің моделін анықтау
- 4) бұзу құралдарының түрін анықтау
- 5) сезіктіден жауап алу

*10. Оқиға болған жерді қарау барысында қандай жалпы мәселе шешілуге жатпайды?*

- 1) қылмыскердің келу, кету жолын анықтау
- 2) адам өлтіру осы жерде немесе басқа жерде жасалған ба
- 3) қылмыстың жасалу уақыты
- 4) қандай іздер қылмыскерде қалуы мүмкін
- 5) естуге, көруге бола ма, жоқ па

*11. Оқиға болған жерді қарауды жүргізгенде іздерді табу, бекіту, алу міндеті жүктеледі:*

- 1) прокурор
- 2) учаскелік инспектор
- 3) дәрігер

- 4) криминалист маман
- 5) жедел-іздістіру қызметкері

*12. Оқиға болған жерді қарауды жүргізгенде куәгерді алып келу міндеті жүктеледі:*

- 1) тергеуші
- 2) анықтаушы
- 3) маман-криминалист
- 4) учаскелік инспектор
- 5) жедел-іздістірушілер

*13. Оқиға болған жерді қарау кезінде маманның атқаратын рөлі:*

- 1) сараптама жүргізу
- 2) хаттама толтыру
- 3) іздерді табу, бекіту және алу
- 4) жоспар және оқиға болған жердің кестесін құру
- 5) оқиға болған жерді күзету

*14. Оқиға болған жерді қарау нәтижесіне әсер ететін жағдай:*

- 1) метеорологиялық жағдайдың өзгеруі
- 2) қарауға жататын объектілердің көптігі
- 3) ғылыми – техникалық құралдардың болмауы
- 4) қарау жүргізуші топтың жетіспеушілігі
- 5) барлық жауаптар дұрыс

*15. Оқиға болған жерде мәйіттің болуына байланысты тергеуші топ құрамына міндетті түрде кіргізеді:*

- 1) криминалист – маман
- 2) қару – жарақ сарапшысы
- 3) сот – медицина маманы немесе медицина-маманы
- 4) учаскелік инспектор
- 5) прокурор

*16. Оқиға болған жерде бұзу құралы іздерін және басқа да іздерді бекітумен айналысады:*

- 1) криминалист – маман
- 2) учаскелік инспектор
- 3) тергеуші

- 4) куәгерлер
- 5) сот – медициналық сарапшы

*17. Оқиға болған жерде тергеуші оқиганы куәларды іздеп табуды қатысушылардың қайсысына тапсырады:*

- 1) криминалист – маманға
- 2) куәгерлерге
- 3) жедел – іздестірушілерге
- 4) кинологқа
- 5) прокурорға

*18. Оқиға болған жерді қарау кезінде тәртіпті сақтау қатысушылардың қайсысына тапсырылады:*

- 1) криминалист – маманға
- 2) тергеушіге
- 3) кинологқа
- 4) учаскелік инспекторға
- 5) прокурорға

*19. Тергеу әрекетін жүргізу алдында қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді:*

- 1) прокурор
- 2) тергеуші
- 3) учаскелік инспектор
- 4) жедел – іздестіру қызметкері
- 5) қорғаушы

*20. Оқиға болған жерді қарау кезінде фотосуретке түсіру тапсырылады:*

- 1) маман – дәрігерге
- 2) суретке түсірушіге
- 3) жедел-іздестіру қызметкерлеріне
- 4) тергеушіге
- 5) криминалист маманға

*21. Көрсетілген ұсыныстардың қайсысы қарау тактикасына жатады:*

- 1) әрекетті кенеттен, тосыннан жүргізу
- 2) жасырудың психологиялық себептерін ескеру
- 3) жүргізудің құпияларын сақтау

- 4) қылмыскердің жекелей басын табу
- 5) өз уақытында және кейінге қалдырмай дер кезінде жүргізу

*22. Көрсетілген ұсыныстардың қайсысы қарау тактикасына жатпайды:*

- 1) кешіктірмей жүргізу
- 2) кезегімен жүргізу
- 3) криминалистік техниканың талабын сақтау
- 4) техникалық құралдарды қолдану
- 5) жүргізудің құпияларын сақтау

*23. Оқиға болған жерді қарауға шыққанға дейінгі жүргізілмейтін әрекет:*

- 1) түскен хабарды нақтылау
- 2) оқиға болған жерді күзету шараларын қолданғанын анықтау
- 3) топтың құрамын анықтау
- 4) техникалық құралдардың қажеттілігін анықтау
- 5) фотосуретке түсіру

*24. Оқиға болған жерге келген кезде міндетті түрде анықталады:*

- 1) қажетті техникалық құрал – жабдықтардың бар болуы
- 2) аяқ іздерін бекіту қажеттілігі
- 3) суретке түсіру қажеттілігі
- 4) оқиға болған жерде өзгерістер енгізілгендігі, енгізілмегендігі
- 5) іздерді анықтау үшін объектілерді өңдеу қажеттілігі

*25. Оқиға болған жерді қарауға келгеннен кейінгі жүргізілмейтін әрекет:*

- 1) полиция қызметкерлерінің баянхатын тыңдау
- 2) хабарлаушыдан қысқаша сұрау алу
- 3) куәгерлерді қатыстыру туралы тапсырма беру
- 4) оқиға болған жерді үстіртін қарап шығу, оның шекарасын анықтау
- 5) іздерді детальды фотосуретке түсіру

*26. Қараудың дайындық кезеңіне тән әрекет:*

- 1) объектілерді зерттеу, өлшеу
- 2) детальды суретке түсіру
- 3) жәбірленушіге медициналық көмек көрсету

- 4) табылған қолдың ізін дактилоскопиялық пленкаға көшіру
- 5) гипстен іздің көшірмесін жасау

27. *Қараудың дайындық кезеңіне тән әрекет:*

- 1) гильзаны металл іздегішпен іздеу, оны бекіту
- 2) тапанша мен мәйіттің өзара қашықтығын өлшеу
- 3) қан дақтарын алу
- 4) иісті мата арқылы алу
- 5) бөтен адамдарды оқиға болған жердің шекарасынан шығару

28. *Оқиға болған жерге келгеннен кейінгі (дайындық кезеңі) тергеушінің жүргізбейтін әрекеті:*

- 1) топтың құрамын анықтау
- 2) мамандарға нұсқау беру
- 3) қатысушыларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
- 4) оқиға болған жерді үстіртін қарау
- 5) бөтен адамдарды оқиға болған жердің шекарасынан шығару

29. *Тергеушіге жалпы қарау (тұрақты, статикалық) кезеңінде рұқсат етілмейтін әрекеттер:*

- 1) объектілердің арақашықтығын өлшеу
- 2) жекелеген объектілердің мөлшерін зерттеу, өлшеу және алу
- 3) шолып суретке түсіру
- 4) хаттамаға бекіту
- 5) сызбанұсқаны сызу

30. *Қараудың жұмыс кезіндегі тұрақты (статикалық) сатысына тән әрекет:*

- 1) қан дақтарын алу
- 2) протектор ізін алу
- 3) жалпы шолып фотосуретке түсіру
- 4) көрінбейтін іздерді бекіту және алу
- 5) металдың бөлшектерін магнитпен жинау

31. *Нақтылап қарауға тән емес әрекеттер (динамикалық):*

- 1) объектілердің жекелеген іздерін табу
- 2) табылған іздердің жеке бөліктерін лупаның көмегімен зерттеу
- 3) оқиға болған жерді бағдарлап түсіру



- 4) ультракүңгірт сәулелердің қайнар көзімен объектілерді қарау
- 5) із табу үшін объектілерді өңдеу және оларды техникалық жағынан бекіту

*32. Қараудың жұмыс кезеңіндегі тұрақты (статикалық) сатысына тән емес әрекет:*

- 1) шолып түсіру
- 2) объектілердің орналасқанын белгілеу
- 3) бағдарлап түсіру
- 4) түйінді түсіру
- 5) детальды түсіру

*33. Инсценировканың болу мақсаты:*

- 1) жазатайым оқиғаның көрінісін құрастыру
- 2) басқа тұлғаның кінәлі екендігінің көрінісін құрастыру
- 3) қылмыстың ниетін бұрмалау
- 4) қылмыстың жасалған уақытын, орнын бұрмалау
- 5) көрсетілгендердің барлығы сұраққа жауап береді

*34. Қайшылықты (негативті) жағдай:*

- 1) оқиғаның механизмін анықтау
- 2) қылмыстың жасалуын анықтау
- 3) қылмыстың дайындалуын анықтау
- 4) қылмыстық инсценировканы анықтау
- 5) бәрі де дұрыс

*35. Қайшылықты (негативті) жағдай:*

- 1) қылмыскердің оқиға орнында іздерінің болмауы
- 2) жәбірленушінің оқиға орнында іздерінің болмауы
- 3) қылмыскердің және жәбірленушінің қылмыс орнында іздерінің болмауы
- 4) жағдайдың оқиғаға сәйкес келмеуі, не оқиға орнында жекелеген іздердің болуы немесе болмауы
- 5) қылмыскердің аяқ киімінің ізінің болмауы

*36. Қайшылықты (негативті) жағдайға жатпайды:*

- 1) далада табылған мәйіттің киіміндегі көмір дақтарының белгілері
- 2) хабар – ошарсыз кеткен азаматтың пәтерінде жақында жасалған жөндеу жұмыстарының іздері

- 3) мәйіттің денесінде қан іздерінің болмауы
- 4) атыс жарақаты болған кезде мәйіттің қасында қарудың болмауы
- 5) мәйіт табылған жерде аяқ киім іздерінің табылуы

*37. Куәландырудың көмегімен анықталуы мүмкін:*

- 1) адамның денесінің айрықша белгілері және олардың сипаты
- 2) ішкі ағзасының ауруы
- 3) адам киімінде қатпарланудың болуы
- 4) киімде жарақаттардың болуы
- 5) кәсіптік дағдының болуы

*38. Куәландыру қандай объектілерге бағытталған:*

- 1) мәйітке
- 2) тірі адамның денесіне
- 3) құжаттарға
- 4) киімге
- 5) қылмыс іздеріне

*39. Адам денесіндегі ерекше белгі қандай тергеу әрекетімен анықталады:*

- 1) қарау
- 2) тану
- 3) куәландыру
- 4) жауап алу
- 5) сот сараптамасы

*40. Қандай іздердің түрі қылмыскердің ептілігі (навыки) туралы куәландырады:*

- 1) аяқ киім іздері
- 2) бұзу құралының іздері
- 3) тоқтау іздері
- 4) кесілген іздер
- 5) жәбірленушінің киіміндегі жыртық іздері

### 3-тақырып

---

## ТІНТУ ЖӘНЕ АЛУ ТАКТИКАСЫ

### **Дәріс, тәжірибелік және СОӨЖ (СӨЖ) сабақтарының негізгі мазмұны**

Тінтудің және алудың түсінігі, міндеттері. Тінтудің түрлері. Тінтудің тактикалық және ұйымдастырушылық әдістері. Тінту алдында жүргізілетін дайындық жұмыстары. Тінтудің объектісі және тінтілетін адам жөнінде бағдарлау мәліметтерін жинау. Тінтуге міндетті және факультативті қатысатын адамдарды іріктеп алу. Олардың тінтілетін жерде тінту басталмас бұрын алдын ала жүргізетін әрекеті. Техникалық құралдарды дайындау. Ғылыми-техникалық құралдарды қолдану.

Тінту психологиясы. Тінтуді үйдің ішінде және сыртта жүргізудің ерекшеліктері. Жеке адамды тінту. Бірнеше объектіні бір мезгілде тінту.

Тінтудің нәтижесі мен алуды бекіту. Тінтудің хаттамасы, жоспарлар, сызбанұсқалар, фотосуреттер, заттардың тізімі.

### **Тінту тактикасы**

#### **Тәжірибелік сабақтың мақсаты:**

- 1) тақырыпқа байланысты теориялық негіздер туралы сұрау;
- 2) криминалистік полигондағы макеттер, плакаттар, стендтер арқылы талдау жұмыстарын жүргізу;
- 3) қажет ғылыми-техникалық құралдармен танысу;
- 4) тергеу ситуациясын талдап, дайындық жұмыстарын жүргізуді үйрету, полигонға инсценировка жасап жедел-тергеу тобын құрып, тінтудің әрекетін үйрету;
- 5) жүргізілген тінтудің нәтижелерін талдау, кемшіліктердің болу себептеріне негіз болған жағдайларды анықтау және көрсету;

6) жүргізілген тінтудің нәтижелері бойынша жасалған хаттамаларды талдау.

### **Теориялық негіздер туралы бақылау сұрақтары:**

1. Тінтудің түсінігі, мәні, түрлері және процессуалдық шарттары.
2. Тінтудің кезеңдері және оны жүргізудің амалдары.
3. Тінтуге дайындық жұмыстары (бағдарлау мәліметтерін жинау, тінтуге қатысатын адамдарды анықтау, техникалық құралдарды дайындау).
4. Тінту психологиясы.
5. Тінту жұмыс кезеңіндегі жалпы және детальды қарау.
6. Тінту нәтижелері бойынша бекітудің тәртібі.
7. Бақылау сұрақтары және жалпы өткен тақырып бойынша қорытынды шығару.

### **Ұсынылатын СОӨЖ тақырыптары:**

1. Тінтудің түсінігі, мәні және процессуалдық шарттары – реферат.
2. Тінту жүргізудің жалпы тактикалық ережелері – реферат.
3. Тінтудің жұмыс және қорытынды кезеңдері – реферат.
4. Жеке адамды тінту тактикасы – реферат.
5. Тінту жүргізу кезеңінде психологиялық әдістердің маңызы – реферат.
6. Топтық тінтудің тактикалық ерекшеліктері – реферат.

### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 13 желтоқсан 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). – Алматы: Юрист, 2014.
2. Еркенов С.Е., Султанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. – Алматы: Данекер, 2002.
3. Жәкішев Е.Ғ., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темирболат Н.С. Криминалистика. – Алматы. – КазҰУ, 2005.
4. Криминалистика. Учебник для вузов. Под ред. Герасимова И.Ф., Драпкина Л.Я. – М., 1994.
5. Михайлов А.И., Юрин П.С. Обыск. – М., 1971.
6. Попов А.В. Обыск. Тактические основы следственных действий. Выпуск 1. – Алма-Ата, 1977.

7. Ратинов А.Р. Обыск и выемка. – М., 1980.
8. Шейфер С.А. Следственные действия. Система и процессуальная форма. – М., 1981.
9. Юрин Г.С. Опыт сравнительного экспериментального исследования различных технических средств обнаружения тайников. – М., 1975.

### **Есептер:**

1. Кемерова қаласында тұратын Хаматдинов Уфа қаласында 1998 жылдың 12 маусымында жарылғыш құрылғыны қолдану арқылы өзінің танысы Зинатуллинаны өлтіруде күдіктенеді. Күдікті жәбірленушімен таныс болу фактісінен жалтарды және 1998 жылдың маусым айында Кемерова қаласынан ешқайда шықпағандығын айтты. Тергеуші Хаматдиновтың тұрғылықты жері бойынша тінту жүргізу туралы шешім қабылдады.

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттер? Тергеуші бірінші кезекте қандай заттарды іздеуге көңіл бөлуі тиіс? Оларды қай жерде табу ықтималдылығы жоғарырақ? Тінту іс-әрекетін қалай ұйымдастыру қажет (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар)?*

2. Кашкиннің жоғалып кетуіне байланысты ашылған істі тергеу барасында Жуковтың үйінде тінту жүргізу туралы Қаулы шығарылды, онда кісі өлтіру қылмысы жүзеге асырылды деген мәлімет бар. Жуковтың өзінің жеке үйінде екі бөлмесі: кіре беріс бөлме, ас бөлме және ваннасы бар. Үйдің ауласында тұрмыстық құрылыстар бар: қора, гараж, дәретхана.

*Жуковтың пәтерінде тінту жүргізудегі шаралар мен міндеттер? Тінту жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Тінту қандай заттар мен жағдайларды табуға бағытталуы керек? Қандай ғылыми-техникалық және техника-криминалистік құралдарды қолдану қажет?*

Жуковтың үйінде «22» сағат «00» минутқа дейін жүргізілген тінту ешбір нәтиже бермеді. Тергеуші тінтуді таңертең жалғастыру туралы шешім қабылдады.

*Тергеушінің шешімі негізді ме? Егер тінту осы немесе басқа да себептерге байланысты келесі күнге ауыстырылған жағдайда тергеуші қандай шараларды қолдану қажет?*

### **1-тапсырма.**

Төмендегіні негізге ала отырып, тінту хаттамасын толтырыңыз:

15.05.2011 жылы азамат Н.К.Власовқа Алматы қаласы Бостандық ауданының ПБ тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны А.А Байсалов 14.05.2011 жылғы Қаулының негізінде аға полиция В. мен аға полиция А.-ның қатысуымен тінту жүргізді. Куәгерлер ретінде: 1) Ф.К Ковтун – Пушкин көшесі, 9 үйдің тұрғыны; 2) С.Т Колобов – Пушкин көшесі, 5 үйдің тұрғыны қатысты. Тінту кезінде тергеуші А.А.Байсалов үйдің иесі Н.К.Власовқа іздеулі қаруды өз еркімен беруге ұсыныс жасады. Ол іздестірудегі зат үйінде жоқ деп айтқандықтан, тінту жүргізді. Тінту «18» сағат «30» минутта басталып, «22» сағат «10» минутта аяқталды. Тінту кезінде келесілер табылды:

1. 40 мың теңге (10000 теңгеден 4 дана);
2. Екі жүзді қанжар, ұзындығы 24 см., ұстайтын сабы жасыл, қызыл және ақ түстен пластикалық пластмассадан жасалған, төсектің астында тұрған қолдорба ішінде ораулы күйінде;
3. Гречка толтырған алюминиден жасалған ыдыстың түбінде «Наган» тапаншасы және үш оқ;
4. Үйіліп жатқан кір киімдердің арасынан қызыл түсті дақтарымен ер адамның жейдесі;
5. Ф.А Волосовтың шалбарының артқы қалтасын тінту кезінде, әйел адамның бет орамалы, көк түсті жіппен түйілген, қанға ұқсас қою қоңыр түсті дақ табылды.

## ***2-тапсырма.***

Азамат Сысоев К.Ж. өзінің әйелін өлтіргеніне сезікті болып танылғандықтан, тергеу органдарынан жасырынып қалды. Оны іздестіруге фотосурет қажет болып, оның жеке ісіндегі және жеке куәлік жасайтын мекемеде оның фотографиялық карточкасындағы суреттің сапасы – іздеу жұмыстары үшін жарамдылығы өте төмен болып шықты. Іздестіру органы бекіткендіктен, іздеудегі адамның суретін К.Ж.Сысоевтың өлген әйелінің туысында бірнеше сурет болуы мүмкін деген болжаммен, тергеуші бұл суреттерді алу үшін азамат Деминнің (өлген азаматшаның ағасы) үйін тінтуді шешті. Өйткені ол бірнеше жыл суретке түсіру ісімен айналысып, жасырынушы мен әйелін бірнеше рет суретке түсірген.

Тергеушінің шешкен шешімі заңды ма?

Тергеуші қандай жағдайда тергеу әрекетінің қорытындысына сурет алуға мүмкіндігі болды?

## ХАТТАМА Тінту туралы

Қызылорда қаласы

2 шілде 2013 ж.

Қызылорда ПБ тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны Асқаров Ж., ҚР ҚІЖК-230, 232, 234-баптарының талаптарына сәйкес, куәгерлер: 1. Тіккөзов Айтмұрат, тұрақты жері: Тасбөгет қыстағы, С. Баймағамбетов көшесі, 2-үйдің тұрғыны; 2. Күлекешов Болат, тұрақты жері: Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» мөлтек ауданы 2/4-үйдің тұрғыны; криминалист-сарапшы полиция капитаны Садықов Мараттың, үй иесі Ибадуллаев Оқастың, оның баласы Ибадуллаев Болатбектің қатысуымен, Қызылорда қаласы Қазбек би көшесі, 18-үй, 21-пәтерде тінту жүргіздім.

Тергеу әрекетіне қатысушыларға тергеу әрекетіне қатысуға, хаттамаға енгізілуге тиісті ескертпелер жасау туралы құқықтары мен міндеттері жөнінде, сонымен қатар куәгерлерге ҚР ҚІЖК-нің 238-бабына сәйкес тергеу әрекетінің мазмұны мен нәтижелерін куәландыру міндеті түсіндірілді.

Тіккөзов А., \_\_\_\_\_

Күлекешов Б. \_\_\_\_\_

Криминалист-маман М.Садықовқа ҚР ҚІЖК-нің 244-бабының 1-тармағына сәйкес, көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және ол өз міндеттерін орындаудан бас тартса немесе жалтарса жауапкершілігі туралы ескертілді.

Садықов М. \_\_\_\_\_

Тінту жүргізілмес бұрын О.Ибадуллаевқа 2.07.2010ж. қаулы жарияланып, оған іске қатысты қызмет құжаттары мен пара ретінде алған ақшаны өз еркімен беру ұсынылады.

Аталған заттарды О.Ибадуллаевтың өз еркімен беруден бас тартуына байланысты тінту жүргізіліп, оның қорытындысына сәйкес мыналар табылып алынды:

1. Үлкен бөлмедегі жазу үстелінің сол жақ үстіңгі суырмасының қоңыр былғары папкаға “Баспагер” шағын мекемесі мен Қызылорда балық тарату қоймасы арасында 29 маусым 2010 жылы жасалған келісімшарт;

2. Үстелдің сол жақ ортаңғы суырмасынан “Баспагер” шағын мекемесінің Қызылорда балық тарату қоймасына тарату, балық

консервісі үшін беретін заттарының тізімі көрсетілген қағаз, жартылай толтырылған банкілік төлем құжаттары – 3 дана;

3. Жатын бөлмедегі шифоньердің үлкен бөлімшесінде ілулі тұрған қоңыр түсті ерлер костюмінің сол жақ ішкі жақ қалтасынан пошталық конвертке салынған 1 дана 5 мың теңгелік, 5 дана 1 мың теңгелік, барлығы 10 мың теңге.

Басқа ештеңе табылған жоқ.

Тінту жүргізу «14» сағат «30» минутта басталып, «15» сағат «30» минутта аяқталды. Табылған заттар куәгерлер қатысуымен қатты қағаздан жасалған конвертке салынып, аузы желімделіп, ПБ мөрімен бекітілді.

Қатысушылар мен куәгерлер тарапынан ескертпе, мәлімдеме түскен жоқ.

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылған.

Куәгерлер:

1. Тіккөзов А.
2. Күлекешов Б.

Қатысушылар:

1. Ибадуллаев О.
2. Ибадуллаев Б.

Криминалист:

Садықов М.

ПБ тергеу бөлімінің тергеушісі:

Асқаров Ж.

Тінту хаттамасының көшірмесін алдым:

Ибадуллаев О.

### **ҚАУЛЫ** **зат алу туралы**

29 маусым 2005 жыл

Арал қаласы

Арал аудандық ПБ тергеушісі полиция капитаны С.Қанатбаев №210 санды қылмыстық іс құжаттарымен танысып, төмендегі жағдайларды

### **АНЫҚТАДЫМ:**

2005 жылдың 28 наурыз күні жергілікті уақытпен сағат 20.00 минут шамасында Жарылқасынов Жақып Арал қаласы, Бұхарбай



батыр көшесі, 80-үйдің тұрғыны Жетесов Сағатбектің үйіне келіп, қалтасына салып жүрген шаппа пышағымен кеуде тұсынан бір рет ұрып, қасақана өлтіріп, алтын сағатын және 100 000 теңге ақшасын алып, оқиға болған жерден қашып кеткен.

Алдын ала тергеу амалдарын жүргізу барысында айыпкер Жарылқасынов Ж. аталған алтын сағатты Арал қаласы, Жетес би көшесі, 20-үйдің тұрғыны азамат Мұхтаров Жанатқа 10 000 теңгеге сатқаны анықталды.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде іс бойынша аталған алтын сағаттың айғақты зат екенін ескеріп, Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 134-бабын басшылыққа ала отырып,

### **ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

Азамат Мұхтаров Жанаттың үйінен сезікті Жарылқасынов Жәкып сатқан алтын сағатты алуға.

Арал аудандық ІБ тергеушісі: С.Қанатбаев

Қаулы 29 маусым 2013 жылы  
жарияланды Ж. Мұхтаров

### **ХАТТАМА зат алу туралы**

29 маусым 2005 жыл Арал қаласы

Арал аудандық ІБ тергеушісі полиция капитаны С. Қанатбаев, куәгерлер: 1. Артықбаев Кеңес, тұрақты жері: Арал қаласы Төле би көшесі 10-үй; 2. Лескенов Қайрат, тұрақты жері: Арал қаласы Бейбітшілік көшесі, 60-үй және азамат Мұхтаров Жанаттың қатысуларымен Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 134, 136 және 139-баптарын басшылыққа алып, Арал қаласы Жетес би көшесі, 20-үйдің тұрғыны Ж.Мұхтаровтың үйінен Ж.Жарылқасыновтан сатып алынған алтын сағатты алдым.

Куәгерлерге Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 104-бабында қаралған тергеу әрекеттерінің мазмұны мен нәтижелерін куәландыру міндеті, жүргізілген әрекеттер жөнінде өздерінің ескертпелерін хаттамаға жазуды талап ету құқықтары түсіндірілді.

Артықбаев К. \_\_\_\_\_ Лескенов Қ. \_\_\_\_\_  
Зат алу басталмас бұрын, Ж. Мұхтаровқа зат алу туралы 29

маусым 2005 жылғы тергеушінің Қаулысы жарияланды. Осыдан соң Мұхтаровтан сезікті Жарылқасыновтан сатып алынған алтын сағатты өз еркімен беруі талап етілді. Мұхтаров аталған затты берді: "Чайка" зауытында жасалған алтын сағат, жалпы сипаты – дөңгелек тәрізді, диаметрі 22 мм, бауы алтын түстес темірден жасалған.

Куәгелерден ескертпе, мәлімдемелер түскен жоқ.

Зат алу уақыты «15» сағат «10» минутта басталып, «15» сағат «40» минутта аяқталды.

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылған.

Қатысушы  
Куәгерлер

Мұхтаров Ж.  
Артықбаев К.  
Лескенов Қ.

Арал аудандық ІБ тергеушісі,  
полиция капитаны:

Қанатбаев С.

Тінту жүргізуге «РҰҚСАТ ЕТЕМІН»  
Қызылорда қалалық прокуроры

Сыздықов Б.

25 желтоқсан 2005 жыл

### **ҚАУЛЫ** **тінту жүргізу туралы**

25 желтоқсан 2008 жыл

Қызылорда қаласы

Қызылорда қалалық ІБ ТБ тергеушісі, полиция капитаны М.Махшатов, азамат Баянқұлов Рамазан Ідірісұлының қасақана өлтірілуіне байланысты Қазақстан Республикасы ҚК-нің 8-бабының 2 бөлігімен қозғалған №31505 санды қылмыстық іс құжаттарын карап,

#### **АНЫҚТАДЫМ:**

2008 жылдың желтоқсан айының 24-нен 25-не қараған түні, жергілікті уақытпен «02» шамасында Титов қыстағы, № 31-үйдің алдында Бөлегенов Батырбек арақ ішкен мас күйінде Баянқұлов Рамазан Ідірісұлының денесіне бірнеше жерден пышақ салып қасақана өлтірген.

Сезікті Б.Бөлегенов тұратын Титов қыстағы № 31-үйдің 48-пәтерінде қылмыстық іс үшін маңызы бар айғақты заттар, қару-жарақ сақталуы мүмкіндігін ескеріп, Қазақстан Республикасы ҚДЖК-нің 134,135-баптарын басшылыққа алып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

Қылмыстық іс үшін маңызы бар қару-жарақ, басқа да айғақты заттарды іздестіріп тауып алу үшін Қызылорда қаласы, Титов қыстағы № 31-үйдің №148-пәтеріне тінту жүргізуге.

Қызылорда қалалық ІІБ ТБ  
тергеушісі, полиция капитаны

М.Махшатов

Қаулы 28 желтоқсан 2008 жылы жарияланды.

Үй иесі:

Г.Күлкеева

\_\_\_\_\_  
/қолы/

**ХАТТАМА**

**тінту жүргізу туралы**

26 желтоқсан 2008 жыл

Қызылорда қаласы

Қызылорда қалалық ІІБ тергеушісі, полиция капитаны М.Махшатов, куәгерлер: 1. Дүйсенбаева Гүлжан Қыдырқызы, тұрақты жері – Титов қыстағы, №31-үйдің 29-пәтері; 2.Айдәулетова Базар Болатбекқызы, тұрақты жері – Қызылорда қаласы, А.Тоқмағамбетов көшесі 2-үй, 3-пәтер; Қызылорда қалалық Ішкі істер бөлімі криминалдық полиция бөлімінің жедел өкілі полиция капитаны Алдамзаров Мұраттың, Қызылорда облыстық Ішкі істер басқармасы криминалист-сарапшылар бөлімінің сарапшысы Рүстемов Нұржанның және үй иесі Күлкеева Гүлжаханның қатысуымен Қазақстан Республикасы ҚДЖК-нің 137,139-баптарын қолдана отырып, Қызылорда қаласы, Титов қыстағы № 81-үйдің № 48-пәтерінде тінту жүргіздім.

Қазақстан Республикасы ҚДЖК-нің 104-бабына сәйкес, куәгерлерге олардың тергеу әрекетіне қатысудағы міндеттері мен құқықтары түсіндірілді.

Куәгерлер:

Г.К.Дүйсенбаева  
Б.Б. Айдәулетова

Сарапшы-криминалист Рүстемов Нұрланған ҚР ҚІЖК-нің 83-бабының 3,4-тармақтарына сәйкес, құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және ол өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін жауапты болатындығы туралы ескертілді.

Сарапшы-криминалист: Н.Рүстемов

Бұдан кейін үй иесі Күлкеева Гүлжаханға 25 желтоқсан 2008 жылғы тінту жүргізу туралы Қаулы жарияланып, егер үйде сақтаулы қару-жарақ, қылмыс құралы болатындай заттар болса, өз еркімен тапсыру, егер ерікті түрде берілмесе, тінту жүргізу барысында алатындығы түсіндірілді.

Үй иесі – сезікті Бөлегенов Батырбектің әйелі Г.Күлкеева жатын бөлмеде тұрған ағаш қораптың ішінен құндағы кесілген екі ұңғылы шолақ мылтықты және қанжар пышағын өз еркімен әкеліп тапсырды.

Шолақ мылтықтың калибрі 16, завод саны ХЭ № 77890П, жалпы ұзындығы 39 см, қолға ұстап жүруге бейімделіп жасалған тері бауы бар. Қанжар пышақтың жалпы ұзындығы 30 см, сабының ұзындығы 10 см, жүзінің ұзындығы 20 см, қанжардың жүзінде қанға ұқсаған қызыл-қоңыр дақтар бар.

Тінту жүргізу барысында үйден басқа айғақты заттар табылмады.

Хаттамада көрсетілген шолақ мылтық пен қанжар айғақты заттар есебінде алынды. Қанжар пышақ қағазға оралып, пакеттеліп, оның сырты жіппен байланып, жіптің екі ұшы "Қызылорда қалалық прокуратурасының қорапшасына арналған" мөрі басылған қағазбен желімделінді, куәгерлердің қолдары қойылды.

Тінту жүргізу барысында алынған шолақ мылтық пен қанжар пышақты сарапшы-криминалист Н.Рүстемов "Зенит" маркалы фотоаппараты арқылы 64 фотопенкасын қолданып, суретке түсірді.

Тінту жүргізу «10» сағат «25» минутта басталып, «14» сағат «00» минутта аяқталды.

Тінту жүргізу барысында айғақтар мен қатысушылар тарапынан ескертпе, мәлімдемелер түскен жоқ.

Хаттама оқылып берілді, дұрыс жазылған.

Куәгерлер:

Г.К.Дүйсенбаева

Б.Б. Айдәулетова

Қатысушы:

М. Алдамжаров

Маман: Н.Рүстемов  
Үй иесі: Г. Күлкеева  
Қызылорда қалалық ІБ  
тергеушісі: М.Махшатов  
Тінту хаттамасының көшірмесін 26 желтоқсан 2008 жылы  
алдым \_\_\_\_\_ Г.Күлкеева  
/қолы/

"Толбаева Күлайдан почта-телеграф  
хат-хабарларына тоқтам салуға рұқсат етемін"

Қызылорда облыстық прокурордың  
орынбасары, заң кеңесшісі: Карбузов К.

5 шілде 2008 жыл

**ҚАУЛЫ**  
**почта-телеграф хат-хабарларына**  
**тоқтам салу және оларды алу туралы**

Қызылорда қаласы 5 шілде 2008 жыл

Қызылорда облыстық ІБ ТБ тергеушісі Асқаров Ж., №2450  
санды қылмыстық істің құжаттарын қарап,

**ТАПТЫМ:**

Қолбаев Айбек 3 шілде 1992 жылы сағат 17-лер кезінде Қызылорда қаласы, Мәметова көшесі, №78-үйде Садаматов Сұлтанбекпен бірге спирттік ішімдіктер ішіп отырып, бұзақылықтың салдарынан соңғының кеудесінен бірнеше рет пышақпен ұрып, қасақана өлтіріп, оқиға болған жерден қашып кеткен.

Қолбаевтың қазіргі тұрағы жөнінде жұбайы Қолбаева Күлайға хабарлау мүмкіндігін ескеріп, ҚР ҚДЖК-нің 141-бабын басшылыққа алып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. Қызылорда қаласы Мәметова көшесі, 66-үйде тұрушы Қолбаева Күлайдың атына байланыс бөлімшелеріне келген почта, телеграф хат-хабарларына тоқтам салуға және хат-хабарлар түскен жағдайда оларға қарау жүргізіп, қажет болса алуға.

2. Қаулының көшірмесін орындау үшін Қызылорда байланыс торабының бастығына жолдауға.

ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны

Асқаров Ж.

Қаулының көшірмесін 6 шілде 2008 жылы алдым.

Қызылорда қалалық байланыс

торабының бастығы

Қожантаев О.

### **Студенттің өзін-өзі бақылауға арналған тест сұрақтары:**

*1. Заттарды іздеп табу және алу мақсатында мәжбүрленіске керекті дәлелдемелерді алу әрекеті:*

- 1) тергеу қарауы
- 2) тінту
- 3) зат алу
- 4) ұстау
- 5) дәлелдемелерді оқиға болған жерді қарау арқылы алу

*2. Тінтудің тергеу қарауынан айырмашылығы:*

- 1) жүргізу мақсаттарымен
- 2) мамандардың қатысуымен
- 3) алынған іздердің бекіту тәсілімен
- 4) іздерді табу тәсілдерімен
- 5) бейнетаспаға түсіруді қолдану мүмкіндігімен

*3. Тінту әрекетіне тән емес:*

- 1) іздестіру әрекеті
- 2) кейінге қалдырылмайтын әрекет
- 3) ауыстыруға болмайтын әрекет
- 4) ауызша жүргізілетін әрекет
- 5) мәжбүрлі түрде жүргізілетін тергеу әрекеті

*4. Тінту мақсатына жатпайды:*

- 1) жасырынып жүрген қылмыскерді табу
- 2) мәйіттің бөлшектерін табу
- 3) азаматтық айналымнан алынған заттарды табу
- 4) қылмыс қаруын табу
- 5) белгілі бір құбылысты қабылдау

5. *Тінту мақсаты:*

- 1) белгілі бір құбылыстарды қабылдау
- 2) тыйым салу үшін бағалы заттар бар ма
- 3) белгілі бір әрекеттерді жасауға бола ма
- 4) оқиға болған жерді сезікті біле ме
- 5) бұрын тергеуге белгісіз куәларды анықтау

6. *Тінту мақсатына жатпайды:*

- 1) ұрланған заттарды табу
- 2) сезіктінің аяқ киімін табу
- 3) қылмыспен байланысты құжаттарды табу
- 4) қылмыспен байланысты құралдарды табу
- 5) сезіктінің кәсіби дағдыларын анықтау

7. *Қандай мәселені шешуде тінту жүргізілмейді:*

- 1) қылмыс іздерін табуда
- 2) қылмыскерді табу мен ұстауда
- 3) ұрланған заттарды табуда
- 4) азаматтық айналымнан алынған заттарды табуда
- 5) объектілерді теңдестіруде

8. *Тінту жүргізілмейді:*

- 1) үй – жайда
- 2) ешкімнің иелігіне жатпайтын ашық жерлерде
- 3) көлік құралдарында
- 4) саяжай учаскелерінде
- 5) үй жанындағы учаскелерде

9. *Тінту жүргізілмейді:*

- 1) сезіктінің пәтерінде
- 2) сезіктінің туыстарының пәтерінде
- 3) саяжайда
- 4) жергілікті ашық учаскелерде
- 5) сезіктінің гаражында

10. *Тінту жүргізілуге тиіс адам қамауға алынған болса, оның орнына кім қатысады?*

- 1) тінту жүргізілуге тиіс адамның көршісі

- 2) тінту жүргізілуге тиіс адамның таныстары
- 3) тінту жүргізілуге тиіс адамның туыстары
- 4) тінту жүргізілуге тиіс адамның қабілетсіз жұбайы
- 5) тінту жүргізілуге тиіс адамның кәмелет жасқа толған балалары

*11. Тінту жүргізу үшін төмендегі бағдарламалық мәліметтердің қайсысы жиналмайды:*

- 1) тінтілетін объектілер туралы
- 2) тінту жүргізілетін орын туралы
- 3) тінту жүргізуге тиіс адамдардың саны, олардың өмір сүру деңгейі
- 4) адамдардың әлеуметтік – психологиялық сипаты
- 5) сезіктінің жауаптылығы

*12. Тінтудің дайындық кезеңіне тән емес әрекет:*

- 1) бағдарламалық мәліметтерді жинау
- 2) топтың құрамын анықтау
- 3) техникалық құралдарды дайындау
- 4) тінтілетін адамға заттай дәлелдемелерді өз еркімен ұсыну
- 5) тінтудің хаттамасын толтыру

*13. Тінтудің дайындық кезеңіне тән емес әрекет:*

- 1) ізделінетін объектілер туралы мәліметтер жинау
- 2) тінту жүргізілетін орын туралы мәліметтер жинау
- 3) жеке адамға тінту жүргізу
- 4) тінту жүргізудің жоспарын құру
- 5) тінтілуге тиіс мекенжайға қалай кіруді ойластыру (кәсіп-орын)

*14. Тінту жүргізу үшін қандай дайындық жұмыстары жүргізіледі:*

- 1) тінтудің хаттамасын толтыру
- 2) табылған заттарды суретке түсіру
- 3) құпия орынды іздеу
- 4) психологиялық әдістерді қолдану
- 5) мамандармен кеңесу



*15. Тінту жүргізуге қатыспайды:*

- 1) куәгер
- 2) дәнекерлеуші
- 3) маман – криминалист
- 4) тергеуші
- 5) жедел – іздестіру қызметкері

*16. Тінтудің жұмыс кезеңі басталады:*

- 1) куәларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
- 2) азаматтарды жеке тінту
- 3) күзет қою
- 4) топтың мүшелерімен жоспарды талқылау
- 5) сарапшымен кеңесу

*17. Тінту барысында дұрыс бағыт алуға көмектесетін тактикалық ұсыныс:*

- 1) психологиялық жайларды ескеру
- 2) техникалық құралдарды қолдану
- 3) сұрақтар қою
- 4) қайталап жүргізу
- 5) бірнеше рет жүргізу

*18. Тінту кезінде тінту ұсыныстарына жатпайтын әрекет:*

- 1) әрекетті кенеттен, тосыннан жүргізу
- 2) психологиялық жайларды ескеру
- 3) ізделінетін объектілер туралы мәліметтер жинау
- 4) техникалық құралдарды қолдану
- 5) әрекеттің алдында қылмыскерден жауап алу

*19. Тінтілетін тұлға тергеушінің сұрағына жартылай құнды заттарды ұсынды. Тергеушінің әрекеті:*

- 1) тінтуді аяқтауы тиіс
- 2) тінтуді жалғастыруы тиіс
- 3) тінтуді аяқтайды және тінту туралы хаттама толтырады
- 4) алу туралы хаттама толтырады
- 5) барлық жауаптар дұрыс емес

*20. Адам өлтіру қылмысы бойынша, егер оқиға орнында гильза табылса, онда сезіктіден қандай объектілер іздеу керек:*

- 1) бұзу қаруы, құрал – жабдықтар

- 2) сезіктінің құжаттары
- 3) оқ ататын қару
- 4) суық қару
- 5) сезіктінің аяқ киімі

*21. Петровтың үйіне тінту жүргізу кезінде, оның көршісі Якушевтің үйіне де тінту жүргізу қажеттігі туды. Прокурордың санкциясынсыз тергеуші қаулы шығарды да, Якушевтің пәтеріне тінту жүргізді. Тергеушінің ісі дұрыс па?*

- 1) дұрыс
- 2) дұрыс емес
- 3) кей кезде қажет
- 4) тек қана жанұя мүшелерінің келісімі бойынша
- 5) тек қана тергеу бөлімінің басшысының келісімі бойынша

*22. Тонау болған оқиға орнында өсімдіктер бар, тергеуші тінту жүргізу кезінде сезіктіден алуы қажет:*

- 1) сезіктінің киімін, аяқ киімін
- 2) жазба кітапшасын
- 3) құрал-жабдықтар
- 4) кітаптар
- 5) сезіктінің пәтеріндегі интерьер заттарды

*23. Пәтерден қан дақтары табылған жағдайда, тінту кезінде қолданылатын әдіс – тәсілдер:*

- 1) лупамен қарау
- 2) плинтустардың астын қарау
- 3) сезік тудыратын қабаттарға сутегі асқын тотығымен өңдеу
- 4) арнайы қоспалардың көмегімен даққа әсер ету
- 5) барлық жауаптар дұрыс

*24. Сезіктінің үйіне тінту жүргізуде жәбірленушінің қолының саусақ іздерін табу үшін қандай құралдар керек?*

- 1) воскобойшекова реактиві
- 2) ультракүлгін сәулелі лампа
- 3) дактилоскопиялық ұнтақтар
- 4) перекись водорода сутегі асқын тотығы
- 5) аталғандардың барлығы

25. Тонау қылмысы бойынша тінту барысында тергеушінің табуы қажет:

- 1) тінтілуші тұлғаны куәландыратын құжаттарды
- 2) ұрланған заттарды
- 3) аяқ киімін
- 4) маска және басқа да заттар
- 5) барлық жауаптар дұрыс

26. Жалған құжаттарды дайындауда қылмыскерді әшкерлеу үшін тінту кезінде тергеуші табуы тиіс:

- 1) гильза
- 2) бұзып кіру құралы
- 3) клише, мөр, бояу
- 4) дәрілік заттар
- 5) ине және басқа да заттар

27. Алаяқтық істері бойынша сезіктінің үйіне тінту жүргізу кезінде тергеуші нені табуды жорамалдайды:

- 1) дәрілік заттарды дайындау әдісін
- 2) есірткі заттарын дайындау жөніндегі әдістемелік құралды
- 3) химиялық ыдыстарды
- 4) сезік тудыратын құжаттарды
- 5) сезіктінің киімін, аяқ киімін

28. Адам өлтіру қылмыстары бойынша тергеуші сезіктінің үйінен нені табуды жорамалдайды:

- 1) жәбірленушінің киімін
- 2) қару
- 3) көлік құралдарын
- 4) сезіктінің киіміндегі, аяқ киіміндегі қан іздерін
- 5) барлық жауаптар да дұрыс

29. Жалған кәсіпкерлік туралы істер бойынша тергеуші тінту жүргізу кезінде нені табуды жорамалдайды?

- 1) бағалы тоқыма заттарын
- 2) зергерлік бұйымдар
- 3) көлік құралдарын

- 4) заңды тұлға құжаттарын
- 5) таңба, құлып

*30. Тінту барысында қандай психологиялық тәсіл дұрыс бағыт алуға көмектеседі:*

- 1) бағалы заттардың шығу тегі жөнінде жауап алу
- 2) тінтіліп отырған адамның көңіл-күйін назардан тыс қалдырмай бақылау
- 3) сыртқы күзетті ұйымдастыру
- 4) техникалық құралдарды қолдану
- 5) оқиға болған жерді қарау

*31. Тінту жүргізудің жоспарын талқылау қай кезеңде жүргізілуі тиіс:*

- 1) келгеннен кейінгі дайындық кезеңде
- 2) шыққанға дейінгі дайындық кезеңде
- 3) тінту кезінде
- 4) тінтуді аяқтағанда
- 5) тінту объектісіне бару кезінде

## 4-тақырып

---

### ЖАУАП АЛУ ЖӘНЕ БЕТТЕСТІРУ ТАКТИКАСЫ

#### **Дәріс, тәжірибелік және СОӨЖ (СӨЖ) сабақтарының негізгі мазмұны**

Жауап алудың түсінігі, оның міндеті және түрлері. Жауап алудың (куә, жәбірленуші, сезікті, айыпкер, сарапшы, және кәметке толмаған субъектілер) процессуалдық шарттары.

Жауап алуға дайындық. Істегі материалдармен оқып танысу. Жауап алғанда анықталатын сұрақтарды дайындау. Жауап алудың уақытын, орнын белгілеу. Бірнеше куәдан, жәбірленушіден және айыпкерден жауап алу кезегін анықтау. Жауап алынатын тұлғаның жеке басын зерттеу. Оның іске қатысатын басқа адамдармен өзара қарым-қатынасын анықтау. Жауап алуға дайындық кезінде жедел-іздістіру әрекеттерінің маңызы. Жауап алу жоспарын құру. Жауап алуға қолайлы жағдай туғызу. Жауап алу кезінде маманның қатысуы.

Жауап алынатын адаммен психологиялық байланыстың қалыптасуы. Жауап алудың тактикалық жағдайлары. Қайшылықты жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер. Қайшылықсыз жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер.

Айыпкердің жалған мәліметтерді бергенде, жалған алибиі болған жағдайдағы жауап алу тактикасының ерекшелігі.

Кәметке толмаған куәдан, жәбірленушіден, сезікті мен айыпкерден жауап алудың тактикасы.

Беттестірудің түсінігі және оны жүргізудің тактикасы.

Жауап алу мен беттестіруді бекіту әдістері. Дыбыс, бейнетаспа-ларын қолдану.

Сотта жауап алудың мүмкіндіктері мен тактикалық әдістерді қолданудың шарттары.

### **Жауап алу тактикасы**

#### **Тәжірибелік сабақтың мақсаты:**

- 1) Тақырыпқа байланысты теориялық негіздер туралы сұрау;
- 2) қажет ғылыми-техникалық құралдармен (жазба және бейне-таспаларымен) танысу;
- 3) берілген фабула бойынша тергеу ситуациясын талдап, жауап алуды үйрету;
- 4) фабула бойынша студенттер өзара рөлдерді бөлісе отырып, жауап алуды тәжірибе жүзінде жүргізу;
- 5) жүргізілген жауап алудың (куәдан, жәбірленушіден және айыпкерден) нәтижелерін талдау, кемшіліктердің болу себептеріне негіз болған жағдайларды анықтау және көрсету;
- 6) жүргізілген жауап алудың нәтижелері бойынша жасалған хаттамаларды талдау.

#### **Теориялық негіздер туралы бақылау сұрақтары:**

1. Жауап алудың түсінігі, мәні және түрлері.
2. Жауап алудың (куә, жәбірленуші, сезікті, айыпкер, сарапшы, және кәметке толмаған субъектілер) процессуалдық шарттары.
3. Жауаптың қалыптасуының психологиялық процесі.
4. Жауап алынатын адаммен психологиялық байланыстың қалыптасуы.
5. Жауап алудың дайындық жұмыстары.
6. Жауап алудың тактикалық жағдайлары, оның субъектілері бойынша ерекшелігі.
7. Қайшылықсыз жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер.
8. Қайшылықты жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер.
9. Кәметке толмаған куәлар, жәбірленушіден, сезіктілер мен айыпкерлерден жауап алудың тактикасы.
10. Жауап алудың нәтижелері бойынша бекітудің тәртібі.
11. Бақылау сұрақтары және жалпы өткен тақырып бойынша қорытынды шығару.

### **Ұсынылатын СОӨЖ тақырыптары:**

1. Жауап алудың түсінігі, мәні және түрлері – реферат.
2. Сезікті, айыпталушыдан жауап алудың процессуалдық тәртібі – реферат.
3. Куә мен жәбірленушіден жауап алудың процессуалдық тәртібі – реферат.
4. Қайшылықты жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер – реферат.
5. Қайшылықсыз жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер – реферат.
6. Кәметке толмаған куә, жәбірленуші, сезікті мен айыпкерден жауап алудың тактикасы – реферат.
7. Беттестіру тактикасы – реферат.

### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 13 желтоқсан 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). – Алматы: Юрист, 2014.
2. Васильев Л.Н., Корнеева Л.М. Тактика допроса при расследовании преступлений. – М., 1981.
3. Доспулов Г.Г. Психология допроса на предварительном следствии. – М., 1976.
4. Доспулов Г.Г. Психология допроса в уголовном процессе. – Алматы, 1999.
5. Еркенов С.Е., Султанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. – Алматы: Дәнекер, 2002.
6. Жәкішев Е.Ф., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темирболат Н.С. Криминалистика. – Алматы. – КазҰУ, 2005.
7. Корнеева Л.М., Ордынский С.С., Розенблит С.Я. Тактика допроса на предварительном следствии. – Минск, 1978.
8. Коновалова В.Е. Допрос: тактика и психология. – Харьков, 1999.
9. Порубов Н.И. Научные основы допроса на предварительном следствии. – Минск, 1978.
10. Соловьев А.Б. Процессуальные, психологические и тактические основы допроса на предварительном следствии. – М., 2002.
11. Усманов У.А. Тактика допроса (справочник). – М., 2001.

### **Есептер:**

1. 2010 жылы 25 шілдеде Хасановтар пәтерінде болған ұрлық уақытында, үй иелері үйде болмай, аулада балалар ойнап жүрген: Кабилова Роза 8 жаста, ал Сангинов Кәрім 7 жаста.

Іс материалдарымен анықталғандай, олар қылмыскерлер Хасановтар пәтеріне кіргенін және одан чемоданмен және түйінмен шыққанын, оларды көшеде үйдің жанында тұрған жеңіл машинаға салғанын көрген. Осыған байланысты Роза және Кәрімнен куә ретінде жауап алу қажеттілігі туындады.

*Бұл жауап алу қандай жағдайда жүргізіліп оған кім қатысуы керек?*

*Жауап алу жоспарын жасаңыз және Роза мен Кәрімге қойылу қажет сұрақтарды құрастырыңыз.*

2. Тергеуші тауарларды ұрлау жүзеге асырылған дүкеннің терезесінің ішкі жағының әйнегінде сезікті Васильевтің саусақ пен алақан бөлігінің іздері бар дактилоскопиялық сараптаманың қорытындысын жауап алу кезінде оған жария етті. Сезікті былайша жауап берді: «Сонымен не болыпты? Ол іздер ол жерде ұрлық жасалғанға дейін екі-үш күн бұрын мен дүкенге кірген кезде қалған. Сол кезде мен терезеге жақындап, далаға қарадым, себебі маған терезенің жанынан менің танысым Петр Коршиков өтіп бара жатқандай болып көрінді. Осы уақытта мүмкін мен терезе әйнегін ұстаған шығармын».

*Бұл жауап алу барысында тергеушімен жіберілген тактикалық қателікті анықтаңдар. Осы жағдайда дактилоскопиялық сараптаманың қорытындысын қалай қолданған дұрыс болар еді? Жауап алуда дәлелдемелерді қолданудың негізгі ережелері қандай? Жіберілген қатені түзетуге болады ма және жауап алудың келесі бөлімін тактикалық жағынан қалай дұрыс құрастырған жөн?*

3. Айыпталушы Крючков. П.И өзінің көршісі Ларинды пайдakүнемдік мақсатпен өлтірген, кінәсін мойындамай, бұл қылмыс орын алған кезде ол өзінің досы Сергеев Константин мен Немчинова Ольга деген танысының үйінде сағат 20.00-ден 24.00. аралығында қонақта болғанын, содан кейін мейрамханаға барғанын көрсетті. Бұл мәліметті куә ретінде Сергеев пен Немчинова куәландырды.

*Айыпталушы мен куәлардың берген жауаптарын тексеру мақсатымен жауап алу барысында қандай тактикалық әдіс-тәсілдер қолданасыз? Сұрақтар шеңберін көрсетіңіз.*

4. Кірпіш зауытының клубында жастар кешінде азамат М. Судариков мас күйінде тігін фабрикасының жұмысшысы азаматша А. Зиминаны билеуге шақырады. Ол өз кезегінде мас адамдармен билемейтінін айтты. Азамат М. Судариков болса оған қол жұмсады. Тәртіп сақшылары Р. Раджупов пен А. Гусеев М., Судари-



ковқа өзімен бірге штабка баруын ұсынды. М. Судариков пышақты алып Р. Раджуповтың мойнына жарақат келтірді. М. Судариков көшеге шығып қашуға тырысты, өтіп бара жатқан А. Александров пен В.Рыбников қашпақшы болған қылмыскерді ұстап полиция бөліміне жеткізді. М. Судариковқа айып тағылды, іс тергеушіге жеткізілді.

*Осы іске қатысты куә ретінде жауап алу үшін кім шақырылуы қажет? Олардың қойылуы тиіс сұрақтардың ауқымын анықтаңыз?*

5. Азамат К. Жапаков тонау мақсатында М. Құрбановты өлтіру қылмысы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылды. Айыпталушы өз қылмысын мойындаған жоқ және қылмыс жасаған күні ол інісінің үйінде болғанын айтты.

К. Жапаковты ұстағаннан кейін үйіне тінту тергеу әрекеті жүргізілді. Тінту кезінде ер адамның қанға боялған жейдесі табылды.

*Жауап алудың жоспарын құрастырыңыз. Қойылатын сұрақтарды қарастырыңыз.*

6. Тергеуші куә ретінде жауап алу үшін азаматша С. Сагибованы шақырды. Жауап алу 25 наурыз 2011 жылы ізсіз жоғалған көршісі С.Самойловқа қатысты еді. Жоғалған С. Самойловтың жоғалуына қатысы бар деген негіз бойынша сезікті ретінде М. Омаров ұсталды. Тергеуші куә С.Сагибоваға келесі сұрақтарды қойды:

1. Айтыңызшы, шынында С. Самойлов М. Омаровқа таңертең 25 наурызда 2011 жылы келіп, содан соң онымен кеткен, одан кейін С.Самойловты ешкім көрмеді ме?

2. Сіздің есіңізде емес пе, С. Самойловтың үстінде көк түсті жейде және қолында кішігірім дорба болмады ма?

3. М. Омаров сізге айтпады ма, С. Самойлов екеуінің арасында келіспеушілікке қатысты өлтіру жөнінде қорқыту айтылды ма?

*Сұрақтар дұрыс қойылған ба? Сұрақтардың дұрыс тұжырымдамасын көрсетіңіз.*

## ХАТТАМА

### Жәбірленушіден жауап алу туралы

Алматы қаласы

14 тамыз 2011 жыл

Алматы қаласы Бостандық аудандық ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі Сүлейменов С., ҚР ҚІЖК-нің 212, 213, 219-баптарының

талаптарына сәйкес, төмендегі тұлғадан жәбірленуші ретінде жауап алдым.

1. Аты-жөні, есімі, әкесінің аты: Ержанова Майра Өсерқызы.
2. Туған жылы: 1963 жыл.
3. Туған жері: Қазалы ауданы
4. Ұлты: қазақ.
5. Білімі: орта.
6. Жұмыс орны: атқаратын қызметі: аудандық аурухана, мейірбике.
7. Мекенжайы: Алматы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, 2-үй.
8. Төлқұжаты: І-ГУ № 167314 18 мамыр 1979 жылы Қазалы аудандық ІІБ тергеу бөлімі берген.

9. Айыпкермен қарым-қатынасы: ешқандай

ҚР ҚІЖК-нің 219-бабында көрсетілген жәбірленушінің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Сонымен қатар жауап алғанда дыбыс жазу таспасы қолданылатыны жайлы және көрінеу жалған жауап берсе немесе жауап беруден бас тартса ҚР ҚК-нің 187, 193-баптарына сәйкес, қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы жөнінде ескертілді.

Ержанова М.Ө. \_\_\_\_\_

Қойылған сұрақтар бойынша төменде көрсетілгендей жауап беремін: 2010 жылдан бастап Қазалы аудандық ауруханасында мейірбике болып қызмет атқарамын. 2011 жылдың күз айында Омаров Әділхан деген жігіт біздің ауруханада жатып емделген болатын. Сол жатқан кезінде екеуміз таныстық. Ауруханада 20 күндей жатқан Омаровтың емдеу мерзімі бітіп, ауруханадан шыққан. Ауруханадан шығар алдында Омаров маған өзінің жақсы көретінін айтып, үйленуді ұсынған. Мен Омаровты ұнатпайтын болған соң, оның ұсынысынан бас тартқанмын. Омаров алғашқыда өтініп, оған көнбей қойған соң мені қорқытып көрген. Мен бірақ өз айтқанымда тұрдым. Сонымен ол ауруханадан шығарда маған қоқан-лоққы жасап кеткен болатын.

Мен қызмет бабына сәйкес түнгі кезекте де қызмет жасайтынмын, ол туралы Омаров та білуге тиіс.

12 тамыз 2011 жылы түнде сағат 22.00-ден өте мен ауруханадан шығып, үйге қарай жүрдім. Аялдамада автобус келмеген соң, үйге дейін жаяу бара салмақшы болғанмын. Ғарышкерлер мен Сәтбаев көшелерінің қиылысына келгенімде, үйдің бұрышында тұрған 4

жігітті байқадым. Олар өзара сөйлесіп, қатты күліп тұрды. Сөйлескен сөздерінен олардың мас екенін сезіп, көшені айналып, үйге бақша жақтан бармақшы болдым. Бірақ менің жолдан бұрылғанымды көрген біреуі қалған жігіттерден бөлініп маған қарай жүрді. Мен аяғымды тездетіп басып кетіп қалмақшы болдым. Жеделдетіп жүрсем де әлгі жігіт соңымнан қалмады. Мен оның жүрісінен сезіктеніп, үйге қарай жүгірдім. Артымдағы жігіт те жүгіріп, мені біздің бақшамызға дейін қуып жетті. Сол кезде мен оның Омаров екенін байқап үлгердім. Онан соң ол менің басымнан қатты затпен ұрып құлатты. Шамалыдан соң есімді жисам, қасымда көршім Әскербек ағай отыр екен. Оның аты-жөні Арыстанов болуы керек. Есімді жиған соң етегімді жинады. Омаров іш киімді шешіндіріп, зорламақшы болған екен. Бірақ Әскербек ағай айкайлап, кедергі жасаған. Менің бар айтарым осы.

Хаттаманы өзім оқып шықтым, бәрі дұрыс жазылған, қосымша айтарым жоқ. Дыбыс жазу таспасын толық тыңдадым, мазмұны хаттамаға сәйкес.

Ержанова М.Ө. \_\_\_\_\_

Жауап алу «14» сағат «10» минутта басталып, «14» сағат «55» минутта аяқталды, жауап алу барысы «Sony» магнитофонына, таспаға жазылды.

ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі:

Сүлейменов С.

## **ХАТТАМА**

### **Қуәдан жауап алу туралы**

20 маусым 2009 жыл

Қызылорда қаласы

Қызылорда ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция лейтенанты М. Макшатов, жұмыс кабинетімде, ҚР ҚІЖК-нің 211, 212 және 214-баптарын сақтай отырып, төменде аталған кісіден куә ретінде жауап алдым.

Жауап алу «17»сағат «00» минутта басталып, «17» сағат «50» минутта аяқталды.

1. Аты-жөні және анасының аты: Ергешова Қыздаркүл
2. Туған жылы: 1 желтоқсан 1959 жыл
3. Туған жері: Шымкент облысы Мақтаарал ауданы, Победа колхозы

4. Ұлты: қазақ
5. Білімі: арнаулы орта
6. Отбасылық жағдайы: тұрмыс құрмаған
7. Қызмет орны: Жетісай қалалық тұтынушылар қоғамы
8. Қызметі: № 1 дүкенде сатушы
9. Соттылығы: бұрын сотты болмаған
10. Тұрғылықты жері: Жетісай қаласы, М. Әуезов көшесі, 8-үй
11. Депутаттық жағдайы: депутат емес.

ҚР ҚІЖК 214-бабының талабына сәйкес, куә Ергешова Қыздаркүлге оның жауабы «Sony M-9» маркалы бейне таспасын қолданылып жазылатындығы түсіндірілді. Сонымен қатар куә Ергешовадан жауабын бейне камераға жазуға келісімі сұралды, куә Ергешова қарсы еместігін білдірді.

Куә: \_\_\_\_\_

Қ. Ергешова

ҚР ҚІЖК-нің 214-бабына сәйкес Ергешова Қыздаркүлге куә қатарында жауап берудегі құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және ол жауап беруден бас тартқаны немесе бұлтартқаны үшін ҚР ҚК-нің 187, 193-баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығы түсіндірілді.

Куә: \_\_\_\_\_

Қ. Ергешова

Куә Ергешоваға сұрақ:

– Сіз 2009 жылдың қазан айында Қызылорда арақ зауытынан 300 жәшік «Русская водка» арағын және 150 жәшік «Буратино» сусынын алғансыз, осы заттарды қалай, кімнің көмегі арқылы, қандай жолмен алдыңыз?

Куә Ергешованың жауабы: Өткен 2009 жылдың қазан айының орта шенінде жеңгем Асқарбекова Тынымкүл екеуіміз Шымкент облысындағы ауданаралық қоймаға зат алуға барғанбыз. Сонда зат алуға келген Киров ауданының бір адамынан «Киров ауданының жігіттері Қызылорда арақ зауытынан үстіне 1000 теңге ақша беріп, өздерімен бірге бос бөтелкелерін апарып арақ алып келіпті», – дегенді естідім. Жетісайға қайтып келгеннен кейін дүкенші қыздар Ағманова Перизат, Әріпбаева Анаркүлдермен ақылдасып, бос бөтелке мен ақша жинап Қызылордаға араққа бармақшы болдық. Сөйтіп 10 шақты күн дайындалып 450 жәшік бос бөтелке, күнделікті саудадан түскен ақшадан 50000 теңге ақша жинадық. 30 қазан күні кеңседен екі сенім қағазын алып, машинаға 450 жәшік

бос бөтелкені тиеп, 50000 теңге ақшаны және жаныма жүргізушіден басқа жолсерікке Қыдырбай ағаны ертіп, 30 қазан күні кешке Қызылордаға жолға шығып кеттік. Қызылордаға 31 қазан күні таңертең келіп сұрастырып, арақ зауытын тауып алдық. Мен зауыттағы өнімді бөлу бөліміне барып едім, онда бір орыс әйел бар екен, ол орыс әйелге Жетісайдан араққа келгенімізді, өзімізбен бірге алып келген бос бөтелкелер бар екендігін айтып едім, ол маған: «директордың рұқсатынсыз арақ бере алмаймын, директорға барып жолығыңыз», – деді. Содан зауыттың кеңсесіне барып, екінші қабатына көтеріліп, дәліздің оң жағындағы есігінде «директор» деген жазуы бар кабинетке кірдім. Мен директорға жолығып: «Ағай, Жетісайдан бос бөтелкеге арақ береді деген соң келіп едім» деп едім, директор Әлиев маған: «Жетісайға беретін фондсыз арағым жоқ», – деді. Содан төменге түсіп сонша жерден келгенде бос қайтамын ба деп ойланып, сумкамда тұрған 50000 теңге ақшадан 30000 теңгені бөліп газетке орап алып, арада жарты сағаттай уақыт өткенде директордың кабинетіне қайтадан кірдім. Мен Әлиевке: «Ағай, сонша жерден келгенде бос қайтамыз ба, сіздерде жәшігінің үстіне 1000 теңгеден ақша берсе арақ береді дегенді естідік, мен де құр қол келгенім жоқ, мынау 30000 теңге ақша», – деп газетке оралған 30000 теңге ақшаны үстелінің үстіне қойдым. Бұрын алдында кіргенімде Әлиев маған: «Фондсыз арақ алуға құр қол келдің бе?» – деп, бірдеңе беруім керек екендігін сездірді. Әлиев содан кейін менің сенім қағазымды алып, оған «300 жәшік арақ босатылсын» деп бұрыштама соғып берді. Мен Әлиевке: «Ағай өзіммен бірге 450 жәшік бос бөтелке алып келіп едім, қалған 150 жәшігіне сусын берсеңіз» деген соң екінші сенім қағазға «150 жәшік сусын босатыңыз» деп қол қойып беріп, «бос бөтелкелерді өткізе бер», – деді. Содан машинаны зауытқа кіргізіп 450 жәшік бос бөтелке өткіздік. Кешкі сағат 17.00-17.30-дардың шамасында қоймадан арақ тиеп жатқанымызда, жанымызға директор Әлиев келіп мені шақырып алып: «Қызым, егер біреулер арақты қалай алып жатырсың деп сұраса, Алматыдан біреулердің тапсырмасымен алып жатырмын де, ақша жөнінде әңгіме болмасын», – деп ескертті. Содан біз арақты тиеп болып, накладнойға қол қойдыруға директорға барсам, ол кісі кетіп қалыпты, бас бухгалтер де жоқ екен. Сонымен Қыдырбай аға екеуіміз жүргізушіні машинамен зауыттың ішінде қалдырып, сол қалада тұратын Тынымкүл

жеңемнің ағасы Өтешов Айтбайдың үйіне барып қонып шықтық. Ертеңіне, яғни 1 қараша күні таңертең зауытқа қайтып келіп, директорға накладнойға қол қойдырып, бас бухгалтерге қол қойдыруға кіріп едім ол кісі маған: «Сендердің бізбен ешқандай келісімшарттарың жоқ, не болмаса мекемеден алып келген қатынастарың жоқ», – деп қол қоймады, сосын мен директорға кіріп, бас бухгалтердің қол қоймай жатқанын айтып едім, «сен шыға бер, өзім айтамын» деп бас бухгалтерді шақырып алып сөйлесіп, қол қойдыртып берді. Бұдан кейін біз зауыттан шығып кетіп, сол күні кешкісін Жетісайға келіп жеттік. Жеңем Тынымкүлге және Перизат пен Анаркүлдерге 300 жәшік араққа 30000 теңге директорға бергенімді айтып, артылып қалған 20000 теңгені кассаға өткіздім. Алып келген арақты 960 теңгеден сатып, директорға берген 30000 теңгенің орнын толтырып, кассаға салдық.

Сұрақ: – Сіздің Қызылордаға шығарда Жетісайдан алып шыққан 50000 теңге ақшаны қандай купюралардан, орамдардан тұратын еді, олардың ішінде қандай ақшалар болды, айрықша белгілері бар, нөмірі есіңізде қалған ақшалар бар ма?

Жауап: – 50000 теңге ақшаны 20000 теңгесі 5000 теңгеліктен, 20000 теңгесі 1000 теңгеліктен, қалған 20 дана 500 теңгелік ақшалар. Ақша қаптың аузын байлап жүрген жіптермен байланған, айрықша белгілері немесе олардың нөмірлері есімде жоқ.

Сұрақ: – Директор Әлиевке 30000 теңге қандай купюрада бердіңіз, 50000 теңге ақшаның ішінде 30000 теңгені қашан, қалай, қай жерде үлгеріп бөліп алып жүрсіз?

Жауап: – Әлиевке әрқайсысы 2 данадан 5000 теңгелік, сосын 10 дана 1000 теңгелік, 20 данадан 500 теңгеліктерді бердім. 30000 теңге ақшаны Әлиевтің кабинетіне алғашқы рет кіріп шыққаннан кейін кеңсеге сырттан кіретін есіктің аузында бөлек алып газетке орап қойғанмын.

Сұрақ: – 25 наурыз 2009 жылы Сіздер төрт адам болып Қызылорда Ішкі істер басқармасы бастығының атына арыз жазып, Қызылорда арақ зауытының директорына 30000 теңге пара беріп 300 жәшік арақ алғандарыңызды білдіргенсіздер, бұл арызды Сіздерге жаздыртқан Қызылордадан барған қаржы полициясының қызметкерлері емес пе?

Жауап: – 25 наурыз күні таңертең Тынымкүл жеңемді Жетісайдың полициясына шақырып кетті. Содан ол кісі түсте қайтып келіп

бізге Қызылордадан менің алып келген 300 жәшік арағым туралы сұрағандықтарын, Қызылорданың облыстық полициясынан екі қаржы полиция қызметкерлерінің келгендігін айтты, бірақ арақты ақша беріп алғанымызды айтқаным жоқ деді. Содан «түстен кейін төртеуімізді полицияға шақырып жатыр, не істейміз, одан да өзіміз арыз жазып болған жағдайды білдірсек қайтеді? – деп бәріміз ақылдасып, шындығын айтып, арыз жазып түстен кейін Жетісайдың полициясында отырған қаржы полиция қызметкерлеріне тапсырдық. Бұл арызды біз өз еркімізбен жаздық, ешкім ақыл-кеңес берген жоқ.

Сұрақ: – Сіздің «Арақ зауытының директоры Әлиевке 30000 теңге пара беріп 300 жәшік арақ алдым» деп көрсеткеніңіз рас па?

Жауап: – Менің 300 жәшік арақ алуға Әлиевке 30000 теңге пара бергенім рас.

Бейнетаспаны көріп шықтым, бәрі дұрыс. Қосымша айтарым жоқ.

Хаттама дұрыс жазылған, оқып шықтым.

Куә: \_\_\_\_\_

Қ. Ергешова

ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі  
полиция лейтенанты:

М.Макшатов

## **ХАТТАМА**

### **Сезіктіден жауап алу туралы**

Қызылорда қаласы

29 сәуір 2009 жыл

Қызылорда ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция лейтенанты М.Макшатов Қызылорда Ішкі істер бөлімінде, ҚР КІЖК-нің 216, 218-баптарының талаптарын сақтай отырып, сезікті ретінде төменде аталған кісіден жауап алдым.

1. Аты-жөні және әкесінің аты: Нүкерев Наразымбет
2. Туған жылы: 22 қазан 1952 жылы
3. Туған жері: Өзбек ССР-і, Бұхара облысы, Кенимех ауданы, Катаған селолық Советінде
4. Ұлты: қазақ

5. Азаматтығы: Өзбекстан азаматы.
6. Білімі: арнаулы орта
7. Жанұя жағдайы: үйленген
8. Қызмет орны: Бұхара облысы Кенимех аудандық тұтынушылар қоғамында экспедитор
9. Соттылығы: бұрын сотты болмаған
10. Тұрғылықты жері: Өзбекстан Республикасы, Бұхара облысы, Кенимех ауданы, Шаймен ауылы, Наурыз көшесі, 9.
11. Төлқұжаты – Ш-ЛИ № 553886 13 октябрь 1980 жылы Кенимех аудандық атқару комитетінің ШБ берген.

ҚР ҚДЖК-нің 216-бабы бойынша сезікті Нүкерев Наразымбетке 25 ақпан 2009 жылы Қызылорда арақ зауытының директоры Әлиевке делдал Садықов Шаймерден арқылы 50000 теңге пара беріп, 500 жәшік арақ алғандығы туралы сезіктеліп отырғандығы жарияланды.

ҚР ҚДЖК-нің 219-бабының 2-тармағына сәйкес, сезікті Нүкеревке оның жауабы "Топаз" Д-202 диктофонымен таспаға жазылатындығы ескертіліп, келісімі сұралды.

Сезікті Нүкерев Н. өзінің жауабын магнит таспасына жазуға қарсы еместігін білдірді. Сонымен қатар сезікті Нүкеревке ҚР ҚДЖК-нің 103-бабына сәйкес тергеушінің әрекеті жөнінде шағым беруге, түсінік беруге, тілектер қоюға құқылы екендігі түсіндірілді.

Сезікті: \_\_\_\_\_ Н.Нүкерев

Сезікті Нүкеревтың жауабы: – Осы 2009 жылдың ақпан айының орта шенінде, қазір нақты қай күні екені есімде жоқ, Кенимех аудандық тұтынушылар қоғамында құрылыс материалдарының экспедиторы болып жұмыс істейтін Садықов Шаймерден кездесіп, маған: "Саған арақ керек пе? деп сұрады, мен оған: "арақты қайдан алып бересің?" деп едім, Шаймерден маған: "Қызылорда арақ зауытының директорын танимын, содан алып беремін, бірақ сен әр жәшіктің үстіне 1000 теңге ақша бересің, соған көнсең ғана алып беремін, өзіңмен бірге ыдысыңды алып барасың, мен жақында Сібір жаққа ағаш алуға барамын, егер баратын болсаң хабарласарсың", – деді. Содан мен аудандық тұтынушылар қоғамының бас бухгалтері Елеубеков Зейнетбекке жолығып: Шаймерден Қызылорда арақ зауытынан арақ алып беруге көмектесемін деп тұр, соған рұқсат болса барып қайтсам қайтеді", – дедім. Бірақ Елеубековке Шаймерденнің ақшаға арақ алып беретінін айтқаным жоқ.



Елеубеков маған: "Шаймерденнің қолынан арақ алып беру келетін болса барып қайт, бір жағынан жоспардың орындалуына да жақсы болар еді" – деді.

20 ақпан күні Кенимехтегі кооператив "Тұлпардың" бастығы Асқаров Айдарға жолығып: "Қызылорда арақ зауытына барып қайтайық", – дедім, Айдар келісті. Сонымен, 21 ақпан күні Навои қаласындағы жәшік жөндеу зауытының директоры Гуламов Құдыретке барып Қызылордаға араққа баруға 500 жәшік бос бөтелке алатын болдым. 22 ақпан күні Асқаров Айдардың баласы Болаттың "КамАЗ" маркалы 354 НВН нөмірлі автомашинасымен Навои қаласына барып 500 жәшік бос бөтелке тиеп қайттық. Сол күні түстен кейін Кенимехке қайтып келіп, бас бухгалтер Елеубеков Зейнетбекке жәшікпен бос ыдыс тиеп келгенімді айтып, жолсапар куәлігі мен сенім қағаз сұрадым. Елеубеков екеуіміз тұтынушылар одағының төрағасы Сегізбаевқа кіріп, менің Қызылордаға араққа баратынымды айтып, іс қағаздарына қол қойдыртып алдық. Сол жерде Садықов Шаймерденді кездестіріп, ертеңіне 23 ақпан күні ерте жолға шығатын болдық, мені Алибаев Зайнадин үйімнен алып кететін болды.

Содан 23 ақпан күні таңертеңгі сағат 07.00-лердің шамасында біздің үйге Алибаев Зайнадин келіп, мені машинамен алып кетті. Алибаев екеуіміз Асқаров Айдарды ертіп алып, Садықов Шаймерденнің үйіне келдік, Шаймерден Айдардың машинасына отырды, олардың жанында Айдардың баласы Болат болды. Айдар мен Шаймердендерге: "Сараштың үйіне соғып, ақша алып кетейік", – деген соң екі машинамен Ахунбабаев көшесіндегі Алдажарова Сараштың үйінің жанына барып тоқтадық, Асқаров Айдар қасында баласы Болат, Садықов Шаймерден "Техника" магазинінің жанында қалып қойды. Мен Сараштың үйіне Алибаевтың машинасымен барғанмын. Сонымен Сараштың үйіне кіріп, оның өзінен 50000 теңге ақша алып шықтым. Сараштың үйінен ақшаны алып, автостансаның қасындағы құбырдан су алып жатқанда, Шаймерден менен "ақшаң дайын ба?" деп сұрады.

Қызылорда облысының «Бейбітшілік» атындағы кеңшарындағы Шаймерденнің туысы Қалдан деген жігіттің үйіне 24 ақпан түнгі сағат 02.30-дардың кезінде келіп қондық. 24 ақпан күні күндіз «Абай» кеңшарында тұратын Асқаров Айдардың туысының үйіне келіп тамақтанып, кешке таман қайтадан «Бейбітшілік» атындағы

кеңшардағы Қалданның үйіне қондық. 25 ақпан күні үй иесі Қалдан бізге еріп Қызылордаға жүрді, сонымен таңертеңгі сағат 08.30 шамасында арақ зауытының қасына келіп тоқтадық. Шаймерден машинадан түсіп, жалғыз өзі зауыттың кеңсесіне кетті. Арада 15-20 минут уақыт өткенде Шаймерден қайтып келіп: "шаруаң бітетін болды, машинадағы жәшік пен бос ыдыстарды түсіре беріңдер", – деді. Біз Асқаров Айдардың машинасындағы бос ыдыстарды қоймаға өткізуге зауыттың қорасына кіріп кеттік. Зайнадин машинасымен сыртта қалып қойды. Біз бос бөтелкелерді өткізіп жатқанда, Шаймерден мен Қалдан екеуі бір жаққа жұмыстарымен кетіп қалды, олар маған қайда баратындарын айтқан жоқ. Біздің 500 жәшіктен 128 дана бөтелке сынған екен, сонымен түске дейін өткізіп болдық.

Түстен кейін 14.00-дердің шамасында Қалдан мен Шаймерден қайтып келді. Шаймерден менен сенім қағазды алып кеңсеге екеуіміз бірдей кіріп, екінші қабатқа көтерілдік. Шаймерден маған: «сен күте тұр», деп өзі дәлізбен барды да, оң жақтағы есікке кіріп кетті, сөйтіп көп ұзамай қайтып шықты. Директор сенім қағазға "500 жәшік арақ босатылсын", – деп қол қойып беріпті. Содан машинаны дайын өнім қоймасының қасына апарып, арақ тиеуге дайындалып жатқанда, Шаймерден маған: ақшанды бер", – деген соң Асқаров Айдардың, машинасының кабинасында жатқан көк түсті полиэтилен сомкеден газетке ораулы тұрған 50000 теңге ақшаны алып бердім, Шаймерден ақшаны алып кетіп қалды. Арада аз ғана уақыт өткенде Шаймерден қайтып келіп, бізге арақ тиеуге көмектесті. Арақты машинаға тиеп болуға жақындағанда Шаймерден маған: "директоры кетіп қалады", – деп кеңсеге барып есепті бастырып, оған директорға қол қойдырып келді, сөйтіп маған: "бас бухгалтерге өзің барып қол қойдырып кел", - деді. Машинаға тиеліп жатқан арақты мен өзім санап қабылдап алып тұрғанмын, соңғы 10 жәшікті картон қораппен берді. Мен қоймашыға: "бізге алыс жолға мына картон қораптар жарамайды ғой", – деп едім, қоймашы маған: "сен главбухқа барып жолық", – деді. Кеңсенің екінші қабатындағы бас бухгалтердің кабинетіне кіріп: "біз 500 жәшік арақ алуымыз керек еді, 480 жәшік арақ берді, қалған 10 жәшіктің орнына картон қораптар берді дедім. Бас бухгалтер маған: "Мен Бекбауов Сайлау деген боламын, қоймадағы жігіттерге айтқан мен едім, мына жігіттер той жасайтын болып тұр, ақшасына 10

қораптағы арақты бер деді, мен кіргенде кабинетінде отырған жігітке. Бекбауов маған тағы да: «сендерде не зат бар, шай бар ма?», – деп сұрады. Ол кезде біздің аудандық тұтынушылар қоғамында шай болатын, себебі алдында 6 тонна шай келген-ді. Сол жерде Бекбауов накладнойларға қол қойып берді. Ал жаңағы 10 қорап арақ алатын жігіт маған Бекбауовтың кабинетінде 20000 теңге ақша берді. Сонымен сағат 17.00-ден өте арақты тиіп зауыттың қорасынан шыққаннан кейін, зауытқа жақын жерде тұратын Шаймерденнің туысының үйіне бардық. Жаңағы үйдің жанына дейін біздің соңымыздан қызыл түсті "Жигули" машинасымен Бекбауовтың айтқан жігіттері еріп барып, біздің машинадан 10 қорап арақтарын алып кетті, ол машинаның нөмірі есімде жоқ, өздерін танымаймын. Біз – Шаймерден, Айдар, оның баласы Болат, Қалдан, Зайнадин – бәріміз Шаймерденнің туысының үйіне кіріп тамақтандық, үй иесі мас екен. Тамақтанып болған соң жүруге сыртқа шыққанда, Шаймерден менен арақ сұрады, мен «он бес бөтелке жарай ма?» – деп сұрап едім, ол маған: «жоқ, 2 жәшік арақ бер», – деді. Шаймерден кетіп бара жатып маған: "Менің есебімнен Қалданға 2 жәшік арақ тастап кетесің", – деді.

25-нен 26 ақпанға қараған түні «Бейбітшілік» атындағы кеңшардағы Қалданның үйіне қонып шықтық, 26 ақпан күні Айдар машина жөнделді. Содан 27 ақпан күні түстен кейін жолға шығып кетіп, 28 ақпаннан 29 ақпанға қараған түні Кенимехке келіп жеттік. Шаймерденнің айтуы бойынша Қалданға екі жәшік "Русская водка" арағын тастап кеттім.

Сұрақ: – Сіздің Алдамжарова Бибісарадан 50000 теңге қарызға алған ақшаларыңыздың купюралары қандай?

Жауап: – Менің Алдамжаровадан алған ақшаларымның ішінде 5000 теңгеліктен 8 дана, 1000 теңгеліктен 10 дана, тағы да 500 теңгеліктен 20 дана болды.

Сұрақ: – Сіздің 50000 теңге ақша алып келе жатқандарыңызды кімдер білетін еді, Қызылордаға келе жатқанда кімнің машинасында болдыңыз?

Жауап: – Менің арақ алуға 50000 теңге ақша алып келе жатқанымды Алибаев Зайнадин, Асқаров Айдар, оның баласы Болат, Шаймердендер біледі. Қызылордаға жеткенде Алибаевтың машинасында болдым.

Сұрақ: – Сіздің 50000 теңге ақшаны Садықов Шаймерденге бергеніңіз рас па, ақшаны бергеніңізді көрген адамдар бар ма?

Жауап: – Шаймерден зауыттың директорының кабинетіне кіріп, сенім қағазға қол қойдыртып шыққаннан кейін, біз қоймадан барып арақ тиеуге дайындалып жатқанда Шаймерден келіп, ақшаны алып кетті, бұл уақытта Айдар мен оның баласы Болат машинасының бортын ашып, арақ тиеуге дайындалып жатқан, ал Зайнадин Елібай сыртта машинада, ал Қалданның қайда болғанын білмедім, Шаймерденге ақшаны бергенімді біреулер көрді деп айта алмаймын. Бірақ нақты Шаймерденге бергенім рас.

Сұрақ: – Сіз өзіңіздің 500 жәшік арақ алу үшін Қызылорда арақ зауытының директоры Әлиевке арнап делдал Садықов Шаймерден арқылы 50000 теңге бергеніңізді біліп отырсыз ба?

Жауап: – Мен өзімнің 500 жәшік арақ алу үшін берген 50000 ақшаның пара екендігін білемін.

Сұрақ: – Садықов Сізден алған 50000 теңге берген, не бермегендігі туралы әңгіме айтқан жоқ, егер болса қашан, қай жерде?

Жауап: – Біз зауыттың ішінде машинаға арақ тиеп жатқанда ақшаны алып кеткен Шаймерден қайтып келіп маған: "ақшаны беріп келдім", - деді.

Сұрақ: – Жауабыңызға қосатыныңыз бар ма?

Жауап: – Жауабыма басқа қосарым жоқ.

Сұрақ: – Сіз өзіңіздің магнит таспасына жазылған жауабыңызды тыңдап шықтыңыз, дұрыс жазылған ба, талап-тілегіңіз бар ма?

Жауап: – Жауабымды өзім тыңдап шықтым, дұрыс жазылған, талап-тілегім жоқ.

Сезікті Нүкеров Назарымбеттің жауабын "Топаз Д-22" маркалы диктафонына жазу «16» сағат «15» минутта басталып, «17» сағат «05» минутта аяқталды.

Хаттама дұрыс жазылған, оқып шықтым.

Сезікті:

Н.Нүкеров

Қызылорда ІІБ тергеу бөлімінің  
тергеушісі:

М.Макшатов

### **ХАТТАМА** **Куәдан жауап алу туралы**

Алматы қаласы

14 тамыз 2010 ж.

Жауап алу «11» сағат «45» минутта басталып, «12» сағат «00» минутта аяқталды.

Алматы қалалық ІБ ТБ тергеушісі, тергеу тобының мүшесі полиция аға лейтенанты Ахметов Н.Ж., ҚР ҚІЖК-нің 212,213,218-баптарының талаптарына сәйкес, төменде аты аталған тұлғадан куә (жәбірленуші) ретінде жауап алдым:

Аты-жөні: Байменова Айгүл

Туған жылы, айы: 06.09.1951 жылы туылған;

Туған жері: ОҚО

Мекенжайы: Алматы қаласы, Ақсай-2, 44-үй, 5-пәтер

Ұлты: қазақ

Отбасылық жағдайы: отбасы құрған

Төлқұжат, т.б. құжаттары туралы: анықталды

Жұмыс орны, қызметі: зейнеткер

ҚР ҚІЖК-нің 214-бабына сәйкес жәбірленуші Байменова Айгүлге өзіне, жұбайына және жақын туыстарына қатысты қылмыстар бойынша сонымен қатар дінді уағыздаушы қызметкерлерге сенім арқылы белгілі болған қылмыстар жөнінде жауап беруден бас тартуына құқылы екені түсіндірілді.

Жауап беруден бас тартсам Қазақстан Республикасының ҚК-нің 352-бабы бойынша және біле-тұра өтірік жауап берсем ҚР ҚК-нің 353-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік туралы маған ескертілді.

Жауапты қазақ тілінде беремін, аудармашыны қажет етпеймін  
\_\_\_\_\_ (Қолы.)

Маған қойылған сұрақтарға байланысты төмендегідей жауап беремін:

Жоғарыда көрсетілген мекенжайда отбасыммен бірге тұрамын. Психиатриялық және наркологиялық диспансерлерінде есепте тұрмаймын. Бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылып сотты болмағанмын. Жолдасым Байменов Жарқын Жолдасұлы 1950 ж.т., жұмыс істемейді, үй шаруасымен айналысады. Мен де қазіргі кезде зейнеткермін, 2003 жылдан 2009 жыл аралығында Алматы қаласы ардагерлер үйінде кір жуатын бөлімде меңгеруші болып жұмыс атқарған едім. Содан 2009 жылы жасыма байланысты зейнеткерлікке шыққан болатынмын. Қазіргі кезде де сол аталған жерде жұмыс атқарып жүрмін. Жұмысымның мекенжайы: Алматы қаласы, Мамыр ы-а, Абай және Момышұлы көшелерінің қиылысында орналасқан. Сонымен қатар біздің ортақ некемізден үш баламыз

бар, яғни ең үлкені Байменов Алмас Жарқынович 08.11.1980 ж.т., екінші ұлым Азамат 1983 ж.т. ең кенже ұлым Замир 1985 ж.т. Ұлым Алмас жайлы айтатын болсам ол 1980 жылы Алматы қаласында №4 балалар босану емханасында туылған болатын. Содан ол Алматы қаласындағы Ақсай ы-ауданында орналасқан № 123 орта мектептің 11-сыныбын тәмамдап, ОҚО Түркістан қаласында орналасқан Қазақ-Түрік университетіне 1997 жылы заңгер мамандығына түскен болатын. Бірақ та аталған университетті аяғына дейін оқыған жоқ. Себебі ақылы оқу болғандықтан, оның ақшасын төлей алған жоқпыз. Содан кейін Алмас 2000 жылы Алматы облысы, Шенгелді ауылында орналасқан Әскери бөлімде «Байланыс тобында» борышын өтеп, 2002 жылы әскерден келген болатын. Содан кейін ұлым Алмас әскерден келгеннен кейін әртүрлі жерлерде, яғни кафе, мейрамханаларда күзетші болып қызмет істеп жүрген болатын. Бірақ та қай жерлерде жұмыс істегенін білмеймін. 2009 жылдың сәуір айынан бастап бір Қайрат есімді маған бұрын-соңды таныс емес адамның жеке оққағары болып жұмысқа тұрғандығын ұлым Алмастан естіген едім. Содан ол 2009 жылдан бастап осы оқиға болғанға дейін сол жерде жұмыс істеп жүрді. Қалай бұл оқиғаға ұрынғандығын білмеймін. Ұлым Алмастың мінезі кішкентайынан өте сабырлы, мінезі салмақты, арақ ішпейтін, темекі шекпейтін еді. Маған, әкесіне ешқашанда қарсы шығып дауыс көтеріп көрген жоқ болатын.

Сұрақ: – Айтыңызшы, ұлыңыз Байменов Алмас осы оқиға болғанға дейін қандай абоненттік нөмірді пайдаланып келді?

Жауап: – Онысын мен білмеймін.

Сұрақ: – Айтыңызшы, ұлыңыз Байменов Алмас психиатриалық немесе наркологиялық есепте тұрушы ма еді, бұрын психикалық аурумен ауырған ба?

Жауап: – Ұлым Байменов Алмас ешқашанда еш жерде есепте тұрған емес.

Сұрақ: – Сіздің ұялы телефоныңыз бар ма, болса нөмірі қандай?

Жауап: – Менің ұялы телефоным 8705-111-73-11, бірақ аталған ұялы телефонды мен көп қолданбаймын. Себебі көзіме бірнеше рет операция жасап, ұялы телефонды онша қолдана бермейтін едім.

Сұрақ: – Ұлыңыз Байменов Алмас отбасы құрған ба?

Жауап: – Иә, 2009 жылы ол отбасын құрып, қазіргі кезде немереміз Мейлана 2009 жылдың қазан айында дүниеге келген.

Сұрақ: – Ұлыңыз Байменов Алмасты соңғы рет қашан, қай жерде көрдіңіз?

Жауап: – Жұма күні 06.08.2010 жылы мен таңертең өз жұмыстарыммен кетіп бара жатқан кезде, ұлым Алмас үйде болатын. Содан кейін оны мен көрген жоқпын.

Сұрақ: – Сіздердің отбасыларыңызда қандай да болмасын автокөлік бар ма?

Жауап: – Біздің отбасымызда Галант және қара көк БМВ-7 автокөлігі бар. Соңғы аталған БМВ автокөлігін 13.08.2010 жылы полиция қызметкерлері келіп алып кетті.

Сұрақ: – Ұлыңыз Байменов Алмастың қандай да бір достарын танысыз ба, таныған жағдайда олардың мекенжайларын білесіз бе?

Жауап: – Жоқ, мен оның достарын танымаймын.

Сұрақ: – Қазіргі кезде ұлыңыз Байменов Алмастың қай жерде жүргендігін білесіз бе?

Жауап: – Қазіргі кезде оның қай жерде жүргені маған белгісіз, өзім оны қашан хабарласады деп күтіп жүрмін.

Сұрақ: – Сіздердің тұрып жатқан мекенжайларыңызда үй телефоны бар?

Жауап: – Жоқ.

Сұрақ: – Алматы қаласында және Алматы облысында және Алматы қаласынан тысқары жерлерде тұратын туыстарыңыз бар ма, болса қай жақта тұрады?

Жауап: – Араласатын туған-туысқандарымыз жоқ.

Шешесі :

А.Байменова

Алматы қалалық ПБ ТБ тергеушісі:

Н. Ахметов

### **ХАТТАМА бетгестіру жүргізу туралы**

10 қараша 2010 жыл.

Алматы қаласы

«19» сағат «00» минутта басталып, «19» сағат «25» минутта аяқталды.

Алматы қалалық ПБ ТБ тергеушісі, полиция майоры Н. Ахметов,  
Алматы қалалық ПД-ң Тергеу басқармасында № 00848114596428

санды қылмыстық іс бойынша айыпкер Байменов Алмас, қорғаушысы Жүрқабаев А. мен айыпкер Қасымов Берік, қорғаушысы Иманбаев Б. екеуінің арасында беттестіру жүргізіп, осы хаттаманы толтырдым.

Тергеулік әрекеті басталмас бұрын ҚР ҚДЖК-нің 214-бабына сәйкес жәбірленуші жұбайына және жақын туыстарына қатысты қылмыстар бойынша, сонымен қатар дінді уағыздаушы қызметкерлерге сенім арқылы белгілі болған қылмыстар жөнінде жауап беруден бас тартуына құқылы екені түсіндірілді.

Жауап беруден бас тартсам, Қазақстан Республикасының ҚК-нің 352-бабы бойынша және біле-тұра өтірік жауап берсем, ҚР ҚК-нің 353-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығым маған ескертілді.

Тергеуші: – Бір-бірлеріңізді танысыздар ма, қандай қарым-қатынастасыздар?

Айыпкер Байменов Алмас жауабы:

– Мен алдымда отырған Қасымов Берікті бұрыннан бері танимын, арамызда ешқандай бас араздықтар болған емес, досым болып келеді.

Айыпкер Қасымов Берікке сұрақ:

– Сіз Байменов Алмаспен сіздің Тараз қаласындағы әпкеңіз Гүлсараның үйінде бірге болған күндеріңіз болды ма?

Айыпкер Қасымов Б. жауабы:

– Иә, бірге кездескен күндеріміз болды, осы оқиғадан кейін шамамен бір апта өткен күннен кейін мен телефон шалып, өзім сол Тараз қаласына шақырғанмын. Сол кезде келген болатын.

Сұрақ Қасымов Б.:

– Сол кезде Байменов Алмасты не үшін шақырдыңыз?

Қасымовтың жауабы:

– Әпкелеріме барлық шындықты айтсын деп шақырған болатынмын. Байменов Алмас келіп әпкем Гүлмираға сол үйде отырып барлығын айтып берді, сонымен қатар қайтыс болған бала пышақпен бірінші болып менің қолымды ұрды, одан кейін мен оның пышағын алып өзін ұрдым деп айтты.

Байменов Алмасқа сұрақ: Сіз Қасымов Беріктің жауабын естідіңіз бе, келісесіз бе?

Байменов Алмастың жауабы: Мен пышақты алып ұрдым деп Беріктің сұрауы бойынша айттым.



Қасымов Б. сұрақ: – Сіз сол кезде Байменов Алмасқа пышақты алып мен ұрдым деп айтшы деп сұрадыңыз ба, сол кезде ол үйде кімдер болды?

Қасымов Б. жауабы: – Әпкелерім Гүлмира, Гүлсара және қарындасым Әйгерім болған. Басқа ешкім болмады.

Қасымов Б. сұрақ: – Сол кезде анаңыз сол жерде болды ма?

Қасымов Б. жауабы: – Анам ол кезде болған жоқ.

Байменов Алмасқа сұрақ: – Сіз сол кезде Қасымов Б. анасы болды сол кісіге жаным ашып пышақты алып мен ұрдым деп айттым деп жауап бердіңіз, ол туралы не айтасыз?

Байменов Алмастың жауабы: – Анасы болғаны рас.

Байменов Алмасқа сұрақ: – Сіздің неге елдің анасына жаныңыз ашыды, сол кезде пышақты алып мен ұрдым деп айтпас бұрын өзіңіздің анаңызды ойламадыңыз ба?

Байменов Алмастың жауабы: – Сол кезде сондай жағдай, Берік өзі ашуланған соң және жылап шыққан соң Беріктің айтуы бойынша пышақты алып мен ұрдым деп айта салдым.

Байменов Алмасқа сұрақ: – Қасымов Берікпен қашаннан бері доссыз, екеуіңіздің достығыңыз қандай болған?

Байменов Алмастың жауабы: – Дос болғанмызға екі айдай болған. Жақын араласатын танысым болған.

Байменов Алмасқа сұрақ: – Жақын араласатын таныс адамдардың барлығы сізге өздері жасаған қылмыстарын мойныңа ала тұршы уақытша десе сіз аласыз ба?

Байменов Алмастың жауабы: – Жоқ.

Қасымов Берікке сұрақ: – Сіздің Байменов Алмаспен араларыңыздағы достықтарыңыз қандай болды?

Қасымов Беріктің жауабы: – Жақын таныстық қарым-қатынаста болдым.

Қасымов Берікке сұрақ: – Сол кезде үйде сен және әпкелеріңнің араларыңда ренжіс болды ма, сіз Байменовке пышақты мен салдым деп айта тұршы деп сұрадыңыз ба?

Қасымов Беріктің жауабы: – Ешқандай ренжіс болмады, мен пышақты Байменов Алмасқа мен салдым деп уақытша айта тұршы деп сұрамадым. Бұл сөздердің барлығын ол ойдан шығарып алған.

Қорғаушы Аманбаевтың Қасымов Б. сұрағы: – Оқиға болған жерде сендерден басқа балалар болды ма?

Қасымов Б. жауабы: – Сапар, Нұрсапар және Нұрсапардың

досы, атын ұмытып қалдым, солар болды, олар машинада отырған болатын. Әпкеме Байменов Алмас өзі пышақты сол жігітке мен ұрдым – деп айтқан соң, ол балалар туралы тағы да сұрап жату мен үшін қажет бомады. Менің Байменов Алмасты шақырған ойым, болған оқиғаны яғни нақты пышақты кім салғанын айтып берсін дегенмін.

Қорғаушы Иманбаев Б. Байменов Алмасқа сұрағы: – Тараз қаласына қандай машинамен бардыңыздар, сағат қаншада бардыңыздар?

Байменов Алмастың жауабы: – Таксимен бардым. Түнгі сағат 24:00 болған.

Иманбаевтың Қасымовқа сұрағы: – Байменов Алмас Тараз қаласына қай жақтан келді, немен және сағат қаншада келді?

Қасымовтың жауабы: – Кешкі сағат 18:00 шамасында таксимен келді, мен күтіп алдым.

Иманбаевтың Байменов Алмасқа сұрағы: – Сол қолыңызбен кішкене күніңізден бастап жазасыз ба?

Байменов Алмастың жауабы: – Оң қолым 4-5 класта сынған болатын, содан бері оң қолыммен жаза алмай қалдым. Содан бері сол қолыммен жазуды жаза бастадым.

Басқа бір-бірлеріне сұрақтары болмады.

Хаттама дауыстап оқылды, арыз- шағымдар түскен жоқ.

Айыпкерлер:

Байменов А.

Қасымов Б.

Қорғаушылар:

Жұркабаев А.

Иманбаев Б.

ШБ ТБ тергеушісі полиция майоры:

Ахметов Н.

### **Студенттің өзін-өзі бақылауға арналған тест сұрақтары:**

*1. Жауап алу қандай әрекет:*

- 1) жедел- іздестіру әрекеті
- 2) материалдық іздерді алу
- 3) қайта құру үрдісі
- 4) вербальды емес әрекет
- 5) вербальды тергеу әрекеті

*2. Жауап берушінің процессуалдық жағдайына байланысты жауап алу түрлері:*

- 1) алғашқы жауап алу
- 2) қосымша жауап алу
- 3) қайталама жауап алу
- 4) барлығы дұрыс
- 5) барлығы дұрыс емес

*3. Жауап берушінің процессуалдық жағдайына байланысты жауап алу түрлері:*

- 1) айыпталушыдан жауап алу
- 2) кәмелетке толмағандардан жауап алу
- 3) куәлардан жауап алу
- 4) сезіктіден жауап алу
- 5) барлығы дұрыс

*4. Жауап берушінің процессуалдық жағдайына байланысты жауап алу түрлері:*

- 1) жәбірленушіден жауап алу
- 2) сезіктіден жауап алу
- 3) сарапшыдан жауап алу
- 4) куәдан жауап алу
- 5) барлығы дұрыс

*5. Қажетті мән – жайлар туралы ақпарат алу үшін жүргізілетін тергеу әрекеті:*

- 1) айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау
- 2) жауап алу
- 3) сараптама тағайындау
- 4) тінту
- 5) тергеу эксперименті

*6. Жауап алудың тактикалық ұсыныстарына кірмейді:*

- 1) криминалистік техниканың ережелерін сақтау
- 2) психологиялық ерекшеліктерді ескеру
- 3) айғақтарды сараптау мен бағалау
- 4) жауап алу кезектілігін сақтау
- 5) сұрақтарды нақты және дұрыс қою

7. Жауап алудың дайындық кезеңіне кірмейді:

- 1) іс материалдарымен танысу
- 2) жауап берушінің жеке басын анықтау
- 3) жауап берушілердің кезектілігін анықтау
- 4) жауап алудың жоспарын құру
- 5) еркін баяндауға жағдай жасау

8. Жәбірленуші мен куәлардан жауап алу алдында тергеуші міндетті түрде ескертеді:

- 1) жауап алудың уақыты жайында
- 2) жауап алудың жалпы мақсаты туралы
- 3) жауап алудың маңызы жайлы
- 4) қылмыстық жауапкершілікті
- 5) жауап алудың кезектілігі жайында

9. Куәлар мен жәбірленушіден жауап алу кезіндегі дайындық шараларына не кірмейді:

- 1) жоспар құру
- 2) мамандарды шақыру
- 3) қарым – қатынасты қалыптастыру
- 4) жауап алу уақытын анықтау
- 5) жауап алу орнын анықтау

10. Жауап алудың еркін әңгіме сатысында, тергеуші жеке тұлға туралы қандай деректер жинайды:

- 1) қызметтік мінездеме
- 2) сотталғандығы туралы мәлімет
- 3) жеке өмірі туралы мәлімет
- 4) жеке тұлғаның қозғалысы, әдеті
- 5) болған оқиға туралы мәлімет

11. «Сіз үйге 412 автобуспен жеттіңіз бе?» – бұл сұрақ қандай:

- 1) негізгі
- 2) нақтылаушы
- 3) толықтырушы
- 4) жетекші
- 5) бақылау

12. «Қылмыскер қоңыр түсті жейдеде болды ма?» – бұл сұрақ қандай:

- 1) негізгі
- 2) нақтылаушы
- 3) толықтырушы
- 4) жетекші
- 5) бақылау

13. Оқиғамен байланысты жағдайларды есіне түсіру үшін қолданылатын тактикалық тәсіл:

- 1) аңызға жол беру
- 2) тосыннан сұрақ қою
- 3) оқиға болған жерде жауап алу
- 4) дәлелдемелерді көрсету
- 5) психологиялық байланысты орнықтыру

14. Жауап берушіге қандай сұрақтар қоюға болмайды:

- 1) негізгі
- 2) нақтылаушы
- 3) толықтырушы
- 4) жетекші
- 5) бақылау

15. Ұмытылған фактілерді қалпына келтіру үшін қолданылатын тактикалық тәсіл:

- 1) сұрақтардың бөлшектенуі
- 2) тінтуде алынған заттарды ұсыну
- 3) қайтадан жауап алу
- 4) ұсынылған дәлелдемелердің маңызын түсіндіру
- 5) кезектілікті сақтай отырып жауап алу

16. Сұралған фактілер бойынша ұмытылғанды қалпына келтіретін тактикалық тәсіл:

- 1) дыбыс жазбасын қолдану
- 2) жетекші сұрақтар қою
- 3) көрнекі құрал көрсету
- 4) дәлелдемелер ұсыну
- 5) еркін баяндамаға жағдай жасау

*17. Жалған көрсетпелерді әшкерелеуде қолданылатын жауап алудың тактикалық тәсілі:*

- 1) оқиға болған жерде жауап алу
- 2) көрнекі құрал көрсету
- 3) хронологиялық кезектілікпен сұрақтар қою
- 4) еркін баяндамаға жол беру
- 5) дәлелдемелер ұсыну

*18. Сезікті жауап беруден бас тартқан жағдайда қолданылатын жауап алудың тактикалық тәсілі:*

- 1) психологиялық байланысты орнату
- 2) тосын сұрақтардың қойылуы
- 3) жалған көрсетпелері үшін қылмыстық жауаптылықты ескерту
- 4) оқиға болған жерде жауап алу
- 5) аңызға жол беру

*19. Сезікті жауап беруден бас тартса, қандай тактикалық тәсіл қолданылады:*

- 1) дыбыс баспасын қолдану
- 2) жетекші сұрақтарды қою
- 3) еркін баяндауға жағдай жасау
- 4) жалған көрсетулер үшін қылмыстық жауапкершілікті ескерту
- 5) психологиялық байланыс

*20. Жауап берушіні күйзеліске ұшырататын жағдай:*

- 1) дәліздегі тынышсыздық
- 2) телефон қоңырауы
- 3) өзге тұлғалардың қатысуы
- 4) тергеушінің немқұрайлылығы
- 5) барлығы да дұрыс

*21. Сезікті болған оқиға туралы ешнәрсе білмейді және ол жерде болмағандығы туралы мәлімдеді. Қандай жағдай туындады:*

- 1) қайшылықсыз
- 2) жағымды (позитивный)
- 3) қайшылықты
- 4) жағымсыз
- 5) біреуі де сәйкес келмейді

22. Қайшылықсыз жағдайларға тән жауап алудың түрлері:

- 1) жалған жауап беріп отырған куәдан жауап алу
- 2) сезіктіден жауап алу
- 3) көрсетпе жалған жауап берген сарапшыдан жауап алу
- 4) шынайы мәлімдеме беріп отырған куәдан жауап алу
- 5) айыпкерден жауап алу

23. Жауап алудан туындайтын қажетті тергеу әрекеті:

- 1) құжаттарды қарау
- 2) оқиға болған жерді қарау
- 3) қолжазба сараптамасын тағайындау
- 4) тану үшін көрсету
- 5) тінту

24. Жауап алудың негізгі кезеңі басталады:

- 1) жеке басының мәліметтерін анықтаудан
- 2) дыбыс баспасы, аудио – видео бейнесі құралдарын қолданудан
- 3) еркін баяндаудан
- 4) жалған көрсетулер үшін қылмыстық жауапкершілікті ескертуден
- 5) шапшаң жылдамдықпен жауап алу

25. Сезікті жалған айғақтар берген кезде қолданылатын әдіс:

- 1) дыбыс баспасын қолдану
- 2) аңыз әңгімелерге жол беру
- 3) жанама сұрақтар қою немесе оның зейінін бөлу
- 4) жауап алуды жылдам немесе баяу жүргізу
- 5) барлығы дұрыс

26. Айыпталушы жалған жауап бергенде қолданылмайтын әдістер:

- 1) көрсетпелерді нақтылау
- 2) білетіндігі туралы куәландыратын сұрақтар қою
- 3) дәлелдемелерді әртүрлі кезектілікпен көрсету
- 4) күтпеген дәлелдемелерді көрсету
- 5) барлығы дұрыс

27. *Куәлардың көрсетпелеріне әсер етпейтін объективтік фактор:*

- 1) қылмыс оқиғасының қысқа уақыттылығы
- 2) нашар естуі
- 3) көзінің нашар көруі
- 4) эмоционалды жағдайы
- 5) зейіннің бағытталғандығы

28. *Субъективті болып табылмайтын факторлар:*

- 1) куәлардың оқиға болған жерден алыста болуы
- 2) шаршап-шалдығу жағдайында болуы
- 3) тергеліп жатқан қылмыстық оқиғаға мүдделілігі
- 4) эмоционалды жағдайы
- 5) зейіннің бағыттылығы

29. *Жәбірленушіге болған оқиға жағдайларын есіне түсіру мақсатымен жүргізілетін әрекеттер (реминисценция):*

- 1) кейінге қалдырмай жауап алу
- 2) белгілі уақыт мерзімінен кейін жауап алу
- 3) жалпыдан жекеге өту арқылы сұрақтар қою
- 4) еркін баяндауға мүмкіндік беру
- 5) дәлелдемелерді ұсыну

30. *Сезікті жалған алиби ұсынған кезде қолданылатын тактикалық тәсіл:*

- 1) еркін баяндау
- 2) көрсетпелерді нақтылау
- 3) дәлелдемелерді ұсыну
- 4) жеке басын анықтау
- 5) жауап алудың жай қарқыны

31. *Сезіктің алибиін жоққа шығарудың тиімді әдісі:*

- 1) нақтылаушы және бақылаушы сұрақтар қою
- 2) дәлелдемелер ұсыну
- 3) ұсынылған дәлелдемелердің маңыздылығын түсіндіру
- 4) көрсетпелерді нақтылау
- 5) барлығы да дұрыс



*32. Куәлар мен жәбірленушіден жауап алу кезіндегі дайындық шараларына не кірмейді:*

- 1) жоспар құру
- 2) мамандармен кеңесу
- 3) қарым-қатынасты қалыптастыру
- 4) жауап алу уақытын анықтау
- 5) жауап алу орнын анықтау

*33. Сезікті мен жәбірленушінің жауаптарының арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда жүргізілетін тергеу әрекеті:*

- 1) куәлардан жауап алу
- 2) сот сараптамасын тағайындау
- 3) беттестіру
- 4) құжаттарды алу
- 5) тергеу эксперименті

## 5-тақырып

---

### ТЕРГЕУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ ТАКТИКАСЫ

#### **Дәріс, тәжірибелік және СОӨЖ (СӨЖ) сабақтарының негізгі мазмұны**

Тергеу экспериментінің түсінігі, оның түрлері. Тергеу экспериментінің процессуалдық шарттары. Тергеу экспериментін жүргізуге жол берілмейтін жағдайлар. Тергеу экспериментінің жалпы тактикалық ережелері.

Тергеу экспериментіне дайындық. Реконструкция жасау. Экспериментке қатысатын адамдар, олардың рөлі. Мамандарды пайдалану. Тергеу экспериментінің жекелеген түрлерін өткізу ерекшеліктері. Тәжірибе шарттарының зерттеліп отырған жайдың шарттарына мейлінше сәйкес келуі. Тәжірибелердің варианттары. Эксперимент нәтижелерін бекітіп жазып алу. Тергеу экспериментінің қорытындысын бағалау.

#### **Тергеу экспериментінің тактикасы**

##### **Тәжірибелік сабақтың мақсаты:**

- 1) тақырыпқа байланысты теориялық негіздер туралы сұрау;
- 2) криминалистік полигондағы макеттер, плакаттар, стендтер арқылы талдау жұмыстарын жүргізу;
- 3) қажет ғылыми-техникалық құралдармен танысу;
- 4) тергеу ситуациясын (есеп бойынша) талдап, тергеу экспериментіне дайындық жұмыстарын жүргізуді үйрету;
- 5) тергеу эксперименті бойынша студенттер өзара рөлдерді бөлісе отырып, оны тәжірибе жүзінде жүргізу;
- 6) жүргізілген тергеу экспериментінің нәтижесін талдау, кемшіліктердің болу себептеріне негіз болған жағдайларды анықтау және көрсету;

7) жүргізілген тергеу экспериментінің нәтижелері бойынша жасалған хаттамаларды талдау.

### **Теориялық негіздер туралы бақылау сұрақтары:**

1. Тергеу экспериментінің түсінігі, маңызы, процессуалдық шарттары.
2. Тергеу экспериментін жүргізуге жол берілмейтін жағдайлар.
3. Тергеу экспериментінің түрлері.
4. Тергеу экспериментінің кезеңдері және оны жүргізудің амалдары.
5. Тергеу экспериментінің дайындық жұмыстары.
6. Реконструкция, реставрацияның түсінігі
7. Экспериментке қатысатын адамдар, олардың рөлі.
8. Тергеу экспериментінің жекелеген түрлерін өткізу ерекшеліктері.
9. Тәжірибелердің нәтижелері бойынша бекітудің тәртібі.
10. Тергеу экспериментінің қорытындысын бағалау.
11. Бақылау сұрақтары және жалпы өткен тақырып бойынша қорытынды шығару.

### **Ұсынылатын СОӨЖ тақырыптары:**

1. Тергеу экспериментінің түсінігі, маңызы – реферат.
2. Тергеу экспериментінің жалпы тактикалық ережелері – реферат.
3. Тергеу экспериментін жүргізу кезеңінде реконструкцияның, реставрацияның маңызы – реферат.
4. Тергеу экспериментінің жекелеген түрлерін өткізу ерекшеліктері (жалпы ережелері) – реферат.
5. Белгілі бір жағдайда қабылдау мүмкіндіктерін тексеру кезеңіндегі тергеу экспериментінің тактикасы – реферат.
6. Белгілі бір жағдайда әрекеттер жасау мүмкіндіктерін тексеру кезеңіндегі тергеу экспериментінің тактикасы – реферат.
7. Белгілі бір құбылыс болу мүмкіндігін тексеру кезеңіндегі тергеу экспериментінің тактикасы – реферат.
8. Іздің пайда болу жолын тексеру кезеңіндегі тергеу экспериментінің тактикасы – реферат.
9. Тергеу экспериментін жүргізу кезеңінде бекітудің және бағалаудың ерекшеліктері – реферат.

### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 13 желтоқсан 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). – Алматы: Юрист, 2014.
2. Белкин Р.С. Эксперимент в следственной и судебно-экспертной практике. – М., 1964.
3. Гинсбург А.Я., Мажитов Ш.М. Тактические основы следственных действий. – Алматы, 1977.
4. Еркенов С.Е., Султанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. – Алматы: Данекер, 2002.
5. Жәкішев Е.Ғ., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темирболат Н.С. Криминалистика. – Алматы. – ҚазҰУ, 2005.
6. Порубов А.Н. Ложь и борьба с ней на предварительном следствии. – Минск, 2002.
7. Селиванов А.Н., Тербилов В.И. Первоначальные следственные действия. – М., 1969.

### **Есептер:**

1. Тепловоз механигі С.Сапарғалиев ауыр салмақты жүк поезды жүргізу кезінде дөңгелек астында төрт оқушыны басып кеткені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Полиция бөлімінің қызметкерлерімен жүргізілген тергеу барысында басып кету теміржолдың шұғыл бұрылыстары, өрлері мен еңістері бар тәсімді төбелі жағдайында жүзеге асырылғандығы анықталды. Басып кету орын алған жерден 830 метр қашықтықта тұрған темір жол қараушысы А. Иванов жауап беру кезінде тепловоздың сигналдарын естімегендігін және оқиғаның төбенің арғы жағында болғандықтан басып кеткен балаларды көрмегендігі туралы айтты.

Механик С.Сапарғалиевтің берген көрсетпесі бойынша: «Мен құрамды еңіс бойымен 60 км жылдамдықпен тежеуішті баса отырып жүргіздім. Балаларды 20° бұрышпен тығыз орналасқан ойыстан шыққанда 100 м арақашықтық қалғанда ғана байқадым. Жедел созылмалы сигнал беріп шұғыл тежеуді қостым. Бірақ ауыр жүк пойызының қысымын ұстай алу мүмкіндігім болмады». С.Сапарғалиевтің тұжырымдауы бойынша, балалар дабылды естімеді, себебі бір-бірімен жарысып сөйлесіп бара жатты.

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттері қандай?*

*Тергеу әрекетін қалай ұйымдастыру керек (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар, макеттер, мани-*

кендер)? Тергеу әрекетін жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Қаниша куәгерлер, қалай қайталау және нені өзгертіп қайталау қерек? Тергеушінің дайындық жұмысы қандай жағдайларға бағытталуы тиіс? Тәжірибенің нәтижесін қалай бекітеді?

2. 2010 жылы 6 тамызда Мәдениет және демалыс саябақ өзенінде қайықпен жүзу кезінде орта білім мектебінің 3-сынып оқушылары Тоня Коростелева және Дима Зацепин батып кетті. Жазатайым оқиға кешкі сағат 22.00 шамасында тұманды ауа райы жағдайында болды.

Қылмыстық жауапкершілікке саябақ қайық стансасының басшысы А.Зомин және кезекші матрос П. Иванов тартылды. Оларға біріншіден оқушыларды тұман түскен кезде кері шақырып алмағандығы және екіншіден қайық кездейсоқ аударылып кеткенде көмек көрсетпегендері бойынша айып тағылды.

А. Зомин мен П. Иванов жағажайдан 120 метр қашықтықта табылған, төңкерілген қайықты тұман кезінде көру мүмкін емес болғанын, сондай-ақ көмек сұраған айқай мен шуды естімегендерін айтты.

*Нақты тергеу іс-әрекетінің алдына қойылатын міндеттері қандай?*

*Тергеу әрекетін қалай ұйымдастыру керек (қатысушылар құрамы, жоспар, ғылыми-техникалық құралдар, макеттер, маникендер)? Тергеу әрекетін жүргізу кезінде қандай мамандардың қатысуы қажет? Қаниша куәгерлер керек, қалай қайталау және нені өзгертіп қайталау керек? Тергеушінің дайындық жұмысы қандай жағдайларға бағытталуы керек? Тәжірибенің нәтижесін қалай бекітеді?*

3. Дүкеннен үй тауарларын тонауға байланысты іске А. Воронов деген азаматты тінту барысында одан көп мөлшерде тоналған заттар табылып, айып тағылды.

А. Воронов өз кінәсін мойындап, тергеушіге тонау әрекетін қалай істегенін айтып берді.

Дүкеннің терезесі сырт жақтан ашылатынын пайдаланған А. Воронов, басында ілемгі бар ұзын таяқшамен қабырғадағы және тартпадағы түрлі тауарларды шығара берген.

А. Вороновтың жауабын тексеруді, тергеуші айыпталушыны қатыстыра отырып эксперимент жүргізді.

Куәгерлердің қатысуымен ол терезеге жақындап, пышақтың көмегімен терезені еш кедергісіз ашты. Басында ілмегі бар ұзын таяқпен әйел адамның киімін салатын затты алып шықты.

*Тергеушінің айыпталушыны тергеу экспериментіне қатыстыру әрекеті дұрыс па?*

*Осы тергеу экспериментін жүргізу хаттамасын толтырыңыз.*

4. Өндіріс орнынан тоналған жәшіктерді Газ-51 жүк машинасына белгілі көлемде тиеу қажеттілігі туындады. Тергеу эксперименті кезінде тоналған жәшіктерді шығарған жүк машинасымен жүргізу мүмкіндігі болмағандықтан, тергеуші сол маркадағы басқа жүк машинасымен жүзеге асырды.

*Тергеушінің әрекеті заңды ма?*

5. Айыпталушы, өзінің қылмыс жасағанын мойындап, 20 минут уақыт ішінде дүкеннен белгілі мөлшерде тауар алып шыққаны туралы көрсетпе берді. Оның жалғыз өзі осы қысқа уақыт ішінде көп мөлшерде тауарды дүкеннен шығарғаны күмән туғызды. Осыған орай, тергеуші айыпталушының бұл іс-әрекетті жалғыз жасағаны және ол өзінің көмекшілерін атағысы келмегені жайлы күдіктенді.

Айыпталушының жауабын тергеу эксперименті арқылы тексеру жөнінде шешім қабылданды.

Дүкенге тоналған заттарға ұқсас тауарлар қойылып, айыпталушыға осы тонау әрекетін қалай жасағанын көрсету тапсырылды.

Айыпталушы, дүкеннен тауарларды 19 минут уақыт аралығында алып шығады.

*Бұл экспериментті жүргізу кезінде бұл айғақ қандай негізде тіркелуі тиіс?*

*Тергеу экспериментінің хаттамасын толтырыңыз.*

6. Азамат М. Кабилов мас күйінде бұзақылық ниетпен азамат К.Азимовты бұрғымен басына, бетіне, мойнына 9 жарақат салу арқылы қасақана өлтірген.

М. Кабиловты жеке тінту жүргізу кезінде одан бұрғы табылды. Тергеуші тергеу экспериментін жүргізуді бекітіп, өлген адамға жарақат осы бұрғымен ба, әлде өзге затпен келтіргенін анықтау мақсатын қойды.

Оны жүргізу үшін ол мәйіт денесінің жарақаттанған жерлеріне бұрғыны салып көру арқылы мәйіт терісіндегі жарақаттан қалған ізбен бұрғы жүзінің бір-біріне сәйкес келетендігін анықтауды ұсынды.

*Аталған тергеу экспериментін жүргізу заңды ма әлде заңсыз ба, неге мұндай экспериментке жол берілмейді?*

### **Тергеу эксперименті хаттамасының жобасы**

Тергеу эксперименті жүргізілген күні. Тергеу эксперименті жүргізілген жері. Оны жүргізген тұлғаның қызметі (лауазымы, жұмыс орны, шеңдік атағы, және шені, тегі, аты-жөні). Тергеу эксперименті сәйкесінше жүргізілген ҚДЖК-нің бабына сілтеме.

Тергеу экспериментіне қатысатын тұлғалар көрсетіледі: куәгерлер (тегі, аты-жөні, мекенжайы); мамандар (тегі, аты-жөні, мекенжайы, мамандығы, ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орны); куәлардың, жәбірленушілердің, айыпталушылардың тегі, аты-жөні, мекенжайы, сондай-ақ дублер ретінде қатысушы тұлғалар, полиция қызметкерлері және әкімшіліктің өкілдері.

Тергеу экспериментіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Тергеу экспериментін жүргізудің негізі мен қажеттілігі.

Тергеу эксперименті жүргізілген кезеңдегі ауа райы мен қоршаған ортаның жағдайын сипаттау.

Тергеу экспериментін жүргізу үшін эксперимент жүргізілетін жерге реконструкция мен өзгерістер енгізу әрекеттері.

Тергеу экспериментіне қатысушылардың эксперимент кезінде орналасуы.

Эксперимент барысында жүргізілетін барлық әрекеттерді жан-жақты сипаттау және оның нәтижесін көрсету.

Тергеу экспериментінің басталу мен аяқталу уақыты.

Тергеу экспериментіне қатысушылардың қолдары мен арызы.

## **ХАТТАМА**

### **Тергеу экспериментін жүргізу туралы**

(үлгі)

Теміртау қаласы

12 қыркүйек 2010 жылы

Теміртау қаласының ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция капитаны С.Сандалов, ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция капитаны П.Поповтың қатысуымен,

Куәгерлер: 1. Чайковский Иван Кламович, тұрғылықты жері: Теміртау қаласы, Николаева, 53; 2. Селянина Клавдия Сергеевна,

тұрғылықты жері: Теміртау қаласы, Николаева 11; 3. Воздухов Василий Васильевич, тұрғылықты жері: Теміртау қаласы, Николаева, 48-үй, 3-пәтер; 4. Богораз Павел Сидорович, Теміртау қаласы, Николаева, 52-үйде тұрады.

Куәлар: Захаров Виктор Федорович және Понамарев Захар Иосифович, №14567890456-қылмыстық іс бойынша айыпталушы Сibaгатуллин Ахметов Садыковичтың қатысуымен.

Жедел-іздістіру бөлімінің қызметкерлері: Соколов И.П., Алғабасов М.С. №14567890456-қылмыстық іске байланысты, ҚР ҚДЖК-нің 239-бабын басшылыққа алып, 11 қыркүйек 1997 жылы айыпталушы Сibaгатуллин Ахметовтың берген жауабындағы жағдай бойынша естілу мүмкіндіктерін тексеру мақсатында тергеу эксперименті жүргізілді.

Аталған тұлғалардың тергеу экспериментіне қатысу құқықтары мен міндеттері түсіндірілген және тергеу экспериментіне басқа да қатысушылар тергеушінің әрекетінің негізі бойынша өтініш береді.

Эксперимент Николаев көшесінің бойындағы 48-ші үйінің 2-қабатындағы бөлмелерде жүргізілді. Дәліз жүйесі екінші қабатта орналасқан. Сibaгатуллин Ахметовтың бөлме есігінен, 2-қабаттың орталық дәлізіне шығады. Осыдан екінші қабатта қалған жеті бөлмелердің есігі шығады. Сibaгатуллин Ахметовтың атқаратын бөлмесі 4-сандық атаумен есептелінеді. Сibaгатуллин Ахметовтың нұсқауы бойынша бөлмеде куә Захаров пен куә Понамарев әңгімелесіп отырған, яғни 6-нөмерлі және шығыс қабырғасы 4-нөмерлі бөлменің батыс қабырғасымен ұштасады. Қатарлас 4-нөмерлі және 6-нөмерлі бөлмелердің екі жақтары да сырланған, бөрене қабырғасымен бөлінген.

Эксперимент «13» сағат «34» минут ауа-райының сыртқы температурасы +8С, желсіз, тынық жағдайында жүргізілді. Эксперимент барысында сол сияқты көшеден, сондай-ақ көршілес бөлмеден, 4- және 6-нөмерлі бөлмелерге бөгде дыбыстар естілмеді.

Тергеуші Попов, полиция Соколов пен Алғабасов, айыпталушы Сibaгатуллин Ахметов, куәгерлер Чайковская мен Селянин бөлмеден бөлінетін 4-бөлменің қабырғамен бойлай бөлінген 4-бөлмедегі орындыққа жайғастырылды. Есік жақсылып жабулы.

Тергеуші Сандалов, куәлар Захаров пен Понамарев, куәгерлер Воздуховты, Богоразды 4-бөлмеден бөлінетін, қабырғамен бойлай



бөлінген 6-бөлмедегі орындыққа жайғастырылды. Дәліз есігі толықтай жабулы. Сондай-ақ екі жақтың терезелері тығыздап жабылған. Екі жақтағы бөлмеде болған экспериментке қатысушылар, сағат уақытын тексеріп, дәл «13» сағат «40» минутта тергеуші Захаров пен Понамаревтің белгі беруі бойынша кезектесіп 6 рет орташа дауыс ырғағымен: «Сибագатуллинді көміп, содан алаяқтарға қатысы бар деректер жинау керек» деп орташа дауыстап айтты.

«13» сағат «45» минутта тергеуші Захаров пен Понамаревтың белгі беруі бойынша кезектесіп, 6 рет дәл осы сөздерді (жоғары үнмен) дауыстап айтылды.

«13» сағат «50» минутта тергеуші Захаров пен Понамаревтың белгі беруі бойынша кезектесіп, 6 рет жоғарыдағы сөздерді: (өте жоғары дауыспен) айқайлап айтылды.

«14» сағат «03» минутта 6-бөлмеде болғандардың барлығын, 4-бөлмеге шақыртып алып және тергеушінің сұрақтарына жауап берді.

1. «13» сағат «40» минутта Поповқа, Сибագатуллинге, Соколовқа, Алгабасовқа, Чайковскийге және Селянинаға адам дауысының дыбыстары түсініксіз естілді.

2. «13» сағат «45» минутта Поповқа, Сибագатуллинге, Соколовқа, Алгабасовқа, Чайковскийге және Селянинаға адам дауысының дыбыстары әлсіз естілді. Бірақ сөздердің мағынасын түсіне алмады.

3. «13» сағат «50» минутта Поповқа, Сибագатуллинге, Соколовқа, Алгабасовқа, Чайковскийге және Селянинаға адам дауысы естілді, бірақ сөзді талдай алмады.

Тергеу эксперименті «14» сағат «10» минутта аяқталды.

Куәгерлер: 1. Чайковский И.К. \_\_\_\_\_  
2. Селянина К.С. \_\_\_\_\_  
3. Воздухов В.В. \_\_\_\_\_  
4. Богораз П.С. \_\_\_\_\_

14-істің куәлары: 1. Захаров В.Ф. \_\_\_\_\_  
2. Понамарев З.И. \_\_\_\_\_

Іс бойынша айыпталушы: Ахметов С. \_\_\_\_\_  
ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі: Попов П. \_\_\_\_\_  
ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі: Сандалов С. \_\_\_\_\_

Жедел іздестіру бөлімінің қызметкерлері:

1. Соколов И.П. \_\_\_\_\_  
2. Алғабасов М.С. \_\_\_\_\_

### **Студенттің өзін-өзі бақылауға арналған тест сұрақтары:**

*1. Тергеу экспериментінің негізі:*

- 1) айғақты заттарды іздеу
- 2) сезіктінің жеке басын анықтау
- 3) тәжірибелі әрекеттер жүргізу
- 4) көрсетпелер алу
- 5) бәрі де дұрыс емес

*2. Тергеу экспериментін жүргізу кезіндегі куәлар мен жәбірленушілердің рөлі:*

- 1) экспериментке қатысушыларды таңдау
- 2) эксперимент нәтижесін бағалау
- 3) реконструкция жасауға көмек көрсету
- 4) эксперимент фактісін куәландыру
- 5) экспериментті бекіту

*3. Тергеу экспериментіне маманды қатыстыру қажеттілігін анықтайды:*

- 1) қылмыстық әрекетті саралау
- 2) бұлтартпау шараларын қолдану
- 3) тактикалық шешім
- 4) арнайы білімінің қажеттілігі
- 5) барлық жағдайда қатысуы міндетті

*4. Тергеу эксперименті жүргізілмейді:*

- 1) теледидарды осы саңылау арқылы шығаруға бола ма?
- 2) шаппаның (след бойка) ізі бойынша тапаншаны идентификациялауға бола ма?
- 3) ақшаның суретін осы адамның өзі салуы мүмкін бе?

4) 50 метр арақашықтықтағы адамның кім екенін анықтау мүмкін бе?

5) бөлмеде отырып атылған мылтықтың дауысын естуге бола ма?

5. *Тергеу эксперименті арқылы шешілуге жатпайтын жағдайлар:*

- 1) қандай да бір фактілер мен құбылыстардың болу мүмкіндігі
- 2) іздердің пайда болу механизмі
- 3) әрекеттер жасау мүмкіндігі
- 4) құралдарды идентификациялау мүмкіндігі
- 5) кәсіби дағдысының болуы

6. *Қандай тергеу экспериментінде жауабы тексерілетін тұлғаның қатысуы міндетті?*

- 1) құбылыстардың болу мүмкіндігі
- 2) құбылыстар мен мәліметтерді қабылдау мүмкіндігі
- 3) белгілі бір әрекеттерді жасау мүмкіндігі
- 4) кәсіби дағдысының болуы
- 5) функционалдық қасиеттерді анықтау

7. *Тергеу экспериментінің қатысушыларына нұсқаулықтар бергенде ескерілмейтін факторлар:*

- 1) процессуалдық жағдайы
- 2) әр қатысушының рөлі
- 3) тәжірибелердің кезектілігі
- 4) жүргізілетін тәжірибе мақсаты
- 5) тәжірибелі әрекеттерді модельдеу

8. *Эксперименттің тактикалық ережесі болып табылмайды:*

- 1) бірнеше рет қайталап жүргізу
- 2) өзгертілген факторларды ескеру
- 3) міндетті шарттарды орындау
- 4) тәжірибелерді күрделенген жағдайларда жүргізу
- 5) экспериментті кенеттен жүргізу

9. *Эксперименттің дұрыстылығына әсер ететін жағдай:*

- 1) куәгерлердің қатысуы

- 2) жүргізу шарттары
- 3) сезіктінің қатысуы
- 4) куәлардың қатысуы
- 5) жәбірленушінің қатысуы

*10. Тергеу экспериментінің тактикасына жатпайды:*

- 1) тәжірибенің жағдайы тексерілетін оқиғаға барынша ұқсас болуы керек
- 2) тәжірибені бірнеше рет қайталау керек
- 3) тәжірибені кезең – кезеңімен жүргізу керек
- 4) тәжірибеге қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтіндей болу керек
- 5) кейінге қалдырылмай жүргізілуі керек

*11. Қандай тергеу эксперименті жүргізілмейді:*

- 1) құбылысты, фактіні қабылдау мүмкіндігі
- 2) құбылыстың болу мүмкіндігі
- 3) белгілі бір әрекеттерді жасау мүмкіндігі
- 4) іздердің механизмін анықтау мүмкіндігі
- 5) бүтінді бөлшектеп идентификациялау мүмкіндігі

*12. Тергеу экспериментінің түрлері жүргізіледі:*

- 1) қандай да бір құбылыстың болу, болмау мүмкіндігі
- 2) дағдының болуын анықтау мүмкіндігі
- 3) құбылысты қабылдау мүмкіндігі
- 4) қылмыстың механизмін анықтау мүмкіндігі
- 5) аталғандардың барлығы тергеу экспериментінің түріне кіреді

*13. Қандай міндеттерді шешуде тергеу эксперименті жүргізілмейді:*

- 1) ұрланған заттарды жалғыз адам әкетуі мүмкін бе?
- 2) терезе арқылы пәтерге енуге бола ма?
- 3) пәтерде отырып, баспалдақтағы әңгімені есту мүмкін бе?
- 4) двигатель нөмірін қалпына келтіру мүмкін бе?
- 5) тұрмыс техникасының 20 қорабы контейнерге сыюы мүмкін бе?

*14. Тергеу экспериментінде қайта қалпына келтірудің рөлі:*

- 1) ақпаратты алу үшін
- 2) ақпаратты тексеру үшін
- 3) ақпаратты салыстыру үшін
- 4) тергеу экспериментін қайта жаңғырту үшін
- 5) жауаптағы қайшылықтарды жою үшін

*15. Тергеу экспериментінің дайындық сатысына жатпайды:*

- 1) жағдайды қайта қалпына келтіру
- 2) бағыт беретін ақпараттарды жинау
- 3) бастапқы ақпаратты анықтау
- 4) прокурорға хабарлау
- 5) тәжірибені бірнеше рет қайталау

*16. Тергеу экспериментінде тергеушінің дайындық әрекетіне кірмейді:*

- 1) жүргізілген қайта құруды тексеру
- 2) тергеу экспериментіне қатысушылардың нұсқаулықтары
- 3) куәгерлердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
- 4) қажетті құралдардың бар-жоқтығын тексеру
- 5) хаттама толтыру

*17. Белгілі бір арақашықтыққа жету уақытын анықтаудың негізгі шарттары:*

- 1) күннің уақыты (апта күні)
- 2) ауа райы жағдайы
- 3) көлік құралының жағдайы
- 4) жүргізушінің айдау деңгейі
- 5) барлығы

*18. Тергеу экспериментіндегі қабылдау мүмкіндігінің шарттары:*

- 1) жыл мезгілі (тәулік уақыты)
- 2) қабылдау орны
- 3) арақашықтық
- 4) тексеруге сәйкес кедергілер
- 5) барлығы

19. *Тергеу эксперименті кезінде қайта қалпына келтіруге жатпайды:*

- 1) нұқсан келтірілген объектілердің бөлшектерін қайта қалпына келтіру
- 2) оқиға орнындағы алғашқы жағдайды қалпына келтіру
- 3) жәбірленушінің дене бітіміне ұқсас маникен жасау
- 4) құралдың макетін дайындау
- 5) қолжазу үлгілерін алу

20. *Айыпталушы оқиға болған жерден үйіне дейін 30 минутта жүгіріп жеткендігін атап өтті. Осы жағдайды қандай тергеу әрекетімен тексеруге болады:*

- 1) оқиға болған жерді қарау
- 2) жауап алу
- 3) оқиға болған жерде жауапты тексеру
- 4) тергеу эксперименті
- 5) беттестіру

21. *Сараптама жүргізу кезінде сарапшы зерттеудің эксперименталды тәсілін пайдаланады. Ол жүргізеді:*

- 1) тергеу экспериментін
- 2) эксперттік эксперимент
- 3) жауаптарды нақтылау
- 4) қарау
- 5) зерттеу

22. *Бөлме терезесінен көру немесе есту мүмкіндігін тексеру үшін жүргізілетін тергеу экспериментіне неше куәгер қатыстырылады:*

- 1) біреу
- 2) үшеу
- 3) бесеу
- 4) төртеу
- 5) бесеуден көп

23. *Тергеу эксперименті барысында тергеушінің ұсынысы бойынша айыпкер дүкен қабырғасындағы терезе арқылы бірнеше рет өтті. Дүкеннен ұрланған тауарларды ұрлау фактісін қалай бағалайсыз:*

- 1) саңылау арқылы ұрлауы мүмкін
- 2) саңылау арқылы ұрлау фактісі анықталған
- 3) ұрлау фактісі тек қана түнгі уақытта болуы мүмкін
- 4) қабырғадағы саңылау арқылы кіріп ұрлау мүмкін емес
- 5) ұрлау фактісі тек қана күндізгі уақытта болуы мүмкін

*24. Төменде көрсетілген жағдайлардың қайсысы эксперименттің нәтижелеріне дұрыс баға береді:*

1) қабылдау мүмкіндігін тексеру кезінде теріс қорытындылар фактілі мәліметтердің рөлін атқарады

2) дұрыс нәтижелер оқиғаның шынайы механизмін куәландырады

3) дұрыс нәтижелер эксперименттің барлық түрлерінің тікелей дәлелдемелері болып табылады

4) болуы мүмкін қорытындылар фактілік мәліметтердің рөлін атқарады

5) дұрыс нәтижелер қабылдау мүмкіндігін тексеру кезінде фактілі мәліметтердің рөлін атқарады

## **6-тақырып**

---

### **ТАНУ ҮШІН КӨРСЕТУ, АЙҒАҚТАРДЫ ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДЕ ТЕКСЕРУ МЕН НАҚТЫЛАУ ТАКТИКАСЫ**

**Дәріс, тәжірибелік және СОӨЖ (СӨЖ) сабақтарының негізгі мазмұны**

Тану үшін көрсету, оның міндеті және түрлері. Тану үшін көрсетудің психологиялық негіздері және процессуалдық шарттары.

Тануға көрсетер алдындағы дайындық. Танитын адамнан жауап алудың ерекшелігі. Тануға ұсынылынатын объектіге ұқсас объектілерді іріктеп алу. Тануға көрсету жағдайы мен шартын таңдау. Адамды, мәйітті, жеке заттарды (бұйымдарды) малды, сондай-ақ ашық алаңды және үйдің ішін тануға көрсетудің тәртібі.

Объектілерді олардың фотосуретін көрсету арқылы таныту. Тануға көрсетудің қорытындысын бекіту. Танудың дәлелдемелік маңызын бағалау.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың маңызы, оның міндеттері, процессуалдық шарттары. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау жүргізуге дайындық жұмыстарының тәртібі, оның қорытындысына баға беру.

#### **Тану үшін көрсету**

**Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау**

**Тәжірибелік сабақтың мақсаты:**

- 1) тақырыпқа байланысты теориялық негіздер туралы сұрау;
- 2) қажет ғылыми-техникалық құралдармен танысу;
- 3) тану үшін көрсетудің (адамды, мәйітті, жеке заттарды, малды, сондай-ақ ашық алаңды және үйдің ішін) тануға көрсетудің ерекшеліктерімен таныстыру;



4) тергеу ситуациясын (есеп бойынша) талдап, тануға дайындық жұмыстарын жүргізуді үйрету;

5) объектілерді олардың фотосуретін көрсету арқылы тануды үйрету;

6) фабула бойынша студенттер өзара рольдерді бөлісе отырып, оны тәжірибе жүзінде жүргізу;

7) жүргізілген тану нәтижесін талдау, кемшіліктердің болу себептеріне негіз болған жағдайларды анықтау және көрсету;

8) жүргізілген тану нәтижелері бойынша жасалған хаттамаларды талдау;

9) айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау жүргізу ерекшеліктерімен фильм арқылы таныстыру (оқу құралы ретінде қолданылатын бейнежазбаларды көрсету);

10) көрсетілген бейнежазбаларды талқылау.

### **Теориялық негіздер туралы бақылау сұрақтары:**

1. Тану үшін көрсету, оның міндеті және түрлері.

2. Тану үшін көрсетудің психологиялық негіздері және процессуалдық шарттары.

3. Танитын адамнан жауап алудың ерекшелігі.

4. Адамды, мәйітті тануға көрсетудің тәртібі.

5. Жеке заттарды (бұйымдарды) тануға көрсетудің тәртібі.

6. Малды, ашық алаңды және үйдің ішін тануға көрсетудің тәртібі.

7. Тануға көрсетудің қорытындысын бекіту.

8. Танудың дәлелдемелік маңызын бағалау.

9. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың маңызы, оның міндеттері, процессуалдық шарттары.

10. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың басқа тергеу әрекеттерден айырмашылығы.

11. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың кезеңдері және оны жүргізудің амалдары.

12. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың дайындық жұмыстары.

13. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың нәтижелері бойынша бекітудің тәртібі.

14. Бақылау сұрақтары және жалпы өткен тақырып бойынша қорытынды шығару.

### **Ұсынылытын СОӨЖ тақырыптары:**

1. Тану үшін көрсетудің түсінігі, міндеттері және түрлері – реферат.
2. Тану үшін көрсетудің маңызы, процессуалдық тәртібі – реферат.
3. Адамды, мәйітті тануға көрсетудің тактикасы – реферат.
4. Заттай дәлелдемелерді тануға көрсетудің тактикасы – реферат.
5. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау маңызы – реферат.
6. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау міндеттері, процессуалдық шарттары – реферат.
7. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тактикасы – реферат.

### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 13 желтоқсан 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). – Алматы: Юрист, 2014.
2. Жәкішев Е.Ғ., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темирболат Н.С. Криминалистика. – Алматы. – ҚазҰУ, 2005.
3. Еркенов С.Е., Султанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. – Алматы: Данекер, 2002.
4. Бодалев А.А. Восприятие и понимание человека человеком. – М., 1982.
5. Гапанович Н.Н. Оpozнание в судопроизводстве. – Минск, 1975.
6. Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной и оперативно-розыскной тактике. – М., 1996.
7. Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.И., Салаев Б.А. Криминалистические методы и средства отождествления личности. – Алматы, 1998.
8. Поврезнюк Г.И. Криминалистические методы и средства отождествления личности. – Алматы, 2001.
9. Хлынцов М.Н. Проверка показаний на месте. – Саратов, 1971.
10. Шепитько В.Ю. Теоретические проблемы систематизации тактических приемов в криминалистике. – Харьков, 1995.
11. Шиканов В.И. Теоретические основы тактических операций в расследовании преступлений. – Иркутск, 1983.

### **Есептер:**

1. Кешкі сағат 22.00 шамасында студент С. Сорокинаға көшеде келе жатқан екі ер адам пышақпен қорқытып, сөмкесін алып,

қолындағы сағатын және көк түсті тасы бар сақинасын шешіп алған.

С. Сорокина тез арада полиция бөлімшесіне хабарласты. Ұрлықшылардың бірі ұзын бойлы, арық, ұзын мұрынды, құлақшыны бар мақталы куртқа киген, ал екіншісі орта бойлы, домалақ бетті, пальтосы және кепкасы болған. Кешкі сағат 23.00 шамасында полиция қызметкерлері көшеден С. Сорокинаның сипаттаған мәліметтеріне сәйкес келетін екі ер адамды ұстады. Олардың бірінен көк түсті тасы бар сақина табылды.

*Нақты тергеу әрекетінің алдына қойылатын міндеттер қандай? Тануға қандай объектілер жатады? Жауап алудың мақсаты неде? Тану тергеу әрекетінің әрқайсысын қалай ұйымдастыру керек (қатысушылар құрамы, дублер-объектілер қандай болу керек, тергеу әрекетінің жоспары, қолданылатын ғылыми-техникалық құралдар)? Тану үшін көрсетудің жұмыс кезеңінің барысы қандай? Тергеу әрекетінің нәтижелерін қалай бекіту керек?*

2. 16 қаңтар күні күндізгі сағат 15.00 шамасында Ақтөбе қаласының дұрыс жарықтандырылмаған көшелерінің бірінде өз мекемесінің қызметкерлеріне жалақы алып жаяу және күзетшісіз келе жатқан кассир С. Седельниковке қарақшылық әрекеті жасалды.

С. Седельниковтің баяндауы бойынша қылмыскерлер үшеу болған, барлығы орта бойлы және пальто мен шәпкі киген. С.Седельников олардың сыртқы бейне белгілерін байқамаған. Қылмыскерлер С.Седельниковтың портфелін жұлып алып, ішінен ақшаларды ала бастаған. С.Седельников осы жағдайды пайдаланып, көмек сұрап, айқайлап қашқан. Тонаушылар оны қуа бастаған, олардың біреуі дауысын көтеріп: «тезірек, тезірек оны ұстаңдар, әйтпесе қашып кетеді» деп айқайлаған дауысын естіген С.Седельников оның «р» әрпін кекештеніп айтқанын аңғарған.

Келесі күні полиция қызметкерлері ресторанда кассирді тонағанын айтып отырған орта бойлы және қатты кекештеніп сөйлейтін бір адамды ұстады.

*Нақты тергеу әрекетінің алдына қойылатын міндеттер қандай? Тануға қандай объектілер жатады? Жауап алудың мақсаты неде? Тану тергеу әрекетінің әрқайсысын қалай ұйымдастыру керек (қатысушылар құрамы, дублер-объектілер қандай болу керек, тергеу әрекетінің жоспары, қолданылатын ғылыми-техникалық құралдар)? Тану үшін көрсетудің жұмыс кезеңінің барысы қандай? Тергеу әрекетінің нәтижелерін қалай бекіту керек?*

3. Орта жастағы ер адамның мәйітін тану мақсатында тергеуші-стажер мәйітханада мәйітке ұқсас жас шамасындағы және дене бітімдегі басқа үш мәйіт арасында көрсетілуін бұйырды. Осылайша тергеуші-стажер осы тергеу әрекеті қорытындысының ақиқаттылығын жоғарылатуға үміттенді.

*Тергеуші-стажердің әрекеті заңды па?*

## **ХАТТАМА**

### **Тану үшін көрсету туралы**

Тану үшін жүргізілген күні. Тану үшін жүргізілген жердің атауы. Тану үшін жүргізген лауазымды тұлғаның (аты-жөні, тегі, қызметі, жұмыс орны, шендік атағы немесе әскери шені) тану үшін жүргізілген ҚДЖК-нің бабына сәйкес сілтеме беру.

Тану үшін тануға қатысушы тұлғалар: куәгерлер( аты-жөні, тегі, мекенжайы); танушы адам (тегі, аты-жөнімен көрсетілген, кімнің іске қатыстылығы мақсатында); тану объектісі ( егер тірі адам көрсетілген болса, яғни оның тегі, аты-жөні, негізгі сыртқы келбеті, киіміне қысқаша мінездемесі іс бойынша өтетін, егер мәйіт танылатын болса, яғни оның жынысын, орта жасын, сыртқы келбетінің ерекшеліктері, киімі, қайда және қашан табылғаны көрсетіледі, егер бөлігі немесе мәйіттің бөлігі болса, онда олардың аты және айрықша белгілерінің ерекшеліктері беріледі, қайда және қашан табылғаны көрсетіледі; егер зат болса, оның негізгі белгілерін көрсетеді; егер жануар болса, онда оның түрі, жасы, айрықша ерекшеліктері т.б. көрсетіледі; дублерлер: (тегі, аты-жөні, мекен-жайы, жалпы сыртқы келбеті, киіміне қысқаша сипаттама); кескінделетін заттың негізгі белгілері.

Тану үшін қатысушы тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

Тану үшін жүргізілетін қылмыстық істің жағдайы мен атауы.

Тану қай уақытта, ауа райының қандай жағдайында, қай жерде жүргізілді?

Тану объектісінің орналасқан жерін, сондай-ақ тану үшін жүргізілген кезеңдегі дублердің басқа да әрекеттерін сипаттау.

Танушыға (егер ол іске қатысты куә болса) жалған мәліметтер берген үшін жауапкершілік пен берген көрсеткішінен бас тарту құқықтары ескертіледі.

Танитың объектісінің негізінде танитын белгілердің нұсқауы мен толық көрсеткіштер жазбасы.

Тану нәтижелерін фотосуретке түсірудің техникалық сипаттамасы.

Тану үшін қатысушы тұлғалардың арызы мен қолы.

## **ХАТТАМА**

### **Тану үшін көрсету туралы**

10 маусым 1998 ж.

Семей қаласы

Семей қаласының ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Караваев өзінің қызметтік бөлмесінде ҚДЖК-нің 228-бабын сақтай отырып, куәгерлер ретінде: 1. М.Ф.Ладынин, Семей қаласы, Жуковский көшесі 5-ші үйдің, 4-ші пәтер тұрғыны; 2. А.Н.Тютюшинаның, Жуковский көшесі 5-ші үйдің, 8-ші пәтер тұрғынының қатысуымен, Ф.И.Ивановичті, А.С.Генкинке тану үшін көрсетті. Дублер ретінде: 1. Завертаев Петр Иванович, 1970 ж туылған; 2. Петровский Виктор Гордеевич, 1969 жылы туылған азаматтар қатысты.

Тану үшін көрсету табиғи жарық жерде жүргізілді. 1) Федулов Иван Иванович 1969 жылы туылған, қара шашты, бойы 176 см, жағасы қайырылған ақ көйлек, шалбары қою-көк түсті және аяқ киімі қара түсті киінген; 2) Завертаев Петр Иванович, қоңыр-қара шашты, бойы 178 см, ақ көйлек, қара шалбар, қоңыр етік киінген. 3) Петровский Виктор Гордеевич, қара шашты, бойы 176 см, бозсары көйлек, қара шалбар және қара етік киінген. Федулов, Завертаев және Петровский қабырға бойымен тұрды. Танушы азамат Генкиннің аты, тегі аталып, шақырылды.

Генкинге жалған мәліметтер бергені үшін жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескертілді. Қалған қатысушыларға құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Генкин көрсетілген тұлғалардың ішінде Петровский Виктор Гордеевичты нұсқады және көрсетті: «Бұл адам менің үйіме бір-ақ рет келген емес, Генкин менің Алена атты студент қызымның жақсы танысы, бірақ өзін қалалық сұқұбырының инженері Павловский Витольд деп таныстырды». Бұл адамның бойынан, қара бұйра шашынан, қысыңқы көзінен, маңдайдың қасқа дейінгі аралығы жоғары, дөңес мұрынды, еріннің жоғарғы жағындағы тыртығы, сол қолының шынашағының болмауы арқылы танымын.

Сондай-ақ бұл адамның киіміндегі жамалған шалбары мен сол балағындағы қайырылған жамау ерекшелігі бойыншада танымын. Тану аяқталысымен қабырғаға бойлап тұрған, яғни Генкинге көрсетілген барлық танылушылардың бет-пішіні фотосуретке түсірілді.

Солдан оңға карай: Федулов И.И., Завертаев П.Н., Петровский В.Г.

Оң жағындағы үшіншісі Петровский өзі шықты.

Куәгерлер мен қатысушылардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

Төмендегілерді ескеріп, тану туралы хаттама толтырылды.

Танушы: Генкин А.С.

Танылған: Петровский В.Г.

Куәгерлер: Ладынин М.Ф., Тютюшина А.Н.

Дублер: Федулов И.И., Завертаев П.И.

ІБ тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция капитаны: Караваев Н.Н.

## **ХАТТАМА**

### **Тану үшін көрсету туралы**

Алматы облысы

9 қыркүйек 1998 жылы

Алматы облысы ІБ ТБ тергеушісі Исеноманов Б.А., ағымдағы жылдың 9-шы шілдедегі жоғалу туралы азаматша Диванова Вера Сергеевнаның арызын қабылдады. Оның күйеуі Диванов Игнатий Александрович, 46 жаста және ескере отырып, п. Шұбарқұдықтан 15 км жерде ер адамның мәйіті табылды. Аталған белгілері мен киімдері, Диванова В.С-ның 9-ші қыркүйектегі жауабында сипаттаған, жоғалған киімдері мен белгілеріне ұқсас (бет-әлпетінің дұрыстығы, шашы ақшыл-сарылау, ұзын бойлы, дене бітімі арықша, иегінде меңі, сол қырында жұлдызша тыртығы) бар. 16 сағат 30 минутта Совхоз ауруханасының мәйітханасында ҚР ҚДЖК-нің 228-бабының талаптарын сақтай отырып, куәгерлер: Шұбарқұдық поселкесі, Абай көшесі 3-үйдің тұрғыны Шакинов Исмағұл, Абай көшесі 5-үйдің тұрғыны Гизатов Шахир Ахметжановичты қатыстырып, Шұбарқұдық ауданында табылған, белгісіз ер адамның мәйітін Диванова Вера Сергеевнаға көрсетті.

Танылған мәйіт секциондық үстелдің үстінде киімсіз және

ақжаймамен жабулы жатты. Тану алдында тергеуші мен аурухана хирургі мәйітті (бегін жуды, шашын тарады, көзін мақталы шариктің көмегімен ашты, төменгі салбыраңқы жақты байлады) жуды. Мәйіттің маңындағы орындықтың үстінде оның киімдері жайылып қойылды: пиджагы, шалбары, ішкімі, көйлегі, нәскиі, аяқ-киімі.

Жалған мәлімет беру туралы азаматша Диванованың қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескертілді. Барлық қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Көрсетілген мәйіттің түрі мен денесі, сондай-ақ оның киімдерін карап, азаматша Диванова мәлімдеді: “Маған көрсетілген мәйіт, мен өзімнің күйеуім Диванов Игнатий Александрович. Оның бет-әлпеті бойынша, ақшыл-сары шаштары, ұзын бойы, арықша денелі және ерекше белгілері бойынша: иегіндегі меңі, жамбас сүйегінің жоғарғы сол жағындағы жарықшақты жарақатынан қалған жұлдыз тәріздес пішінді тыртығынан танымын ”

Төмендегі көрсетілген белгілер бойынша күйеуім үйден шығып кеткен:

1) күртешесі – материал түсі, фасоны, розмірі бойынша және оң жеңіндегі жасалған өзіндік жамауы бойынша;

2) шалбары – материал түсі, фасоны, розмірі бойынша;

3) ішкі киімі – материал түсі және көлемі бойынша;

4) көйлегі – түсі, материал сапасы мен розмірі бойынша;

5) аяқ киімі – түсі, розмірі және аяқ-киімнің сол жағындағы «союзы правовой кеды» резинадан жабыстырылған, сол кезде күйеуім жабыстырып жатқанында болған едім.

Куәгерлерден, қатысушылардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

Аталғандарды ескере отырып, осы хаттама толтырылды.

Танушы: Диванова В.С.

Куәгерлер: Шакенов И., Гизатов Ш.А.

Алматы облысы ПБ ТБ тергеушісі: Исеноманов Б.А.

## **ХАТТАМА**

**айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау туралы**

11 қазан 2010 ж.

Алматы қаласы

«13» сағат «10» минутта басталып, «15» сағат «00» минутта аяқталды.

Алматы қалалық ПД-нің тергеу басқармасының тергеушісі,

полиция майоры Н.Ахметов, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 203, 238-баптарының талаптарына сәйкес, төмендегі аталған куәгерлердің қатысуымен:

1. Марат Еркебұлан Маратұлы, 1988 ж.т., мекен жайы: Алматы қаласы Салтыкова көшесі, №12/3 пәтер;

2. Тұрлыбеков Дастан Бақытұлы, 1987 ж.т., мекенжайы: Алматы қаласы Жандосов көшесі, 124 үй тұрғыны, қатысуымен қылмыстық іс бойынша сезікті Исжанов Данабек Сейдуллаевич өз еркімен оқиға болған жерді көрсету туралы ерік білдірген соң, осы тергеу әрекетін жүргіздім.

Д.Исжанов \_\_\_\_\_

Сонымен қатар, тергеу әрекетіне сезікті Д. Исжанов қорғаушысы Аукенбаев А. қатысуымен және де сарапшы-криминалист ретінде Алматы қалалық ІІД-нің криминалдық тексеру басқармасының сарапшы-криминалисті А.А.Нұрахметованың қатысуымен жүргізілді.

Тергеу әрекеті басталмас бұрын куәгерлерге ҚР ҚІЖК-нің 86-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Куәгерлер: 1. Марат Еркебұлан Маратұлы \_\_\_\_\_

2. Тұрлыбеков Дастан Бақытұлы \_\_\_\_\_

Сонымен қатар, сарапшы-криминалист А.А.Нұрахметоваға ҚР ҚІЖК-нің 83-бабының 3, 4 тармағында көрсетілген құқықтары мен міндеттері және оның қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы ескертілді. А.А.Нұрахметова \_\_\_\_\_/

Оқиға болған жерде көрсетпелерді тексеру мен нақтылау тергеу әрекеті кезінде мына төмендегі жағдайлар анықталды: алдымен сезікті Исжанов Д. өзінің 2008 жылы қазан айының 27-нен 28-не қараған түні Алматы қаласының Саин көшесі мен Райымбек көшелерінің қиылысындағы жанармай бекетіне қарақшылық жасағанын толығымен куәгерлердің көзінше мойындап, қылмысты қалай жасағанын өз еркімен көрсетуге тілек білдіріп, Алматы қалалық ІІД ғимараты алдынан «Газель» маркалы қызметтік автокөлікке отырып, Масанчи көшесі, Райымбек көшесі мен Саин көшесінің қиылысына қарай жүруін сұрады. Аталған көшелердің қиылысына келген уақытта Райымбек көшесінің бойындағы үлкен көпірден өтіп барып, Райымбек көшесінің оң жағында «АР Мұнай» жанармай бекетінің қасына барып, машинаның тоқтауын сұрады. Осы жерден машинадан түсіп «АР Мұнай» жанармай бекетінің артқы



жағындағы есігін көрсетіп, осы есіктен ішіне кіріп, ішінде отырған екі күзетшіні және оператор қызды өздерімен бірге алып барған ойыншық қарумен қорқытып, сол жерде 8500 теңге ақшаны және сол жерден күзетшінің дубинкасын тартып алып кеткені туралы айтып көрсетті. Сонымен қатар жанармай бекетінің ішінен шығып Райымбек көшесімен жоғарылап кетіп қалғандарын көрсетті.

Тергеу әрекетін жүргізу кезінде тергеу әрекеттері «Canon» фотоаппаратына суретке түсірілді.

---

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылды, қатысушылардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

Куәгерлер

Е.М.Марат

Д.Б.Тұрлыбеков

Сезікті:

Д.Исжанов

Қорғаушы:

А.Аукенбаев

Маман-криминалист:

А.А.Нұрахметова

Алматы қалалық ПД-нің  
тергеу басқармасының тергеушісі,  
полиция майоры:

Н.Ахметов

### **Студенттің өзін-өзі бақылауға арналған тест сұрақтары:**

*1. Тану үшін көрсету – бұл:*

- 1) адамның сырт – келбетін зерттеу
- 2) материалды бейнедегі объектілерді теңдестіру
- 3) ойдағы бейнемен идентификациялау
- 4) тәжірибелі әрекет
- 5) іздестіру шаралары

*2. Тану үшін көрсетуге болмайтын объектілер:*

- 1) тірі адам
- 2) мәйіт немесе оның бөлшектері
- 3) заттар, киімдер
- 4) жер учаскелері, тұрғынжайлар
- 5) заттардың суреттелінген белгілері

*3. Қандай заттар тану үшін көрсетуге жатпайды:*

- 1) нөмірлі белгісі бар заттар

- 2) үй-іші тұрмысында ұсталатын заттар
- 3) заттар, жиһаздар
- 4) бұрын қолданылған заттар
- 5) киім-кешек

4. *Тану үшін көрсетуге дайындық жұмысын жүргізуге кірмейді:*

- 1) танушы адамнан жауап алу
- 2) дублер – объектіні іріктеу
- 3) танушы адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- 4) айғақтарды таңдап алу
- 5) тану үшін көрсету

5. *Қандай белгілер бойынша тану жүргізу мүмкін емес:*

- 1) жалпы белгілері бойынша
- 2) жеке белгілері бойынша
- 3) динамикалық белгілері бойынша
- 4) сыртқы түрінің жалпы және жеке белгілері бойынша
- 5) бетіндегі тыртықтың болуы

6. *Тірі адамды тану үшін көрсету кезінде төмендегілердің қайсысын қолдануға болмайды:*

- 1) бойы, шашының түсі және т.б. бірдей дублер таңдап алу
- 2) танылатын адам тергеуші көрсеткен орында тұрады
- 3) танылатын адам тұратын орнын өзі таңдап алады
- 4) танылатын адам танушы адамды көрмеуге тиіс
- 5) куәгерлерді таңдап алу

7. *Тану үшін көрсетудің тактикасына және процессуалдық ережесіне жатпайды:*

- 1) тану кезектілігін сақтау
- 2) танушыдан жауап алу
- 3) екі дублердің ұқсас болуы (объектінің танылатын объектіге)
- 4) әрекеттің орнын, уақытын анықтау
- 5) әрекетті бірнеше рет қайталау

8. *Тану үшін көрсетудің процессуалдық ережесі:*

- 1) танылатын адамдар бір қатарда тұруы қажет
- 2) танылатын адамдардың барлығы отыруы қажет

- 3) барлығы бас киімсіз болуы қажет
- 4) танылатын адам қатардың кез келген жерінде тұруға құқығы бар
- 5) тергеуші танылатын адамға тұратын орнын көрсетеді

9. *Тануға ұсыну тергеу әрекетінің мәні неде:*

- 1) ойдағы бейнемен идентификациялау
- 2) материалдық іздерді табу және бекіту
- 3) жауап алу
- 4) объектілердің морфологиясын зерттеу
- 5) тәжірибелі іс әрекет жүргізу

10. *Танудың негізіне кіретін анатомиялық белгілер:*

- 1) жүрісі
- 2) жестикуляция (қол сермеп сөйлеу)
- 3) мимика
- 4) дене бітімі
- 5) дауысы

11. *Мына объектілердің қайсысын тану үшін біреуін ғана ұсынады:*

- 1) тон (шуба)
- 2) магнитофон
- 3) мәйіт
- 4) компьютер
- 5) адам

12. *Тану үшін көрсететін адамның сыртқы келбетін қалпына келтіру үшін, тану үшін көрсетуге дайындық кезеңінде жүзеге асыру мүмкін бе:*

- 1) қырынуды ұсыну
- 2) жасанды шаш пайдалану
- 3) қабылдау кезіне сәйкес келетін күртеше кию, бас киім немес басқа да киімдер
- 4) шашын бұрынғы бояуына қайта бояу
- 5) жоғарыда аталғандардың барлығын жүзеге асыруға болады

13. *Тану үшін көрсету қандай нысанда жүзеге асырылмайды:*

- 1) сыртқы пішіні бойынша
- 2) дауысы бойынша

- 3) жүрісі бойынша
- 4) суреті бойынша
- 5) субъективті портреті бойынша

*14. Сыртқы келбеті бойынша таныту нәтижесіне қандай фактор әсер етуі мүмкін:*

- 1) танытуға ұсынатын кезде танылушының сақал-мұртының болмауы
- 2) қабылдау кезінде танылушының киімінің сәйкес келмеуі
- 3) танылушымен пластикалық операция жасалған ба?
- 4) шашының өзгеруі
- 5) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

*15. Тану үшін көрсету кезінде идентификацияны жүзеге асырады:*

- 1) тергеуші
- 2) прокурор
- 3) қорғаушы
- 4) куәгер
- 5) жәбірленуші

*16. Тану үшін көрсету кезінде идентификацияны жүзеге асырады:*

- 1) анықтаушы
- 2) жедел-іздістіру қызметкері
- 3) сарапшы
- 4) куә
- 5) учаскелік инспектор

*17. Тану үшін көрсету кезінде идентификацияны жүзеге асырады:*

- 1) мамандар
- 2) айыпталушы
- 3) тергеуші
- 4) танушы
- 5) қорғаушы

*18. Дауыс арқылы тану үшін көрсетудің дайындық сатысына кірмейді:*

- 1) дауыс ерекшелігін анықтау үшін танушыдан жауап алу

- 2) қатысушыларды дайындау
- 3) оқу үшін мәтін құрастыру
- 4) статистерді анатомиялық белгілері бойынша таңдау
- 5) куәгерлерді таңдау

*19. Тану үшін көрсетудің жұмыс сатысына кіреді:*

- 1) қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
- 2) танылушыға танылатын жерді өзінің таңдауын ұсыну
- 3) танылушыға қылмыстық жауапкершілік туралы ескерту
- 4) танылушыны телефоны бар көрші бөлмеге орналастыру
- 5) танушыға өзі таныған белгілерін айтып беруді ұсыну

*20. Тану үшін көрсетудің жұмыс сатысына кіреді:*

- 1) затты және оның дублерын нөмерлеп қою
- 2) куәгерге оларды орналастыруды ұсыну
- 3) танушыдан заттың белгілері туралы жауап алу
- 4) затты қайта орналастыруды жүзеге асыру
- 5) затты және дублерды зейін қойып қарауды ұсыну

*21. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тактикасына кірмейді:*

- 1) жауап берушіден келісім алынуы керек
- 2) көрсетулерде айтылған бағыт пен орын өздігімен көрсетіледі
- 3) бөгде адамдардың араласуына жол берілмейді
- 4) бағдар беретін сұрақтар қоюға болмайды
- 5) тексеретін жерде қайта құру жасалынады

*22. Іс үшін маңызы бар мән-жайларды тексеру және нақтылау мақсатымен жүргізілетін тәжірибелер қандай тергеу әрекетін құрайды?*

- 1) эксперттік эксперимент
- 2) оқиға болған жерді қарау
- 3) тергеу эксперименті
- 4) айғақты оқиға болған жерде тексеру
- 5) тінту

*23. Айғақтарды оқиға болған жерде тексерудің мақсаты:*

- 1) тәжірибелі тексеріс әрекеттерін жүргізу
- 2) қылмыс болған жердің жағдайын зерттеу және бекіту

- 3) жауап алынған адамдардың айғақтарын оқиға болған жердегі жағдайлармен сәйкестендіру және зерттеу
- 4) айғақты заттарды табу және бекіту
- 5) барлығы жатады

*24. Айғақты оқиға болған жерде тексеру тактикасына кірмейді:*

- 1) жауап берушіден келісім алу
- 2) айғақтардағы айтылған бағыт пен орны өздігімен көрсетіледі
- 3) бөтен адамдардың орналасуына жол берілмейді
- 4) бағдар беретін сұрақтар қоюға болмайды
- 5) тексерілетін жерде қайта құру жасалынады

*25. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау:*

- 1) объектілерді теңдестіру
- 2) оқиға болған жердің жағдайын қайта жаңғырту
- 3) оқиға болған жерді білетінін анықтау
- 4) айғақтың шындыққа сәйкес екенін тексеру
- 5) оқиға болған жерді тану

*26. Айғақты оқиға болған жерде тексеру тактикасына кірмейді:*

- 1) оқиға болған жермен алдын ала танысу
- 2) қатысушы топ құрамын таңдау
- 3) бекіту құралын таңдау
- 4) қауіпсіздік шараларын қолдану
- 5) тәжірибелі әрекет жүргізу

*27. Айғақты оқиға болған жерде тексеру қорытындысының дұрыстығын жоққа шығаратын жағдай:*

- 1) тергеуші қозғалыс бағытын анықтайды
- 2) айғағы тексерілетін адам басқа қатысушылардың ең алдында жүреді
- 3) ұйымдастыру мәселесін тергеуші шешеді
- 4) айғақты тексеру үстінде тергеуші, анықтаушы сұрақтар қояды
- 5) айғақты оқиға болған жерде тексеру жүргізу кезінде куәгерлер қатысады

*28. Жәбірленуші мен куәлардың айғақтарын қайта жаңғырту кезінде қолданылмайтын әдіс-тәсіл:*

- 1) айғақтарды нақтылау
- 2) оқиға болған жерде жауап алу
- 3) дәлелдемелер көрсету

- 4) көрнекі құралдарды көрсету
- 5) оқиға болған жерде айғақтарды тексеру

*29. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың оқиға болған жерді тексеруден айырмашылығы:*

- 1) куәгерлердің қатысуында
- 2) маман-криминалистердің қатысуында
- 3) ғылыми-техникалық құралдарды қолдануда
- 4) жауап беріп отырған тұлғаның айғақтары оқиға болған жерде тексерілуінде
- 5) тергеу әрекетін жүргізу хаттамасын толтыруда

*30. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың жауап алудан айырмашылығы:*

- 1) маманның қатысуында
- 2) жағдайды қайта жаңғырту мен қалпына келтіруде
- 3) өзінің жауаптарын түсіндіруде
- 4) алдын ала жауап алуда
- 5) айғақ беру кезінде куәгерлердің қатысуында

*31. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау және оқиға болған жерді тексеру арасындағы ұқсастық:*

- 1) тәжірибелі әрекеттің бірнеше рет қайталанып жүргізілуінде
- 2) міндетті түрде алдын ала жауап алуда
- 3) жағдайды қайта жаңғыртуда
- 4) айғағы тексерілетін тұлғаның бағытты көрсетуінде
- 5) әрекет жүргізілетін жердегі қылмыс іздерін табу, бекіту және алу мүмкіндігінде

*32. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау және жауап алу арасындағы ұқсастық:*

- 1) айғағы тексерілетін тұлға өз әрекетін жариялауында
- 2) тергеу әрекетіне қатысушының міндетті келісімінде
- 3) әрекет жүргізілетін жердің жағдайын қайта жаңғыртуда
- 4) әрекет жүргізілетін жерде, ауызша жауап берілуінде
- 5) куәгерлердің қатысуында

*33. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау және тергеу эксперименті арасындағы ұқсастық:*

- 1) әрекетті бірнеше рет қайталауда

- 2) тексерілетін жердің жағдайын қайта жаңғыртуда
- 3) айғағы тексерілетін тұлғаның міндетті түрде қатысуында
- 4) белгілі бір іс-қимылды бейнелеп көрсетуінде
- 5) қарау кезінде тексерілетін аумақтан іздерді табуда

*34. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың оқиға болған жерді қараудан айырмашылығы:*

- 1) куәгерлердің қатысуында
- 2) жауабы тексеріліп отырған тұлғаның көрсеткен аумағын тексеруде
- 3) тергеу әрекетін жүргізу барысын бекітуде
- 4) криминалист-маманмен бірігіп қарау жүргізуде
- 5) жауабы тексеріліп отырған тұлғаның әрекетін қайта қайталауда

*35. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың, оқиға болған жерді қараудан айырмашылығы:*

- 1) екі куәгердің қатысуында
- 2) айғақ тексерілетін жердегі жағдайды бекітуде
- 3) айғағы тексерілетін тұлғадан алдын ала жауап алуда
- 4) криминалист-маманның қатысуында
- 5) топ құрамына жедел-ізвестіру қызметкерін қосуда

*36. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау және тергеу эксперименті арасындағы айырмашылық:*

- 1) тұлғадан алдын ала жауап алуда
- 2) қатысушылардың өз еркімен тергеу әрекетіне қатысуында
- 3) тәжірибелі әрекетті жасауда
- 4) тергеу әрекетінің нәтижелерін бекітуде
- 5) тергеу әрекетін жүргізетін жерге қайта жаңғырту жағдайларын жасау керек емес

*37. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау және оқиға болған жерде жауап алудың арасындағы айырмашылық:*

- 1) екі куәгердің қатысуында
- 2) алдын ала жауап алынуда
- 3) тергеу әрекетін жүргізуге келісім беруінде
- 4) барлық әрекеттердің қайта жүргізілуінде
- 5) жоғарыда аталғандардың барлығы



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1-тақырып. Қриминалистік тактиканың түсінігі және жалпы ережелері.....	5
2-тақырып. Тергеу-қарауының тактикасы.....	11
3-тақырып. Тінту және алу тактикасы .....	35
4-тақырып. Жауап алу және беттестіру тактикасы .....	53
5-тақырып. Тергеу экспериментінің тактикасы.....	82
6-тақырып. Тану үшін көрсету, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тактикасы.....	96

Оқу басылымы

Тапалова Роза Баишқызы  
Найманова Гульмира Хасеновна  
Темірболат Нұрайша Серікқалиқызы  
Арын Айжан Арынқызы

## **КРИМИНАЛИСТІК ТАКТИКА**

*Оқу-тәжірибелік құралы*

Редакторы *Шаргул Биекеева*  
Компьютерде беттеген *Тұраш Сапарова*  
Мұқабасын көркемдеген *Ринат Скаков*

**ИБ № 7335**

Басуға 14.07.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 7,125 б.т.  
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1092. Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды